



# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2017



“ 95 жыл бойы  
тұрақты даму ”



# МАЗМҰНЫ

1. Негізгі көрсеткіштер	2
2. Негізгі оқиғалар	6
3. Директорлар кеңесі төрағасының жолдауы	8
4. Басқарма төрағасының жолдауы	10
5. Компания туралы	12
6. Стратегиялық есеп	16
7. Корпоративтік басқару	36
8. Тәуекелдерді басқару	56
9. Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы есеп	60
10. Қаржылық есебі	74
11. Байланыс деректері	112

2017 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің 95-жылдығын атап өтті. Компания тарихының ресми санағы 1922 жылдан бері – Доссор және Мақат кен орындарын игеруге арналған «Ембімұнай» трестінің құрылған сәтінен басталады. Ұзақ әрі даңқты тарих жылдары «Ембіде» геологиялық зерттеулер мен мұнай өндіру теориясы мен практикасында үлкен көлемдегі ақпарат, орасан зор тәжірибе жинақталды, дарынды қазақстандық мұнайшылар мен басшылардың жаңа буыны өсті.

«Ембімұнайгаз» АҚ бүгінде – геологиялық барлау, мұнай-газ кен орындарын өңдеу, мұнай мен газды өндіру және әзірлеумен айналысатын, болашағы зор заманауи мұнай компаниясы. Алдымызда – ресурстық қорларды кеңейту бойынша үлкен жоспарлар, жаңа бағыттарды дамыту, терең ұңғымаларды бұрғылау және басқа да көптеген жобалар күтіп тұр, оларды біздің ынтымақты ұжымымыз бен кәсіби мамандарымыз сәтті жүзеге асыратындығына сенімдімін!

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы **Ануар Жаксыбеков**





# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР



# 95 жыл



**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Мұнай өндіру



**2 840,02**  
МЫҢ ТОННА

Ақшалай түсім



**309,75**  
млрд тг

Таза пайда



**56,12**  
млрд тг

EBITDA



**95,604**  
млрд тг

Күрделі қаржы салымдары



**38,05**  
млрд тг

Еркін ақша ағыны




**39,89**  
млрд тг




# Негізгі көрсеткіштер




АҚШАЛАЙ ТҮСІМ  
млн теңге




МҰНАЙ ӨНДІРУ  
мың тонна



ТАЗА ПАЙДА  
млн теңге



ЕВITDA  
млн теңге








# 95 ЖЫЛ




**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ


## КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ САЛЫМДАРЫ млн теңге



## ЕРКІН АҚША АҒЫНЫ млн теңге



## ЛИФТИНГ



□ Үлестік лифтинг (өндірістік) шығындар, теңге/тонна

■ Үлестік лифтинг (өндірістік) шығындар, доллар/барр. (оң шкала)



# Негізгі оқиғалар 2017



Компания Прорва кен орындары тобында газды кешенді дайындау қондырғысын іске қосты. Жоба «Ембімұнайгаз» АҚ ілеспе мұнай газын кәдеге жарату бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Осы қондырғының арқасында, ЕМГ АҚ газды алау етіп жағуды барынша азайтты. Қондырғыда қолданылатын газ тазалау технологиясы экологиялық зиянсыз, құрамында улы химикаттары жоқ, зиянды жанама қалдықтар қалыптастырмайды және күкіртті сутекті жоюдың өте жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.



2017 жылы өткізілген қайырымдылық, спорттық және мәдени шаралар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі – «Ембімұнайгаз», «Ембі», Компания, «ЕМГ» АҚ) 95-жылдығына арналды.

Компания полимерлердің сулы ерітінділерін жер қабатына айдау бойынша жобаны кеңейтеді. Полимерлердің сулы ерітінділері айналатын тағы төрт ұңғыманы қосымша енгізу ағымдағы мұнай өндіру деңгейінің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Келешекте осы жобаның негізінде басқа ұқсас кен орындарында технологиялардың таралымын көбейту жоспарланып отыр.

ЕМГ АҚ-да жаңа басшы сайланды. ЕМГ АҚ Директорлар Кеңесінің (бұдан әрі – ДК) шешімімен 2017 жылғы 24 сәуірден бастап Компанияның Басқарма төрағасы болып Әнуар Еркінұлы Жақсыбеков сайланды. Әнуар Еркінұлы мамандығы бойынша геолог, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның геология департаментін басқарған, өз мамандығы бойынша үлкен тәжірибе жинақтаған. Компания басшысы қызметіне геологтың тағайындалуы геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және жаңа активтер сатып алу есебінен ресурстық қорды нығайту қазіргі кезде ЕМГ АҚ үшін маңызды бағытқа айналғандығымен байланысты.

ЕМГ АҚ-да еңбек сіңірген мұнайшы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Б.Сағынғалиевтің 90-жылдық мерейтойына орайластырылған салтанатты іс-шаралар өтті. Солтүстік Каспий маңындағы кен орындарының ашылу тарихы, ірі алаңдарда, соның ішінде Теңіз кен орнында мұнай өндірісінің басталуы Б.Сағынғалиевтің есімімен байланысты. Бөлекбай Сағынғалиұлы Сағынғалиев Ембі мұнайшыларының жұмысы мен тұрмыс жағдайларын жақсартуға көп үлес қосты.





# 95 ЖЫЛ



**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Цифрлы кен орны» жобасы Ресейдегі мұнай-газ саласының IT-жобалары арасында үздік болып танылды. 2017 жылғы 14 қыркүйекте Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қ., А.С. Попов атындағы Орталық байланыс мұражайында «Мұнай-газ саласындағы 10 үздік IT-жоба» IX Бүкілресейлік конкурсының марапаттау салтанаты өтті. Беделді қазылар алқасының бірауыздан қабылданған шешімімен «Ембімұнайгаз» АҚ жобасы «Цифрлы кен орны» номинациясында үздік болып танылды.

**Лучшие 10 IT-проектов  
для нефтегазовой отрасли**

14 сентября 2017 г.  
Центральный музей связи имени А.  
С. Попова, Санкт-Петербург, Пентагонская



«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері «Жыл адамы» жыл сайынғы жалпы қалалық конкурсында екі номинацияға лайық деп танылды. «Үздік өндірісші – 2017» номинациясында жеңімпаз болып «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының жөндеушісі Дархан Жанабаев танылған. «Үздік жастар комитеті – 2017» номинациясының жеңімпаз болып ЕМГ АҚ Жас мамандар кеңесі танылған.

Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне ҚҚС қайтару бойынша тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша 2017 жылдың екінші тоқсанында 4 033 млн теңге (12 986 мың АҚШ доллары) және төртінші тоқсанда 4 228 млн теңге (12 708 мың АҚШ доллары) көлемінде ҚҚС қайтарулы туралы оң шешімнің қабылдануы едәуір әсер етті.



«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы 25-ші мерейтойлық халықаралық көрмеге және «Мұнай және Газ» – KIOGE 2017 конференциясына қатысты.



Атырауда «Ембімұнайгаз» АҚ базасында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз» БӨ) АҚ, ҚМГ БӨ) ауқымында мерейтойлық, бесінші «Жас маман күні» өтті. «Жас маман күні» барысында төрт секцияда жобалық жұмыстардың дәстүрлі конкурсы өтті: «Геология және кен орындарын барлау», «Мұнай мен газ өндіру техникасы және технологиясы», «Экономика» және «Өндірістік үдерісті, энергетика мен ТПАБЖ-ін жақсарту». Конкурста ҚМГ БӨ еншілес мекемелерден 39 жас қызметкер қатысты.

**ЕСҚАЗИЕВ**  
**Құрманғазы**  
**Орынғазыұлы**  
«Ембімұнайгаз» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
төрағасы



---

«Ембімұнайгаз» АҚ Қазақстанның  
мұнай-газ өнеркәсібінің  
негізін салушы және Атырау  
облысындағы қала құрушы  
кәсіпорын болып табылады.

---





«Ембімұнайгаз» АҚ Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінің негізін салушы және Атырау облысындағы қала құрушы кәсіпорын болып табылады. Ғасырға таяу тарихының қалыптасуы барысында дәстүрді ұстану, еңбек әулеті және өндірістік процеске жанашырлық қашан да Компанияның мықты тұстары қатарынан болды. Сондықтан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобында дәл осы «Ембі» кәсіпорнының жаңа жобаларды іске асырып, жаңа технологияларды ендіруде алғашқылар қатарында болуы әбден орынды.

«Ембі» мұнай базасында соңғы жылдары шығындарды оңтайландыру және өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру бойынша жобалар мақұлданып, бүгінде сәтті іске асырылуда. Атап айтқанда, «Цифрлы кен орны» тұжырымдамасын ендіру, «материалдық-техникалық қамсыздандыруды оңтайландыру, жабдыққа техникалық күтім жасау және жөндеу, көлікпен қамтамасыз ету, бизнес-үдерістерді қолайландыру, екі жақты оқыту жүйесін енгізу, «газ» бағытын дамыту және т.б. Егер бұрын ембілік мамандардың назары жекелеген бағыттардың ыңғайсыз тұстарын анықтауға бағытталған болса, енді Компанияда жалпы қызметті жетілдіру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда.

2017 жылы Компания өндірістік бағдарламаны тиімді іске асырды. Атап айтқанда, өндірістік қызметті оңтайландыру мақсатында, Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша 2016 жылдың соңынан бастап Компанияда келесі күнтізбелік жылға арналған тендерлерді ерте өткізу тәжірибесі енгізілді. Жөндеулер саны және жаңа ұңғымаларды енгізу, бұрғылау жұмыстарының пайдалылығы, қызметкерлерді оқыту, экономикалық және қаржылық қызметтің тиімділігін арттыру және көптеген басқа да мәселелер бойынша ақпаратты талдау нәтижелеріне қатысты ДК ұсыныстары назарға алынды.

Бүгінде «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесі мен топ-менеджменті басшылыққа алатын басты міндет – акционерлермен қойылған бизнес-міндеттердің тиімді іске асырылуын және ғасырлық тарихы бар кәсіпорын ұжымының одан әрі өркендеуін қамтамасыз ету!

**ЖАҚСЫБЕКОВ**  
**Әнуар Еркінұлы**  
«Ембімұнайгаз» АҚ  
Басқарма төрағасы



Ғасырға таяу тарихына қарамастан, бүгінде «Ембімұнайгаз» АҚ геологиялық барлауды, мұнай-газ кен орындарын өңдеуді, мұнай мен газды өндіру және дайындауды жүзеге асыратын болашағы зор заманауи мұнай компаниясы болып табылады. 2017 жылы Компания 2,8 млн тоннадан астам мұнай және шамамен 200 млн кубометр газ өндірді.

Бүгінгі таңда бес мың адамнан астам қызметкерлері бар ұжымымыз үшін ресурстық қордың орнын толтыру мәселесі басым болып тұр. Оны шешу үшін, ембілік мамандары бүгінде геологиялық барлау жұмыстарын белсенді әрі табысты жүргізіп, қорларды өсіру бойынша әртүрлі нұсқаларды қарастыруда.

Экологияның сақталуына қамқорлық ететін жауапты жер қойнауын пайдаланушы ретінде ЕМГ АҚ 2017 жылы ірі жобаны – Прорва кен орындары тобында қуаттылығы жылына 150 млн кубометр газды кешенді дайындау қондырғысын іске қосты. Жоба «Ембімұнайгаз» АҚ ілеспе мұнай газын кәдеге жарату бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Осы қондырғының арқасында, газды алау етіп жағу көлемі барынша азайтылды. Тауарлық газ енді коммерциялық негізде «Толқын» МӘК жеткізіледі. Осыған ұқсас қондырғылар бірнеше жыл бойына біздің «Жайықмұнайгаз» МГӨБ (Исатай ауданы) және «Доссормұнайгаз» МГӨБ (Мақат ауданы) өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келеді, ондағы кен орындарынан алынған газ жеңілдікті бағамен Атырау облысының үш ауданына жеткізіледі.



**2017 жылы Компания  
2,8 млн тоннадан  
астам мұнай және  
шамамен 200 млн  
кубометр газ өндірді.**



«Ембімұнайгаз» АҚ балансындағы кен орындары негізінен сарқылған, бұл өндіруді қарқындандырудың озық технологияларын қолдану бойынша міндетті өте өзекті етеді. Ал қазіргі төмен бағалар кезеңі шығындарды азайту мәселесіне мұқият қарауға мәжбүрлейді. Сондықтан соңғы жылдары Компания жаңа технологиялар мен жобаларды белсенді өндіруде. Солардың бірі – «Цифрлы кен орны» жобасын ерекше атап өтуге болады, бұл жоба 2016 жылы шағын Уаз кен орны негізінде іске қосылып, жақсы нәтижелер беріп келеді. 2017 жылы цифрлы кен орнының тұжырымдамасы Прорва кен орындары тобында табысты енгізілді. Ал ағымдағы 2018 жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ кен орындары тобында өндірілуде.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Цифрлы кен орны» тұжырымдамасы ресейлік «Мұнай-газ саласындағы 10 үздік IT-жоба» конкурсында бірінші орын алып, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді.

Мұнай өндіруді цифрландырумен қатар, Компанияда көлікпен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық қамсыздандыруды оңтайландыру, жабдыққа техникалық күтім жасау және жөндеу бойынша жобалар барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерде пилоттық режимде табысты іске асырылып, тираждалуда, бизнес-үдерістерді оңтайландыру жұмыстары өткізілуде.

Сонымен, қатар Компанияның топ-менеджменті таяудағы он жылға арналған Компанияның даму тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыстарды жүргізіп келеді. Бұл соңғы жылдары көмірсутек шикізаты нарығында қалыптасқан үрдістермен, мыңдаған қызметкерлердің тағдыры үшін жауапкершілікпен және бүгінде Компания алдында тұрған стратегиялық міндеттермен шартталады.

«Ембімұнайгаз» АҚ елдің экономикасын және Атырау облысының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосады. 2012 жылы акционерлік қоғамға қайта құрылған сәтінен бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін Компания өңір инфрақұрылымын дамытуға шамамен 2,3 млрд теңге көлемінде қаражат бөлді, республикалық және жергілікті бюджеттерге салық түрінде 695,6 млрд теңге төледі және демеушілік пен қайырымдылық шараларына 2,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлді.

Мұнайгаз саласының білікті мамандарын дайындау бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындау аясында Компания 2015 жылдан бері екі жақты оқыту жобасын іске асырып келеді. 2015–2017 жж. аралығында біздің өндірістік алаңдарымызда Атырау мұнай және газ университеті мен АРЕС PetroTechnic Жоғары колледжінің 69 түлегі тәжірибеден өтті. Арнайы тест сынағынан сәтті өткен 16-ы Компанияға жұмысқа орналастырылды.

Байқап отырғаныңыздай, бүгінде Компания алдында көптеген сын-тегеуріндер тұр және Компанияның топ-менеджменті мен мыңдаған қызметкерлер құрамы оларға қарсы тұру бағытында жүйелі әрі табысты жұмыс атқаруда. ЕМГ АҚ-да акционерлер қойған барлық бизнес-міндеттер жүзеге асырылып, ембілік қызметкерлерінің әлауқаты жақсарып, өндіріс көрсеткіші тұрақтанып, кәсіпорнымыздың даңқты тарихы жалғасын табатындығына сенімдіміз!

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



95 жыл



ЕмбіМұнайГаз

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«Ембімұнайгаз»  
АҚ өз қызметін  
ISO 9001, ISO 14001,  
OHSAS 18001,  
ISO 50001  
халықаралық  
стандарттарына  
сәйкес жүзеге  
асырады.




«Ембімұнайгаз» АҚ Қазақстан Республикасы үшін мұнай мен газ өндіреді және еңбек пен экологияны қорғау бойынша көрсеткіштерді, әлеуметтік жауапкершілікті және өңірдегі тұрақты дамуды жақсартатын отырып, елдің экономикасына және акционердің мүддесінде өз үлесін қосады.

Компания «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның еншілес кәсіпорны болып табылады.

Компания қызметінің негізгі бағыттары: геологиялық барлау, мұнай-газ кен орындарын өңдеу, мұнай мен газ өндіру және дайындау. Компания өндірілетін мұнайды экспортқа және ішкі нарыққа шығарады. Ішкі нарыққа мұнай ҚР мұнай өңдеу зауыттарына жеткізіледі. Экспортқа мұнай екі негізгі бағыт бойынша жеткізіледі: Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) және Өзен – Атырау – Самара (ӨАС) құбырлары бойынша. Тауарлық газ Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық операторы – «ҚазТрансГаз» АҚ арқылы сатылады.

«Ембімұнайгаз» АҚ құрамына Атырау қаласы мен Атырау облысының төрт ауданында орналасқан алты өндірістік құрылымдық бөлімшелер кіреді: «Доссормұнайгаз» МГӨБ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ, «Ембімұнайэнерго» басқармасы және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдыктармен комплектациялау» басқармасы (ӨТҚЖЖК).





**Компания  
қызметінің  
негізгі  
бағыттары:  
геологиялық  
барлау,  
мұнай-газ кен  
орындарын  
өңдеу, мұнай  
мен газ өндіру  
және дайындау.**


«Ембімұнайгаз» АҚ балансында А+В+С1 (геол/шығару) санаттары бойынша қалдық мұнай қорлары – 429 986 / 72 904 мың тонна немесе 35 млн тонна мұнайды (2Р) қамтитын 43 кен орны бар. Кен орындары қорларының орташа сарқылуы 70% құрайды.

«Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметін ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Компания тарихының ресми санағы 1922 жылдан бері – Доссор және Мақат кен орындарын игеруге арналған «Ембімұнай» трестінің құрылған сәтінен басталады. 2012 жылғы 1 қазанда «Ембімұнайгаз» сегіз жыл бойы өндірістік филиал болғаннан кейін, акционерлік қоғамға қайта құрылды.

**Компанияның шешім қабылдау барысындағы негізгі стратегиялық басымдықтары:**

1. Пайдалылық Компания жұмысының ажырамас шарты ретінде.
2. Әлеуметтік тұрақтылық. Қызметкерлерді ағымдағы және жаңа жобаларда ұтымды үйлестіру арқылы Компания қызметкерлерінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету.
3. Экология. Жер қойнауын ұтымды пайдалану және қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайту. Өндірісті өсіру барысында Компания экологияға жағымсыз әсерді азайтатын жаңа технологияларды ендіреді.
4. Энергиялық тиімділік. Жаңа және қолданыстағы жобалар бойынша технологияларды таңдау барысында Компания энергиялық тиімді технологиялардың қолданылуына басымдық береді.
5. Үдерістерді автоматтандыру. Еңбек өнімділігі мен өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыру.





# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП



95 жыл



Ембі Мұнай Газ

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ





**МӨЗ-да  
өңдеу көлемі  
2017 жылы  
14,9 млн  
тонна  
мұнайды  
құраған –  
2016 жылға  
қарағанда  
102,8%.**



## Экономикалық ортаға шолу

Қазақстан – бұл орасан зор, жылдам дамып келе жатқан мемлекет. Елдің аумағы 2,7 млн шаршы метрден асады, халқының саны – 18 млн адам. Мұнай-газ аудандары ел аумағының 60%-нан астамын алады. Қазақстанда 172 мұнай кен орындары орналасқан, ал қазақстандық мұнай қорлары дүниежүзіндегі дәлелденген қорлардың шамамен 1,8%-ын құрайды. Қазақстандық мұнай қорларының 90%-нан астамы 15 ірі мұнай кен орындарында шоғырланған.

ҚР ҰЭМ статистикасының деректері бойынша 2017 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында өндірілген жалпы ішкі өнімнің көлемі (оперативті деректер бойынша) 51,6 трлн теңгені құраған және алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғандағы шынайы көрінісінде 4%-ға артқан.

Компанияның қаржылық жағдайына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторларға мыналар жатады: мұнай бағасының серпіні, инфляция қарқыны, валюта бағамдарының, атап айтқанда теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының ауытқуы.

	2015	2016	2017	Ауытқу
Brent (DTD) орташа бағасы	52,39	43,73	54,192	24%
Инфляция деңгейі – Қазақстан (%)	13,60	8,50	7,10	-16
Орташа айырбастау бағамы (1 АҚШ долларына теңге)	222,25	341,76	326	-5%

2017 жылы дүниежүзілік нарықтарда жағымды конъюнктура байқалған. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы жылына 24%-ға өсті. ОПЕК+ елдерінің өндіруді шектеу туралы келісімі орташа мерзімді келешектегі маңызды жағымды факторға айналды. Сондай-ақ, Таяу Шығыстағы оқиғалар да өз рөлін ойнады.

ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша 2017 жылы Қазақстанда мұнай өндіру 86,2 млн тоннаны құраған – бұл 2016 жылмен салыстырғанда 110,5% және жоспармен салыстырғанда 102%. Соның ішінде үш ірі жоба бойынша: Қашаған – 8,3 млн тонна, ТШО – 28,7 млн тонна (2016 жылға қарағанда 104,1%) және Қарашығанақ – 12,5 млн тонна (2016 жылға қарағанда 109,5%). 2018 жылы 87 млн тонна мұнай өндіру жоспарланып отыр.

2017 жылы мұнай экспорты 69,8 млн тоннаға жетіп, 2016 жылға қарай 12,4%-ға ұлғайған. Қазақстандық мұнайдың негізгі жеткізілу бағыттары төмендегі кестеде келтірілген.

### 2017 жылы мұнай жеткізу бағыттары

Бағыт	Мың тонна	% 2016 жылға қарай
Атырау – Самара	15 368,0	106,9
Орынбор ГӨЗ	624,20	83
Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК)	49636,3	121,6
Атасу – Алашанькоу	2 291,0	74,6
Теңіз порты	1 192,3	54,3
Т/ж	670,0	75,4

МӨЗ-да өңдеу көлемі 2017 жылы 14,9 млн тонна мұнайды құраған – 2016 жылға қарағанда 102,8% және өткен жылғы жоспарға қарағанда 102,6%. 2018 жылы мұнай өңдеу көлемі 15,8 млн тонна деңгейінде жоспарланады.

Газ өндіру көлемі шамамен 52,9 млрд м<sup>3</sup> құраған – бұл 2016 жылға қарағанда 114% немесе 2017 жылғы жоспарға қарағанда 110% 2018 жылы газ өндіру жоспары – 53,4 млрд м<sup>3</sup>.



Республикадан газ экспорттау көлемі 17,3 млрд м<sup>3</sup> немесе 2016 жылға қарай 126,3% құраған. 2017 жылы қазақстандық газ алғаш рет Қытайға экспортталды. Жеткізілімдер көлемі 1,1 млрд м<sup>3</sup> құраған. 2018 жылы екі мемлекеттің экономикалық ынтымақтастығын кеңейтіп, газ экспортын 10 млрд м<sup>3</sup> дейін арттыру жоспарланып отыр.

2,9 млн тонна сұйылтылған газ (2016 жылға қарай 108,2%), тауарлық газ – 31,6 млрд м<sup>3</sup> (2016 жылға қарай 110,9%) өндірілген.

## Операциялық нәтижелер

### Мұнай өндіру

ЕМГ АҚ-ның 43 кен орны бойынша мұнай барлау және өндіру жөнінде келісімшарттары бар, соның ішінде 33 кен орны игерілу үстінде және 9 кен орны (Тәжіғали, Ескене, Доссор, Мақат, Төлес, Комсомол, Сағыз, Бекбике, Таңатар) консервацияланған, біреуі – тәжірибелік-өнеркәсіптік игерілу барысында.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша ұңғымаларды пайдалану қоры 2 237 ұңғыманы құрады, олардың ішінде 2 107 ұңғыма қолданыста, 65 ұңғыма қолданыстан шыққан, 60 ұңғыма жабылу алдында, 5 ұңғыма игерілу үстінде. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айдаушы ұңғымалардың пайдалану қоры 455 ұңғыманы құрады. Олардың ішінде 410 ұңғыма қолданыста, 37 ұңғыма қолданыстан шыққан және 8 ұңғыма жабылу алдында.

Жоспарда жаңа 45 мұнай ұңғымасын енгізу қарастырылған. Іс жүзінде соңына дейін 41 мұнай ұңғымасы қолданысқа енгізілді. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екі ұңғыма (№ 534, № 538 С. Нұржанов) игерілу үстінде, екі ұңғыма бұрғылаумен тәмамдалды. 2017 жылы жаңа ұңғымалар бойынша мұнай өндіру көлемі 51,96 мың тонна құрады. Жоспар бойынша 69,175 мың тонна көзделген. Жұмыстардың кеш басталуы және ұңғымаларды игеру уақытының созылуы жоспардың орындалмауына себеп болды.

286 ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізілді. 54 ұңғыманың ернеуі қайта жабдықталды.

Компания кен орындарының басым көпшілігі кеш игеру сатысында, және кен орындарының қиын өндірілетін қорларының үлесі тоқтаусыз ұлғайып жатыр. Соңғы жылдар бойы мұнай өндіру деңгейінің тұрақтануы бірқатар шаралар кешенін қолдану себебінен жүзеге асты: жаңа ұңғымаларды бұрғылау, ұңғымаларға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу, ұңғымалар қорымен жүйелік жұмыс жасау, пайдалану коэффициентін арттыру, жөндеу аралық мезгілді ұзарту, озық технологиялар енгізу және кен орындарын игеру жүйесін оңтайландыру.

«Ембімұнайгаз» АҚ бүгінгі таңда мұнай өндіру коэффициентін арттыру үшін мұнай берілісін ұлғайтудың дәстүрлі әдістерімен қатар жаңа технологияларды қолданады, әрі қазақстандық озық ғылыми-зерттеу институттарын қатыстырады. Ұңғымалардың жөндеу аралық мезгілін (ЖАМ) ұзарту үшін жаңа технологиялар белсенді енгізілуде.

2017 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-да бойынша 2 840,000 мың тонна мұнай өндіру жоспарланған, іс жүзінде 2 840,015 мың тонна өндірілді (жоспар 100%-ға орындалды). Жоспардан тыс 0,015 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл ретте тәуліктік орташа мұнай өндірісі 7,780 мың тонна/тәулік құрады. 2017 жылы мұнайды тапсыру 100%-ға орындалды, 2 805,850 мың тонна жоспарға қарсы 2 805 867 мың тонна тапсырылды. Жоспардан тыс 0,0175 мың тонна мұнай тапсырылды.



**«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша мұнай өндіру, мың тонна**

ӨҚБ	2015	2016	2017		
	Дерек	Дерек	Жоспар	Дерек	Өшіру
<b>«Ембімұнайгаз» АҚ</b>	<b>2823,04</b>	<b>2 832,008</b>	<b>2 840,00</b>	<b>2 840,02</b>	<b>0,015</b>
соның ішінде МГӨБ бойынша:					
«Жайықмұнайгаз»	960,335	954,171	955,8	953,679	-2,121
«Жылыоймұнайгаз»	962,6	989,14	1 029,20	1 034,93	5,725
«Доссормұнайгаз»	411,75	404,283	376	371,531	-4,469
«Қайнармұнайгаз»	488,355	484,414	479	479,88	0,877

Кестеден көрініп тұрғандай, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ (С. Балғымбаев, О.Ш. Қамысты, Жаңаталап) бойынша және «Доссормұнайгаз» (Ш.Мақат және Ботақан кен орындары) бойынша жоспар орындалмады. Негізгі ауытқушылық тендерлік рәсімдерді кешеуілдеп өткізу және бұрғылау жұмыстарын кеш бастау себебінен базалық өндіру көлемінің түсу қарқынының үдеуіне және ГТШ-ларды орындау кестесінен қалып қоюға байланысты.

**Ілеспе мұнай газын өндіру**

Ілеспе мұнай газы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 25 кен орнында өндіріледі.

**Ілеспе мұнай газын өндіру, млн м³**

Көрсеткіш	2015	2016	2017		
	Дерек	Дерек	Жоспар	Дерек	Өшіру
Ілеспе газ өндіру	187,916	191,649	199,737	199,755	0,18

**Геологиялық барлау**


Қазіргі уақытта ЕМГ АҚ үшін геологиялық барлау жұмыстарының арқасында ресурстық қорды нығайту басты бағыт болып табылады. Компанияда әлеуетті тұзүсті және тұзасты объектілерде геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыру үшін деректерді талдаумен жүйелі түрде айналысады.

Есепті жылы Компания Тайсойған, Лиман, Қаратон-Сарықамыс лицензиялық аймақтарында геологиялық барлау жұмыстарын жалғастырды. Жұмыстардың нәтижелері бойынша бор, юра, триасық және терең тұзасты түзілімдерде көмірсутек кенін іздеу мақсатымен іздеп-барлап бұрғылау жұмыстарын ұйымдастыру үшін бірқатар әлеуетті құрылым анықталды. Сонымен қатар қолданыстағы кен орындарын толық барлау бойынша жұмыстар да орындалып жатыр. Олар 3D сейсмикалық барлау және ұңғымаларды бұрғылау деректері бойынша мұнайлылық контурларын кеңейтуді, ГАЗ деректері бойынша қалып қойған деңгейжиектерді айқындауды, сондай-ақ көмірсутек қорларын С2 санатынан С1 санатына ауыстыруды көздейді.

**«Ембімұнайгаз» АҚ-ның қызмет ету аумағы**

ЕМГ АҚ өз қызметінде жаңа технологияларды, геология және геофизика саласындағы озық әдістемелерді белсенді қолданады (сейсмикалық деректерді Мультифокусинг технологиясы бойынша өңдеу, ES360, геологиялық-геофизикалық зерттеулер кешені, геохимиялық зерттеулер және т.б.). Инновациялық технологиялардың қолданылуы геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттыра түседі. Бүгінгі таңда жаңа компьютерлік технологиялардың көмегімен ұңғымаларды жоспарлау (жобалау), көмірсутек қорларын есептеу, анықталмаған мәселелер мен тәуекелдерді бағалау үшін геологиялық үлгілер жасалып, гидродинамикалық үлгілеу үшін негіз дайындалып жатыр.





Есепті жылы жалпы ұңғылау тереңдігі 28 354 метр құрайтын 13 іздеу-барлау ұңғымасы бұрғыланды. У-23 және У-26 ұңғымаларын бұрғылаудың нәтижесінде Тайсойған құрылымының солтүстік-шығыс жағында ортатриастық түзілімдердің мұнайлылығы белгіленді. У-23 ұңғымасының 1025-1025 м, 1003-1005 м, 984 – 986 м аралықтарын және У-26 ұңғымасының 943-945 аралықтарын барлау кезінде сусыз газды мұнайдың фонтан құйылымдары алынды.

2016 жылы Қаратон-Сарықамыс блогының НСВ-1 көлбеу бағыттағы іздеу-барлау ұңғымасын бұрғылау нәтижесінде С.Нұржанов кен орнының солтүстік-батысында триастық түзілімдердің мұнайлылығы анықталды: 3291–3304 м (Т-II-A деңгейжиек) аралықтан 7 мм-лік штуцермен тәулігіне 132 м³ дебитпен мұнайдың фонтандық құйылымы алынды.

2017 жылы НСВ-2 бұрғыланып, онда 3258–3269 м (Т-II-A) аралықтан да мұнайдың фонтандық құйылымы алынды. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде көмірсутек қорларына оперативті баға беріліп, кен орны сынама қолданысқа енгізілді.

Лиман келісімшарттық аумағында екі кен орны ашылды: Кернеу үсті Оңтүстік-Шығыс Новобогат және Орталық Новобогат. Бұл кен орындар бойынша көмірсутек қорлары пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгеріміне қосылды. Кен орындары сынама қолданыста.

## Күрделі қаржы жұмсалымдарына шолу

2017 жылы ЕМГ АҚ-ның күрделі қаржы жұмсалымдарының көлемі 38 млрд теңгеден аса құрады. Жұмсалған қаржының 30% астамы құрылыс жұмыстарына бағытталған, бұл стратегиялық жобаларды іске асырумен байланысты. Пайдаланылма барлау, негізгі құрал-жабдық пен материалдық емес активтерді сатып алу және іздеу-барлау жұмыстарына шамамен 20%-дан шықты.

### Күрделі қаржы жұмсалымдары, млн теңге

Инвестиция баптары	2013	2014	2015	2016	2017
Құрылыс жұмыстары	13 749	12 333	10 685	30 989	12 618
Пайдаланылма бұрғылау	13 232	13 279	9 213	8 253	8 632
НҚЖ мен МЕА сатып алу	5 004	4 556	5 564	3 536	8 375
Іздеп-барлап бұрғылау	3 792	3 225	2 163	4 620	8 118
Басқасы	740	15 606	549	1 271	304
<b>CAPEX Барлығы</b>	<b>36 518</b>	<b>48 999</b>	<b>28 174</b>	<b>48 669</b>	<b>38 047</b>

2014–2017 ж.ж. уақытта ірі инвестициялық жоба – Прорва кен орындары тобының ілеспе мұнай газын кешенді дайындау бойынша қуаты жылына 150 млн м<sup>3</sup>, жалпы құны 35 млрд теңге кешенді қондырғының құрылысы жүзеге асырылды.

Салынған объект Атырау облысы Жылыой ауданы Прорва кен орындар тобында (С. Нұржанов, Б. Прорва, Ақтөбе, Досмұхамбетов кен орындары) ілеспе мұнай газын кәдеге жарату үшін тағайындалған.

Бұл жоба газды ауаға жағуды толығымен тоқтатады және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва бірлестігі бойынша мұнай өндіру көлемін арттыруға мүмкіндік берді.

Тауар газы «Толқын» ГҚДҚ-ГЖП өндіріс газ құбырымен тасымалданады, тұрақты газ шығыны жеке қажеттіліктер үшін қолданылады.

Газды кешенді дайындау қондырғысының құрылысы кезінде 500-ден аса уақытша жұмыс орны ашылды. Объект қолданысқа енгізілгеннен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ штатында жүзден аса жаңа тұрақты жұмыс орнымен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен орындар тобын өңдеу жөніндегі өндірістік басқармасының газ дайындайтын және күкірт алатын жаңа цех құрылды.





## Инновациялар

2015 жылдың тамызында мұнай және газ өндіру департаментінде бұдан бұрын жұмыс істеген жаңа техника және технология бөлімінің негізінде жаңа техника және технологиялар департаменті (ЖТЖТД) құрылды. Дәл осы департаментте «Ембімұнайгаз» АҚ-да алғаш рет жүзеге асырылатын, жоғары техникалық-экономикалық сипаттамалары бар, мұнай және газ өндіруге арналған жаңа техниканың түрлері мен технологиялар алдымен сыналып, содан соң өндіріске енгізіліп жатады. Олар ғылыми-зерттеу ұйымдарының, заңды және жеке тұлғалардың қолданбалы әдістемелерінің нәтижелері, техника мен жабдықтың сериялық түрлері немесе инновациялық технологиялардың енгізілуі болсын, Компанияның кен орындарындағы жағдайларға ұқсас жағдайларда өзін жақсы танытқан.

### **Жаңа техника мен технологиялар департаментінің негізгі міндеттері:**

- ▶ мұнай өндіру, ұңғымалар құрылысы және ұңғымаларды жөндеу саласында жаңа техника мен озық технологияларды енгізу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету;
- ▶ өндірістің технологиялық даярлығын жетілдіру.

Өндіріс көлемінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін жетілген кен орындары үшін жаңа жұмыс әдістерін, ұңғымаларды бұрғылау мен кен өндірудің жаңа технологияларын енгізу, жерүсті ғимараттарды жетілдіруге күш пен уақытты инвестициялау. ЕМГ АҚ-да нақты технологиялық міндеттерді және кен орнын пайдалану барысында туатын проблемалық мәселелерді шешу үшін қолданылатын нәрселердің көбісі ЖТЖТД-ның ұсынысымен енгізілді.

Өткен уақыттың ішінде департаментте:

- ▶ 2016 жылы 16 ТӨС өткізілді. Олардың ішінде 10 ТӨС оң нәтиже көрсетіп, өндірісте қолданысқа ұсынылды;
- ▶ 2017 жылы 13 ТӨС жоспарланды, олардың ішіндегі 8-і оң нәтиже берді, үшеуі жалғасуда, мониторинг жүріп жатыр, екеуі теріс нәтиже берді.

Техниканың тәжірибелік үлгілері, техникалық құрылғылар мен оңтайландыру жөніндегі ұсыныстардың барлығы ТӨС сынақ бағдарламасы бойынша өткізіледі. Бағдарлама ойлап табылған нәрселердің авторлары әзірлеген техникалық шарттардың негізінде жасалған.

Мұнай-газ өндіру басқармаларының инженерлері мен геологтары, ЕМГ АҚ және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» технологиялары ғылыми-зерттеу институтының мамандары су жіберу технологияларын жетілдірумен, ұңғымалардың өнімділігін жоғарылатумен, бос тұрған ұңғымалар қорын азайтумен және ЖАМ, ТАМ, механикаландырылған өндіру жүйелерінің тоқтап қалу орташа уақытын қысқартумен айналысады.

Жаңа техника және технология департаменті өз жұмысын заманауи технологияларды пайдалану арқылы немесе экономикалық тиімділікті арттыруға және қосымша өндіру көлемін алуға деген тұрақты әрекеті есебінен өнімді қабаттарды пайдаланудың соңғы сатысындағы кен орындарының рентабельділігін арттыру жұмыстарын атқарады.





## Сатып алу қызметі

Компания сатып алу қызметін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан аса пайызы меншік құқығы немесе сенімгерлікпен басқару құқығы бойынша «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ-ға тиісті ұйымдардың тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес жүргізеді. Қағидалар тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу тәртібін анықтайды.

**Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мынадай қағидаттарға негізделеді:**

- ▶ сатып алу барысының жариялылығы мен ашықтығы;
- ▶ сатып алуға бөлінетін қаражаттың оңтайлы әрі тиімді жұмсалуды;
- ▶ сапалы тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу;
- ▶ Холдингтің Мүгедектер ұйымдарының (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын мүгедек жеке тұлғалар) тізіліміне кіретін мүгедектер ұйымдарын (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын мүгедек жеке тұлғаларды) қолдау шартымен барлық әлеуетті жеткізушілерге сатып алу барысына қатысуға бірдей мүмкіндік беру;
- ▶ әлеуетті жеткізушілердің арасындағы адал бәсекелестік;
- ▶ холдинг ішіндегі кооперацияны дамыту мақсатында Холдингке кіретін ұйымдардың арасында сатып алуға жағдай жасау;
- ▶ қабылданатын шешімдерді бақылау және олар үшін жауапты болу;
- ▶ сатып алу барысына делдалдардың қатысуын барынша азайту;
- ▶ инвестициялық стратегиялық жобаларды тиімді жүзеге асыру.

Сатып алу барысы сатып алу жоспар(лар)ын әзірлеу және бекіту, жеткізушіні таңдау, сатып алу жөнінде шарт жасасу және шартты орындаудан тұрады.

Компанияның 2017 жылғы ақшалай түсімінің өсуі 2016 жылғымен салыстырғанда 27% немесе жоспарланған көрсеткішпен салыстырғанда 13% құраған.

**2017 жылғы сатып алулар көлемі, млн теңгемен, ҚҚС есептелмеген**

Атауы	Сомасы	орынд.%	
<b>2017 жылға арналған сатып алулар жоспарының сомасы</b>	<b>82 052,92</b>	<b>100</b>	
соның ішінде:			
тауарлар	8 123,94	9,9	
жұмыстар	30 437,67	37,1	
қызметтер	43 491,31	53,0	
<b>Жеткізушілері белгіленген сатып алулар сомасы</b>	<b>82 052,92</b>	<b>100</b>	<b>ЖҚ үлесі</b>
соның ішінде:			
тауарлар	8 123,94	100,0	69,0%
жұмыстар	30 437,67	100,0	76,9%
қызметтер	43 491,31	100,0	87,1%
<b>Шарттардың қорытындысы бойынша үнем</b>	<b>4 327,21</b>	<b>5</b>	
соның ішінде:			
тауарлар	488,94	6,0	
жұмыстар	469,41	1,5	
қызметтер	3 368,86	7,7	





## Қаржылық қызметке шолу

Бұл тарау Компанияның аудиттелген қаржы есептілігіне негізделген.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017			
	Дерек	Дерек	Дерек	Дерек	Жоспар	Дерек	Ауытқу	%
<b>Мұнай өндіру, мың тонна</b>	2 841	2 823	2 823	2 832	2 840	2 840	0	0
<b>Ақшалай түсім (кіріс)</b>	330 098	344 675	198 113	243 517	274 016	309 747	35 731	13
Өткізудің өзіндік құны	-96 443	-119 229	-94 991	-95 772	-119 333	-121 290	-1 957	2
<b>Жалпы кіріс</b>	233 655	225 446	103 121	147 745	154 683	188 457	33 774	22
Жалпы және әкімшілік шығындар	-5 190	-15 738	-24 542	58	-10 391	-9 896	-794	8
Тасымалдау және өткізу шығындары	-120 443	-135 071	-75 869	-70 366	-95 171	-102 991	-8 120	9
<b>Операциялық қызметтен кіріс (залал)</b>	108 022	74 638	2 711	77 437	49 121	75 570	26 448	54
Қаржылық кіріс/(шығын) нетто	-1 045	-2 714	303	312	-2 446	461	-1985	-81
Басқа кіріс/(залал) нетто	-135	20 538	62 905	-586	0	-482	-482	0
<b>Салық салынғанға дейінгі кіріс (залал)</b>	106 841	92 462	65 919	77 164	46 675	75 548	28 873	62
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	-31 854	-20 225	-20 457	-15 803	-11 698	-19 425	-7 727	66
<b>Бір жылғы кіріс</b>	74 987	72 237	45 462	61 360	34 977	56 123	21 146	60

Компанияның 2017 жылғы ақшалай түсімінің өсуі 2016 жылғымен салыстырғанда 27% немесе жоспарланған көрсеткішпен салыстырғанда 13% құраған. Жоспардың кіріс бөлігінің асыра орындалуы көбіне экспорттың өсуімен байланысты, бұл өз кезегінде дүниежүзілік мұнай бағасының көтерілуімен байланысты (мақсатты деңгеймен салыстырғанда орташа есеппен 20,4%-ға). Табыстың өсуі доллар бағамының жоспарлы мәндерді есептеу барысында көзделген көрсеткішке 9,4%-ға азаюына қарамастан байқалған (жоспардағы индикатор доллар үшін 360 теңге болғанда, долларға 326 теңге).


Бұл ретте таза пайда жоспарлы мәндерден 60%-ға асып, 2017 жылдың қорытындысы бойынша 56,1 млрд теңгені құраған.

## Өткізім

### Мұнайдың сатылу көлемі және өткізілу бағасы

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017
<b>Мұнайдың экспорттық сатулары</b>					
<i>ҚТО</i>					
Өткізім, млн теңге	231 099,26	236 808,79	118 432,35	126 832,45	187 983,24
Көлемі, мың тонна	1 970,32	1 920,20	1 571,33	1 225,76	1 526,40
Орташа өткізу бағасы, мың теңге/тонна	117,29	123,33	75,37	103,47	123,15
<i>КҚК</i>					
Өткізім, млн теңге	97 110,31	106 151,97	60 766,98	92 944,40	101 250,01
Көлемі, мың тонна	811,98	816,30	766,25	859,51	791,65
Орташа өткізу бағасы, мың теңге/тонна	119,60	130,04	79,30	108,14	127,90
<b>Барлық мұнай экспорты, млн теңге</b>	<b>328 209,57</b>	<b>342 960,76</b>	<b>179 199,33</b>	<b>219 776,85</b>	<b>289 233,25</b>
<b>Барлық мұнай экспорты, мың тонна</b>	<b>2 782,30</b>	<b>2 736,50</b>	<b>2 337,58</b>	<b>2 085,27</b>	<b>2 318,05</b>
<b>Мұнайды ішкі нарыққа өткізу</b>					
<i>ПМХЗ</i>					
Өткізім, млн теңге	–	–	7 783,32	18 549,09	13 582,94
Көлемі, мың тонна	–	–	210,36	609,05	357,96
Орташа өткізілу бағасы, мың теңге/тонна	–	–	37,00	30,46	37,95
<i>АМӨЗ</i>					
Өткізім, млн теңге	–	–	9 805,00	3 731,72	4 601,52
Көлемі, мың тонна	–	–	265,00	117,00	121,00
Орташа өткізу бағасы, мың теңге/тонна	–	–	37,00	31,90	38,03
<i>Шикі мұнай</i>					
Өткізім, млн теңге	38,84	12,21	5,52	8,99	6,39
Көлемі, мың тонна	0,86	0,26	0,10	0,10	0,10
Орташа өткізу бағасы, мың теңге/тонна	45,21	47,09	58,00	58,00	62,00
Ішкі нарыққа жалпы өткізім, млн теңге	38,84	12,21	17 593,84	22 289,80	18 190,85
Ішкі нарыққа жалпы өткізім, мың тонна	0,86	0,26	475,46	726,21	479,06
Барлық өткізім бағытары, млн теңге	328 248,41	342 972,97	196 793,17	242 066,65	307 424,10
Барлық өткізім бағытары, мың тонна	2 783,16	2 736,76	2 813,04	2 811,48	2 797,11





Мұнай ішкі нарыққа да, экспортқа да өткізіледі. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ережелеріне сәйкес, мұнай ең алдымен отандық МӨЗ-ға, соның ішінде Павлодар және Атырау мұнай өңдеу зауыттарына жеткізіледі. Экспорттық бағыт мұнайдың екі негізгі бағыт бойынша: Каспий Құбыр Консорциумы және Өзен-Атырау-Самара құбырлары арқылы жеткізілуін білдіреді. Көрсетілген құбырлар РФ, Краснодар өлкесі, Новороссийск теңіз портына алып келеді, бұл ретте КҚК мұнайды Южная Озереевка (Новороссийск қ., РФ) кентіндегі КҚК теңіз терминалына дейін тасымалданады, ал УАС құбырының бағыты Шесхарис (Новороссийск қ., РФ) аялдау кешеніне апарады. Мұнай терминалдарға тасымалданып болған соң, сатып алушыларға жөнелту үшін танкерлерге тиеледі.

Барлық бағыттар бойынша өткізім көлемі 2017 жылы болмашы 1%-ға азайып, 2,8 млн тоннаны құраған. Бұл ретте өткізім көлемі баға факторы есебінен ақшалай 27%-ға артып, 307 млрд теңгеге жеткен.

Экспорт көлемі заттай 11%-ға, ақшалай 32%-ға артқан. ҚТО үлесіне өткен жылы экспорттың 66%, бағыт бойынша өткізімнің орташа бағасы 2017 жылы 19%-ға артып, бір тоннаға 123,15 мың теңге құраған. Экспорттық өткізім көлемінің 34%-ы КҚК үлесіне келген. Өткізімнің орташа құны 18%-ға, тоннасына 127,9 мың теңгеге артқан.

2017 жылы дүниежүзілік нарықтардағы конъюнктураның жақсаруы салдарынан экспорттық жеткізілімдер арттырылған. Ішкі нарықтағы өткізім көлемі 2017 жылы заттай 34%-ға және ақшалай 18%-ға төмендеді.

## Тауарлық газ өткізімі

ЕМГ АҚ-ның тауарлық газ өткізімі 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабымен реттеледі. Мемлекеттің басым құқығы ұлттық оператор – «ҚазТрансГаз» АҚ арқылы жүзеге асырылады. Компания тауарлық газды ұлттық операторға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 121 «Мемлекеттің басым құқығы шегінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газ бағасын анықтау ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекіткен бағадан аспайтын бағамен өткізді. «Ембімұнайгаз» АҚ газды екі ГДҚ және бір ГҚДҚ-да дайындайды. С.Балғымбаев және Шығыс Мақат кен орындарында орналасқан екі газ дайындау қондырғысында дайындалатын тауарлық газ Атырау облысының Исатай, Қызылқоға және Мақат аудандары халқының табиғи газдағы қажеттіліктерін өтейді. Прорва ГҚДҚ-да (Прорва кен орындары тобында) дайындалатын тауарлық газ Орталық Азия – Орталық магистралды газ құбырына жолданады.

№	Бағыттың атауы	Өлш.бірл	2015	2016	2017	2018* жоспар
1	«ҚазТрансГаз» АҚ	мың м³	5 142,08	5 360,69	8 482,24	93 204,69

## Өзіндік құн

Өзіндік құн талдауы, млн теңге


Көрсеткіш	2017	2016	Өзгеріс, %
Қызметкерлерге сыйақы	45 474	42 572	7
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	27 544	18 871	46
Тозу, сарқылу және амортизация	16 987	16 879	1
Жөндеу және күтім бойынша қызметтер	10 622	9 140	16



Көрсеткіш	2017	2016	Өзгеріс, %
Экологиялық міндеттеме бойынша резервтегі өзгерістер	6 270	–	–
Материалдар мен қорлар	3 393	3 150	8
Электр энергиясы	2 705	2 705	0
Көлік шығындары	1 810	1 392	30
Мүлік салығы	1 471	1 484	–1
Коммерциялық табылым бонусы	–49	–945	–95
Капиталдандырылған активтің сомасынан асатын активтердің шығуы бойынша міндеттемелердің азаюы	–778	–3 733	–79
Басқа	6 510	3 662	78
<b>Барлық өзіндік құны</b>	<b>121 290</b>	<b>95 772</b>	<b>26,6</b>

Өткізімнің өзіндік құны 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 26,6%-ға немесе 25,5 млрд теңгеге артқан. Өсу пайдалы қазбалар өндіру салығы бойынша шығындардың 8,7 млрд теңгеге өсуімен және қызметкерлерге сыйақының 2,9 млрд теңгеге ұлғаюымен байланысты. Сонымен қатар 2017 жылы Компания мұнай кен орындарында 6,3 млрд теңге көлемінде мұнай кен орындарында мазутталған аумақтарды тазалау бойынша қосымша экологиялық міндеттемені мойындады. Резерв сомасы, мерзімі 2023 жылға дейінгі, 10% дисконттау мөлшерлемесімен 9,1 млрд теңге көлеміндегі болжалды келешек шығындардың келтірілген құнымен берілген. Жалпы, өзіндік құн деңгейі 2017 жылы іс жүзінде жоспарлы мәндер шегінде болды.


### 2017 жылға арналған нетбэк-талдау, барреліне USD<sup>1</sup>



<sup>1</sup> Брент 54,192 орташа бағасы

- Пқес
- Жалға беру салығы
- ЭКБС
- Көлік

### 2016 жылға арналған нетбэк-талдау, барреліне USD<sup>2</sup>



<sup>2</sup> Брент 43,73 орташа бағасы


- Жеңілдіктер
- Сапа банкі
- Нейтбэк
- Баррелизация жүлдесі

## Лифтинг

Операциялық шығындардың өндіруге қатынасы ретінде есептелетін үлестік лифтинг 2017 жылы тоннасына 21,2 мың теңгені құрап, 2016 жылы шамамен 7,5%-ға өскен. 2017 жылдың қорытындысы бойынша операциялық шығындардың 63%-ын қызметкерлер құрамына жұмсалатын шығындар, 25% – өндірістік сипаттағы қызмет шығындары, 5% материалға жұмсалатын шығындар, 4% электр энергиясының шығындары құрайды.

Бір тонна мұнайдың үлестік өзіндік құны 2017 жылы 41,9 мың теңге құрап, 2016 жылы 26%-ға артқан.

### Лифтинг шығындар, млн теңге



### теңге/тонна





## Өткізім шығындары және ЖӘШ

Өткізім шығындары, жалпы және әкімшілік шығындар, млн теңге

Көрсеткіш	2017	2016	Өзгеріс, %
Экспорттық кеден бажы	36 586	27 573	33
Көлік шығындары	33 907	33 438	1
Рента салығы	32 584	9 396	247
Қызметкерлердің сыйақысы	4 018	3 858	4
Тозу, сарқылу және амортизация	3 048	1 016	200
Жөндеу және күтім бойынша қызметтер	432	364	19
Демеушілік	324	288	12
Сату бойынша агенттік комиссия	214	232	-7
Консультациялық және аудиторлық қызметтер	106	61	72
Айыппұлдар мен өсімақылар	47	-165	-129
Мүлік салығы	39	40	-2
Күмәнді дебиторлық берешек бойынша түзетпелер жасау/резерв есептеу	-144	573	-125
Басқа	2 972	1 055	182
<b>Барлық шығындар</b>	<b>114 132</b>	<b>77 730</b>	<b>47</b>

Өткізім шығындары және әкімшілік шығындар 2017 жылы 47%-ға немесе 36,4 млрд теңгеге өскен. Өсу рента салығының 23,2 млрд теңгеге ұлғаюымен және экспорттық кеден бажының 9 млрд теңгеге өсуімен байланысты. Өткізім шығындары мен әкімшілік шығындарының 30%-ын дерлік құрайтын көлік шығындары 2017 жылы мүлдем өзгермеген деуге болады, бұл шығындар 1%-ға ғана көбейген. Қызметкерлердің сыйақысы 4%-ға артқан.

## Салық салу

Табыс салығынан басқа салық шығындары, млн теңге

Көрсеткіш	2017	2016	Өзгеріс, %
Рента салығы	32 584	9 396	247
Экспорттық кеден бажы	36 586	27 573	33
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	27 544	18 871	46
Мүлік салығы	1 510	1 525	-1
Қоршаған ортаны ластау салығы	708	613	15
Өзге салықтар	201	-756	-127
<b>КТС-нан басқа барлық салықтар</b>	<b>99 133</b>	<b>57 222</b>	<b>73</b>

**Табыс салығы бойынша шығындар, млн теңге**

Көрсеткіш	2017	2016	Өзгеріс, %
Салық салынғанға дейінгі пайда	75 548	77 164	-2
Табыс салығы бойынша шығындар	19 425	15 803	23
Тиімді салық мөлшерлемесі	26%	21%	24

КТС-нан басқа салықтардың көлемі 2017 жылы 70%-ға өсіп, 102 млрд теңгеден асқан. Рента салығы үш еседен астам артып, 32,6 млрд теңге құрады, экспорттық кеден бажы 33%-ға, 36,7 млрд теңгеге дейін өсті, пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша шығындар 46%-ға өсіп, 27,5 млрд теңгеге жеткен. Салықтардың өсуі экспорт көлемінің ұлғаюы мен мұнай бағасының көтерілуімен байланысты.

Табыс салығы бойынша шығындар 2017 жылы 23%-ға, 19,4 млрд теңгеге дейін өскен. Өсу 2016 жылы табыс салығы бойынша үнемдеумен байланысты, ал салық салынғанға дейінгі пайда 2017 жылы 2%-ға азайған. Тиімді салық мөлшерлемесі 26%-ға жеткен.

**Капитал және өтімділік****Қаржылық жағдай туралы есеп, млн теңге**

Көрсеткіштер	2017 жылғы 31 желтоқсанда	2016 жылғы 31 желтоқсанда	Өзгеріс, %
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі қаражаттар	173 028,95	164 010,87	5
Материалдық емес активтер	15 045,69	8 463,86	78
Басқа қаржылық активтер	32 258,45	33 599,22	-4
Кейінге қалдырылған салық бойынша актив	10 415,90	6 875,62	51
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген алғытөлемдер	1 670,72	421,48	-
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>232 419,71</b>	<b>213 371,04</b>	<b>9</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Тауарлық-материалдық қорлар	7 272,09	6 464,32	12
Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу	772,88	11 635,16	-
Өтелуі тиіс салықтар мен ҚҚС бойынша алдын ала төлеу	12 244,84	5 262,31	133
Төленген алғытөлемдер және болашақ кезеңнің шығындары	2 819,25	5 615,36	-50
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	35 948,75	33 336,07	8
Өзге қаржылық активтер	31 884,02	57 239,30	-44
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	73 423,07	51 900,43	41
<b>Барлық ағымдағы активтер</b>	<b>164 364,90</b>	<b>171 452,95</b>	<b>-4</b>



Көрсеткіштер	2017 жылғы 31 желтоқсанда	2016 жылғы 31 желтоқсанда	Өзгеріс, %
<b>Барлық активтер</b>	<b>396 784,61</b>	384 824,00	3
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	162 399,82	162 399,82	0
Үлестірілмеген пайда	157 246,24	162 758,74	-3
<b>Барлық капитал</b>	<b>319 646,06</b>	325 158,56	-2
<b>Міндеттемелер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Тарихи міндеттемелер	1 807,47	3 844,38	-53
Резервтер	23 530,09	16 971,54	39
<b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>	<b>25 337,56</b>	20 815,92	22
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Тарихи міндеттемелер	2 623,49	2 428,82	8
Резервтер	8 413,48	6 846,07	23
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы және төленетін ренталық салық	17 947,34	8 570,50	109
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	22 816,67	21 004,13	9
<b>Барлық ағымдағы міндеттемелер</b>	<b>51 800,99</b>	38 849,52	33
<b>Барлық міндеттемелер</b>	<b>77 138,55</b>	59 665,43	29
<b>Барлық міндеттемелер және капитал</b>	<b>396 784,61</b>	384 824,00	3

Компанияның активтері 2017 жылы 3%-ға өсіп, 396,8 млрд теңге құраған. Ұзақ мерзімді активтердің көлемі баланс валютасынан 59% құрайды. Пассивтер құрылымындағы жеке-меншік капитал үлесіне 81% келеді, бұл ретте міндеттемелер баланс сомасынан 19%-ын құрайды, соның ішінде 13% – ағымдағы міндеттемелер.

Компанияның қаржылық активтері 2017 жылы жалпы сомасы 64,1 млрд теңге көлемінде дебиторлық берешекпен (35,9 млрд теңге), ақшалай қаражаттармен және олардың баламаларымен (73,4 млрд теңге) және өзге қаржылық активтермен берілген. Қаржылық міндеттемелер тарихи міндеттеме (5,4 млрд теңге) және кредиторлық берешек (22,8 млрд теңге) түрінде берілген. Компанияның қаржылық ресурстарға мұқтаждығы операциялық қызмет аясында және инвестиция жасаған кезде пайда болады. Бүгінгі таңда Компания қажетті өтімділік қорына ие, және оның қаржылық жағдайы тұрақты деп бағаланады.

Компанияның активтері 2017 жылы 3%-ға өсіп, **396,8 млрд теңге** құраған.



A full-page photograph of an industrial facility. A worker in a red uniform, white hard hat, and sunglasses is crouched on a metal platform, working on a large, complex system of silver-colored industrial pipes and valves. The background shows more of the facility under a cloudy sky.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



95 жыл



EmbiMunayGas


АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ






## Басқару құрылымы

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы басқару аппаратының ҚҰРЫЛЫМЫ





## Директорлар кеңесі

«Ембімұнайгаз» АҚ Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 10 шешімімен А.Т.Илеуовтың Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Есқазиев Қ.О. (бас директор – «ҚазМұнайГаз» БӨ) АҚ Басқарма Төрағасы), Жақсыбеков А.Е. («Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма Төрағасы) сайланды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 35 шешімінің негізінде Абдулғафаров Дастан Елемесовичтің «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы сайланды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 18 шешімімен «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы тоғыз адамға дейін ұлғайтылды және 2017 жылғы 29 тамыздан бастап Директорлар кеңесінің құрамына Тебериков Дамир Данильбекович (Жалғыз акционердің өкілі ретінде) сайланды.

## Директорлар кеңесінің құрамы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша



### Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ

*«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры (Басқарма Төрағасы)*

В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Тау-кен инженері-геолог» мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын Балықшы барлау бұрғылауы басқармасының оператор-коллекторы болып бастаған, кейін Тақырыптық партияның инженер-геологы, «Ембімұнай» ӨБ Тампонаждық кеңесінің цементтеу бойынша операторы болып жұмыс істеген. 1991–1993 ж.ж. – № 1 Балықшы барлау бұрғылауы басқармасының бұрғылау экспедициясының геологы, 1993–1995 ж.ж. – «Ембімұнайгаз» АҚ бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасының ОИТҚ геологы. 1995 – 2004 ж.ж. – бас геолог, Атырау қабаттардың мұнай беруін арттыру және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасы (АҚМБАЖҰКЖ) директорының орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ геология және мұнай-газ кен орындарын өңдеу департаментінің директоры. 2004–2008 жылдары «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да директордың орынбасары, кейін геология және барлау департаментінің директоры болып жұмыс істеген. 2008–2015 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директор, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор, геология және перспективті жобалар бойынша Басқарма төрағасының орынбасары, операциялық емес активтер жөніндегі басқарушы директор (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ), геология жөніндегі басқарушы директор қызметтерін атқарған. 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында – «Ембімұнайгаз» АҚ бас директоры (Басқарма Төрағасы). Ал 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры (Басқарма Төрағасы).

«ҚМГ» ҰК, РД «ҚМГ» БӨ, Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің құрмет грамоталарымен, мерейтойлық медальдермен: «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медалімен (2015 жыл), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен (2016 жыл), «Құрмет» орденімен (2016 жыл), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 жыл) марапатталған.



ҚР Құрметті жер қойнауын барлаушы, «ҚР көмірсутек әлеуетін ғылыми негіздеу» тақырыбына арналған жұмыстар циклы үшін ғылым және техника саласындағы әл-Фараби атындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (2015 жыл).

Геология-минералогия ғылымдарының докторы, 12-ден астам ғылыми еңбектердің авторы, «Геологическое строение и перспективы нефтегазоносности Северного и Среднего Каспия» кітабының бірлескен авторы.

## Дастан АБДУЛГАФАРОВ

*«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары*

Абдулгафаров Дастан 2015 жылдың қаңтар айынан бастап экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары қызметін атқарады.

Соңғы тағайындалуға дейін 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор қызметінде жұмыс істеген. Қазақ құқық және халықаралық қатынастар институтын «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша және ҚР Сыртқы істер министрлігінің Дипломаттық академиясын «Халықаралық экономика және құқық» мамандығы бойынша аяқтаған.

AGIP Корпоративтік университетінде мұнай бизнесінің магистрі, сондай-ақ «Сколково» Мәскеу басқару мектебінің Executive MBA дәрежесін алған. «ҚазМұнайТеңіз» ХҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да жұмыс істеген.



## Қуанышбай НҰРГАЛИЕВ

*«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өндіру және кен орындарын өңдеу жөніндегі басқарушы директор*

Қуанышбай Нұрғалиев ҚМГ БӨ кен орындарын өндіру және өңдеу жөніндегі басқарушы директоры қызметін 2015 жылдың желтоқсан айынан бері атқарады, бұрын ҚМГ БӨ өндіріс жөніндегі басқарушы директор қызметін атқарған.

Әртүрлі жылдары «Урал Ойл энд Газ» ЖШС өндіріс жөніндегі бас директордың орынбасары, кен орындарын өңдеу департаментінің директоры, ҚМГ БӨ кен орындарын өңдеу бөлімінің бастығы қызметтерінде жұмыс істеген.

Еңбек жолын «Өзенмұнайгаз» АҚ-да («Өзенмұнайгаз» ПФ) бастап, онда мұнай және газ өндіру операторынан департамент директорына дейін өскен. Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық университетін «Тау-кен инженері-мұнайшы» мамандығы бойынша және Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Тау-кен инженері-геофизик» мамандығы бойынша аяқтаған. Мәскеу қ. МИР-БИС институтының «Мұнай-газ бизнесін басқару» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесіне ие.





### ШЕЙН Эндрю Дрейдер

*«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ қаржы директоры – қаржы бақылаушысы*

Шейн Дрейдер қаржы директоры – қаржы бақылаушысы қызметін 2014 жылдың тамыз айынан бастап атқарады. Ол дәл осы қызметті Компанияда 2007–2011 жылдары атқарған.

ҚМГ БӨ АҚ-на келер алдында Дрейдер Қазақстандағы «Делойт энд Туш» компаниясында қорлар жөніндегі серіктес ретінде жұмыс істеген. «Үлкен төрттікте» көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар. Сонымен қатар ол әртүрлі елдердегі «Бритиш Американ Табакко» компанияларында қаржы жөніндегі басшы, қаржы бақылаушысы, ішкі аудит және бизнес-тәуекелдер жөніндегі менеджер қызметінде жұмыс істеген. Калгари университетін «Бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша аяқтаған.

Альберта Дипломды бухгалтерлер институтының мүшесі болып табылады.



### ЖАҚСЫБЕКОВ Әнуар Еркінұлы

*«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы*

№3 Байчунас орта мектебін аяқтағаннан кейін, 1982 жылы еңбек жолын «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Доссорнефть» МГӨМ Байчунас кен орнында мұнай және газ өндіруші оператор болып бастаған. Армияда әскери міндетін атқарған соң, Қарсақ кен орнында мұнай және газ өндіру цехының операторы болып жұмысын жалғастырған. Кейін бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасында учаскелік геолог, жетекші геолог, «Қазақойл-Ембі» ААҚ-ның Мақат ауданы бойынша қабаттардың мұнай беруін арттыру және ұңғымаларды күрделі жөндеу учаскесі бастығының орынбасары қызметін атқарған.

1993 жылы Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы университетін (Мәскеу қ.) «Геология және мұнай мен газ кен орындарын барлау» мамандығы бойынша аяқтаған.

1999 жылы «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Мақатмұнай» МГӨМ бас геологы болып тағайындалған. 2000 жылы «Қазақойл» ҰК АҚ-на өндірісті басқару департаментінің бас инженері қызметіне шақырылған. Геология және өңдеу департаментінің бас инженері, менеджері, директорының орынбасары, геология департаментінің директоры болып жұмыс істеген.

2004–2007 ж.ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ геологиялық-технологиялық қызметтің геология және геофизика департаментін басқарған. 2007–2009 ж.ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ барлау және өндіру блогының резервуарлары департаментінің директоры қызметін атқарған, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ барлау және өндіру блогының геология, геофизика департаментінің директоры болған.

2009–2013 ж.ж. – ҚМГ ҰК-нан «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-де геологиялық барлау бойынша менеджер, геологиялық барлау жұмыстары бойынша техникалық қосалқы комитеттің төрағасы. 2013 жылдың ақпан айынан бастап ҚМГ БӨ геология және өңдеу жөніндегі бас директордың орынбасары болып тағайындалған, геологиялық барлау жұмыстары бойынша техникалық комитеттің төрағасы, «Барлау активтері» ҚМГ БӨ Бақылау кеңесінің төрағасы. ҚМГ БӨ қатысуымен бірлескен кәсіпорындарға жетекшілік еткен: «Урал Ойл энд Газ» БК, «ФИОК» ҚХР компаниясымен, Венгер Республикасының «МОЛ» компаниясымен, «Карповский Северный» бірлескен кәсіпорнымен үлеске кірген.

2013 жылдың қазан айында «Қашаған Б.В.» ЖШЖКФ перспективалық жобалар мен операциялық қызметі бойынша бас директордың орынбасары болып тағайындалған, Солтүстік Каспий жобасының акционерлерінің консультациялық техникалық комитетінің мүшесі болған.

2015 жылдың қыркүйек айынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ жаңа жобалар және технологиялар жөніндегі бас директордың орынбасары. 2017 жылғы 24 сәуірден бері Директорлар кеңесінің шешімімен «ЕМГ» АҚ Басқарма төрағасы болып сайланған.

КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің құрмет грамотасымен; «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ құрмет грамотасымен марапатталған, ҚР Энергетика және минералды қорлар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің алғыс хатын алған; ҚР ЭМҚМ «Мақат кен орнына 90 жыл» құрмет белгісімен; ҚР Мұнай және газ министрлігінің «Доссор кен орнына 100 жыл» құрмет белгісімен (2011 жыл); «Прорва кен орнына 50 жыл», ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің «Қазақстан Республикасының құрметті жер қойнауын барлаушы» дипломымен және төс белгісімен (2012 жыл); ҚР Мұнай және газ министрлігінің «Қазақстан Республикасының мұнайгаз саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен (2014 ж.); ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ-на 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 жыл) марапатталған.

## ТЕБЕРИКОВ Дамир Данильбекұлы

***«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Өндірісті оңтайландыру департаменті директорының орынбасары***

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Заңгер» («Халықаралық құқық») мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын «Каспий өнеркәсіптік-қаржылық топ – Трейд» ЖШС менеджері болып бастаған. Кейін әртүрлі қызметтерде еңбек еткен: маман, бірлескен кәсіпорындарды басқару департаментінің менеджері, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ департаменттерінің орынбасары.



## ЕРТЛЕСОВА Жаннат Джургалиевна

***«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, «Қазақстан Сарапшысы» ЖШС директоры***

Еңбек жолын ҚазКСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті (Госплан) жанындағы Экономика және нарықтық қатынастар ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер ретінде бастаған. 1992 жылы осы институттың директорының орынбасары болып тағайындалған. Кейін ҚР Экономика министрлігіне қаржы-несиелік саясат басқармасының бастығы қызметіне шақырылған.

1994 жылы – ҚР Экономика министрінің бірінші орынбасары. ҚР Министрлер кабинеті және ҚР Үкіметі жанындағы Экономикалық реформалар орталығының басшысы, бірінші қаржы вице-министрі, «Қазақтелеком» АҚ вице-президенті, ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары, ҚР қорғаныс министрінің орынбасары, ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, Қазақстан салық төлеушілері қауымдастығының басқарушы кеңесінің төрағасы, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының орынбасары және т.б. қызметтерде еңбек еткен. Қазіргі кезде «Сарапшы Қазақстан» ЖШС директоры қызметін атқарады.







### ҚУАНДЫҚОВ Балтабек Мұханұлы

*«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры*

Геология-минералогия ғылымдарының докторы, Еуразия халықаралық экономикалық академиясының корреспондент-мүшесі, Минералдық қорлар халықаралық академиясының академигі, Америка мұнайшы-геологтары қауымдастығының мүшесі.

«Гурьевмұнайгазгеология» бірлестігінің «Қазмұнайгазбарлау» геологиялық басқармасының мұнай барлау экспедициясының дала геологы, геологиялық бөлім бастығының орынбасары, геологиялық бөлім бастығы, бас геолог, ҚР геология, энергетика және отын қорлары министрінің орынбасары, «Қазақстанкаспийшельф» АҚ, «ҚазақОйл» ТҰК ЖАҚ, «Нельсон Рисорсис Лимитед» канадалық компаниясының президенті болып жұмыс істеген.

2006 жылдың ақпан айынан бастап осы кезге дейін – «Меридиан Петролеум» компаниясының президенті. 2009 жылдан бастап Қазақстан мұнайшы-геологтары қоғамының президенті болып табылады.



### УКРАСИН Игорь Александрович

*«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, «СБЕРБАНК (Швейцария) АГ» басқарушы директоры, корпоративтік-банк бөлімшесінің басшысы*

1994–1996 жылдары – «Пепси-кола Интернэшнл» операциялық департаментінің сатуларды жоспарлау бөлімінің басшысы, 1998–2013 ж.ж. – «Креди тСвисс Секьюритиз Лимитед» Еуропалық энергетикалық тобының инвестициялық-банк бөлімшесінің басқарушы директоры, 2013–2015 ж.ж. – «СБЕРБАНК КИБ» басқарушы директоры.

## Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттіктері «Ембімұнайгаз» АҚ Жарғысының 12-тарауымен белгіленеді. Директорлар кеңесі «Ембімұнайгаз» АҚ-ын тиімді басқару және қызметіне тиісті бақылау жүргізу үшін Жалғыз акционер алдында жауапкершілік атқарады және бекітілген қабылданған шешімдер жүйесіне сәйкес әрекет етеді. Компанияның стратегиялық дамуы мен саясатының бағыттарын анықтау, «Ембімұнайгаз» АҚ бюджеті мен маңызды ішкі құжаттарын бекіту және өзге де маңызды мәселелер Директорлар кеңесінің ең маңызды функциялары болып табылады.

Директорлар кеңесінің мәжілістері тұрақты негізде және қажетінше өткізіліп тұрады.

2017 жылы Директорлар кеңесі 75 мәжіліс өткізген, соның ішінде төрт мәжіліс тікелей дауыс беру тәсілімен, 71 мәжіліс сырттай дауыс беру тәсілімен өткізілген.

Жыл бойы Директорлар кеңесі басқаларымен қатар, төмендегідей мәселелерді қарастырды:

- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелеріне, корпоративтік хатшысына, бас директорының орынбасарына және бас бухгалтеріне төлемдерді индексстеу туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2017 жылға арналған ПӘК бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің штаттық кестесіне және басқару аппаратының ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізу туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2017 жылға арналған бюджетінің түзетулерін және 2017–2021 жылдарға арналған бизнес-жоспарын бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ басқарушы қызметкерлеріне 2016 жылға арналған сыйақы төлеу туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2016 жылға арналған жылдық есебін мақұлдау;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2016 жылғы қызметі туралы есепті мақұлдау;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2017 жылға арналған бюджетінің түзетулерін бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқармасының сандық құрамын белгілеу туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2018 жылға арналған бюджетін және 2018–2022 жылдарға арналған бизнес-жоспарын бекіту туралы;
- ▶ ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 07 қарашадағы № 718ДСП қаулысына сәйкес, «DSFK Арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-мен CDO облигацияларын сатып алу туралы бағалы қағаздарды сатып алу-сату шартын жасасуды мақұлдау туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ басқару аппаратының ұйымдық құрылымына және қызметкерлерінің штаттық кестесіне өзгерістер енгізу туралы;
- ▶ Компанияның 2017 жылдың сегіз айындағы қызметінің нәтижелері және 2017 жылда күтілетін нәтижелері туралы есеп;
- ▶ Компанияның еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласында 2017 жылдың сегіз айындағы қызметінің нәтижелері және 2017 жылда күтілетін нәтижелері туралы есеп;
- ▶ Прорва кен орнын ГДҚ құрылысының жобасын орындау және қолданысқа енгізу туралы есеп (шолу, ағымдағы жағдайы / бөлінген қаражаттардың нақты қолданылуы);
- ▶ 2017 жылдың сегіз айында тауар, жұмыс және қызметтерді сатып алу жоспарының орындалуы және 2017 жылда күтілетін нәтижелер туралы есеп;
- ▶ «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің «Ембімұнайгаз» АҚ-на қатысты қызметі туралы есеп;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы;
- ▶ Компанияның 1 млрд теңгеге дейінгі көлемде мүдделілікпен мәмілелер жасасуы туралы.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі 2017 жылы бірқатар ішкі корпоративтік құжаттарды бекітті.

2017 жылы  
Директорлар  
кеңесі 75  
мәжіліс  
өткізген,  
соның ішінде  
төрт мәжіліс  
тікелей дауыс  
беру тәсілімен,  
71 мәжіліс  
сырттай дауыс  
беру тәсілімен  
өткізілген.



**Директорлар кеңесі мүшелерінің және комитет мүшелерінің Директорлар кеңесі мен комитеттердің мәжілістеріне қатысуы**

2017 жылы өткізілген мәжілістер саны	ДК	Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет	Ішкі аудит жөніндегі комитет	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет
Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы	50				
Абдулғафаров Дастан Елемесович	71				
Нұрғалиев Қуанышбай Жаумитбайұлы	75				
Шейн Эндрю Дрейдер	74	4		1	
Тебериков Дамир Данильбекұлы	21				
Жақсыбеков Әнуар Еркінұлы	50				
Ертлесова Жаннат Джургалиевна	74	5	1	2	2
Қуандықов Балтабек Мұханұлы	74	1	1	1	2
Украсин Игорь Александрович	75	5	1	2	2

**2017 жыл бойынша жалпы ақпарат**

Басқару органы	Мәжіліс саны	Қаралған барлық мәселелер	Қабылданған шешімдер
Директорлар кеңесінің мәжілістері, соның ішінде:	75	96	96
күндізгі	4	25	25
сыртқы	71	71	71

**Директорлар кеңесінің 2017 жылы күндізгі мәжілістерінде қабылданған тапсырмасы бойынша ақпарат**

Атауы	Саны
Барлық тапсырма	13
Жұмыста	1
Орындауға қабылданған	13
Орындалған	12



## Директорлар кеңесінің комитеттері

### Ішкі аудит жөніндегі комитет

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 51 шешімімен Ішкі аудит жөніндегі комитет құрылған.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Ішкі аудит жөніндегі комитеттің құрамына төрт мүше кірген:

ТАӘ	Қызметі
Ертлесова Жаннат Джургалиевна	Ішкі аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы
Украсин Игорь Александрович	Ішкі аудит жөніндегі комитеттің мүшесі
Қуандықов Балтабек Мұханұлы	Ішкі аудит жөніндегі комитеттің мүшесі
Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы	Ішкі аудит жөніндегі комитеттің мүшесі

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің өкілеттіктері Комитет туралы ережемен беліленеді. Комитет жыл сайын Қомитет пен оның мүшелерінің қызметіне талдау өткізіп, бағалау жасайды, және осы ақпаратты Директорлар кеңесіне тапсырады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті төмендегі қызметтерді атқарады:

- 1) Директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, оның құзыреттері, функциялары, сондай-ақ ішкі аудит қызметкерлерінің еңбекақы және сыйақы көлемдері мен оны төлеу шарттары бойынша кеңес береді;
- 2) Директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінде лауазым атқаруға үміткерлерге біліктілік талаптарын қалыптастыру және ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындаумен байланысты шешім қабылдау бойынша кеңес береді;
- 3) ішкі аудит жөніндегі комитеттің есептерін қарайды;
- 4) ішкі аудит қызметінің нұсқауларының орындалуын бақылайды;
- 5) ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін мониторингілейді және бақылайды;
- 6) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бақылайды және бағалайды.

Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті мәжілістерді тұрақты негізде және қажетінше өткізіп тұрады.

Жыл бойына Комитет төмендегідей мәселелерді қарастырған:

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2017 жылға арналған бюджетіне және 2017–2021 ж.ж. арналған бизнес-жоспарына түзетулерді бекіту туралы;
- 2018–2022 ж.ж. арналған бюджет пен бизнес-жоспарды қарау туралы есеп;
- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің «Ембімұнайгаз» АҚ қатысты қызметі туралы есеп;
- «Ембімұнайгаз» АҚ активтерін өткізу ережелерін бекіту туралы;
- «Ембімұнайгаз» АҚ ақпаратты ашып көрсету және ұсыну ережелерін бекіту туралы;
- 2017–2018 ж.ж. 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар үшін «Ембімұнайгаз» АҚ қаржы есептілігіне аудит жүргізу үшін, аудиторлық ұйымның қызметақысының көлемін белгілеу туралы;
- 2016 жылға арналған қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы;
- Компанияның таза табысын үлестіру тәртібі бойынша ұсыныстарды және 2016 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемін алдын ала бекіту туралы;
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің атқарымдық ПӘК бекіту туралы;
- Ішкі аудит қызметінің нұсқауларын орындау туралы есеп;

- ▶ «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің «Ембімұнайгаз» АҚ қатысты Жұмыс жоспарын келісімдеу туралы;
- ▶ Комитеттің 2018 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған жұмыс жоспары.

### Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитеті

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 51 шешімімен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитеті құрылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің құрамына тоғыз мүше кірген:

ТАӘ	Қызметі
Украсин Игорь Александрович	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің төрағасы
Ертлесова Жаннат Джургалиевна	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі
Шейн Эндрю Дрейдер	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі
Нұрмұханов Қайрат Боранбайұлы	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі
Имандосов Аман Галимжанұлы	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі
Мырзабаев Мағзұм Мақаұлы	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі
Балжанов Бауыржан Куспанұлы	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі
Байдусенов Әлихан Жексенбайұлы	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі
Балабаев Абат Амантайұлы	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі

«Ембімұнайгаз» АҚ «Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитетінің өкілеттіктері» туралы ережемен белгіленеді. Комитет жыл сайын Қомитет пен оның мүшелерінің қызметіне талдау өткізіп және бағалау жасайды, және осы ақпаратты Директорлар кеңесіне тапсырады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитеті төмендегі қызметтерді атқарады:

- 1) Компанияны ұзақ мерзімді кезеңде дамытуға бағытталған стратегиялық мақсаттарды қарау және мақұлдау;
- 2) Компанияны стратегиялық дамыту тұжырымдамаларын, бағдарламалары мен жоспарларын талдау және өткізілген талдау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесіне өз ұсыныстарын енгізу;
- 3) Директорлар кеңесіне ірі мәмілелер жасау мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау;
- 4) Директорлар кеңесіне басқа заңды тұлғаларға, қауымдастықтарға және өзге коммерциялық ұйымдарға қатысу туралы ұсыныстар дайындау;
- 5) Директорлар кеңесіне басқа ұйымдар құру, сондай-ақ Компанияның филиалдары мен өкілеттіктерін ашу және жабу бойынша ұсыныстар дайындау;
- 6) Директорлар кеңесіне Компанияның бейінді емес қызмет түрлері бойынша саясаты аясында ұсыныстар дайындау;
- 7) Директорлар кеңесіне Компанияның активтерін басқару мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау;

- 8) Компанияның инвесторлармен және акционерлермен қатынастары саласындағы саясатын бағалау және өткізілген бағалаудың нәтижелері бойынша өз ұсыныстарын Директорлар кеңесінің қарауына ұсыну;
- 9) Директорлар кеңесіне Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемдері және оларды төлеу тәртібі туралы ұсыныстар дайындау;
- 10) Директорлар кеңесіне Компанияның өткен қаржылық жылдағы таза табысты бөлу тәртібі бойынша ұсыныстар дайындау;
- 11) Директорлар кеңесіне Компанияны болжалды қайта құруға, соның ішінде осындай қайта құрудың шарттарына, тәртібі мен мерзімдеріне қатысты ұсыныстар дайындау;
- 12) Директорлар кеңесінің талабы бойынша қорытындылар дайындау немесе өз құзыретіндегі басқа мәселелер бойынша өз бастамасымен ұсыныстар дайындау, ал жыл аяқталысымен – Директорлар кеңесінің қарауына Комитеттің өткен жылдағы жұмысы туралы есепті ұсыну.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитеті мәжілістерді тұрақты негізде және қажетінше өткізіп тұрады.

Жыл бойы Комитет төмендегідей мәселелерді қарастырды:

- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ 2017 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің болжалды орындалуы туралы есеп;
- ▶ 2018–2022 жылдарға арналған бюджет пен бизнес-жоспарды қарау туралы есеп;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Ақпаратты ашып көрсету және ұсыну ережелерін бекіту туралы;
- ▶ 2017 жылы негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп, соның ішінде 2018 жылдағы келелі мәселелер және негізгі тәуекелдер тізімі;
- ▶ Компанияның таза табысын үлестіру тәртібі бойынша ұсыныстарды және 2016 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемін алдын ала бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің атқарымдық ПӘК бекіту туралы;
- ▶ Компанияның басқарушы құрамының (Басқарма мүшелерінің) 2017 жылға арналған корпоративтік және мотивациялық ПӘК-ін бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ тәуекел-тілегі, тәуекел-шегі және толеранттылық деңгейі туралы ережені бекіту туралы ЭМГ-ПО–132–02 (1-редакция);
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ негізгі тәуекел көрсеткіштері туралы ережені бекіту туралы ЭМГ-ПО–132–03 (1-редакция);
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелері мен басқарушы қызметкерлері жұмысының тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру және қолдану ережелерін бекіту туралы ЭМГ-ПО–119–02 (1-редакция);
- ▶ Комитеттің 2018 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған жұмыс жоспары.

### **Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитетінің құрамына алты мүше кірген:

ТАӘ	Қызметі
Қуандықов Балтабек Мұханұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы
Құрманқұлов Айдос Жеңісұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Шамшиев Альнур Садуахасұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Құтжанов Абат Амангелдіұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі



ТАӘ	Қызметі
Мұхаметрахимов Шайхан Қайратұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Сейтқазиев Бауыржан Адеубайұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитетінің өкілеттіктері Комитет туралы ережемен беліленеді. Комитет жыл сайын Қомитет пен оның мүшелерінің қызметіне талдау өткізіп, бағалау жасайды, және осы ақпаратты Директорлар кеңесіне тапсырады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті төмендегі қызметтерді атқарады:

- 1) Компанияның өндірістік қызметімен байланысты жылдық жұмыстар бағдарламасын, сатып алулар жоспарын және олардың кез келген өзгерістерін бекіту бойынша материалдарды қарау және дайындау;
- 2) бұрғылау жұмыстары жоспарының ағымдағы жағдайының деректерін талдау және бақылау, бұрғылаудың жаңа әдістерін, тәсілдері мен технологияларын ендіру барысын бақылау;
- 3) кен орындарын өңдеу және тиімді жайластыру жоспарларын енгізу бойынша деректерді талдау;
- 4) ұңғымалық өнімді өндіру жоспарының, өндіру, жинау және тасымалдау бойынша өндірістік жұмыстардың орындалуы бойынша есептерді, жұмыс нәтижелерінің сапасын және ұңғымалардың технологиялық көрсеткіштерін тексеру бойынша деректерді талдау;
- 5) мұнай өндірісін үдету және қабат қысымын қолдау жүйесін оңтайландыру бойынша жаңа бағдарламаларды енгізуді талдау;
- 6) жаңа технологияларды енгізу, мұнай мен газ өндірудің тиімділігін арттыруға бағытталған машиналар мен жабдықтарды қолдану бойынша жобалар мен ұсыныстарды қарау және бағалау;
- 7) технологиялық тәртіп, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасының ережелері мен нормаларының, Мемлекеттік қалалық техникалық қадағалау, табиғат қорғау және басқа органдардың талаптарының орындалуын бақылау;
- 8) Компанияның өндірістік қызметімен байланысты өзге мәселелерді қарау.

Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті мәжілістерді тұрақты негізде және қажетінше өткізіп тұрады.

Жыл бойы Комитет төмендегідей мәселелерді қарастырды:

- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2017 жылға арналған бюджетінің түзетулерін және 2017–2021 жылдарға арналған бизнес-жоспарын бекіту туралы;
- ▶ 2018–2022 ж.ж. арналған бюджет пен бизнес-жоспарды қарау туралы есеп;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жеті тиімсіз кен орнының (Таңатар, Ескене, Мақат, Доссор, Комсомольское, Бек-Беке, Сағыз кен орындарының) қайтарылуын қарау туралы 1998 жылғы 13 тамыздағы № 211 келісімшарт бойынша;
- ▶ Компанияның 2017 жылдың сегіз айындағы қызметінің нәтижелері туралы есебі және 2017 жылы күтілетін нәтижелер;
- ▶ Компанияның 2017 жылдың сегіз айында еңбек пен қоршаған ортаны қорғау саласындағы есебі және 2017 жылы күтілетін нәтижелер;
- ▶ Прорва кен орнында УПГ құрылысын орындау және қолданысқа енгізу туралы есеп (шолу, ағымдағы мәртебесі / бөлінген қаражаттарды нақты пайдалану);
- ▶ «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің «Ембімұнайгаз» АҚ қатысты жұмысы туралы есеп;
- ▶ 2016 жылға арналған қаржы есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- ▶ Компанияның таза табысын үлестіру тәртібі бойынша ұсыныстарды және 2016 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемін алдын ала бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалдық ПӘК бекіту туралы;
- ▶ Комитеттің 2018 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған жұмыс жоспары.

## Басқарма

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 24 шешімінің негізінде Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 қазандағы № 56 шешімімен Каримов Әнуарбек Нұроллаұлының «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған, Басқарма мүшесі болып Адилбеков Қайрат Адилбекұлы сайланған.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 73 шешімімен Басқарма мүшесі болып Мақашев Руслан Бексултанұлы сайланған.

## 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Басқарма құрамы

№ 3 Байчунас орта мектебін аяқтағаннан кейін, 1982 жылы еңбек жолын «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Доссорнефть» МГӨМ Байчунас кен орнында мұнай және газ өндіруші оператор болып бастаған. Армияда әскери міндетін атқарған соң, Қарсақ кен орнында мұнай және газ өндіру цехының операторы болып жұмысын жалғастырған. Кейін бұрғылау жұмыстарының Атырау басқармасында учаскелік геолог, жетекші геолог, «Қазақойл-Ембі» ААҚ-ның Мақат ауданы бойынша қабаттардың мұнай беруін арттыру және ұңғымаларды күрделі жөндеу учаскесі бастығының орынбасары қызметін атқарған.

1993 жылы Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы университетін (Мәскеу қ.) «Геология және мұнай мен газ кен орындарын барлау» мамандығы бойынша аяқтаған.

1999 жылы «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Мақатмұнай» МГӨМ бас геологы болып тағайындалған. 2000 жылы «Қазақойл» ҰК АҚ-на өндірісті басқару департаментінің бас инженері қызметіне шақырылған. Геология және өңдеу департаментінің бас инженері, менеджері, директорының орынбасары, геология департаментінің директоры болып жұмыс істеген.

2004–2007 ж.ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ геологиялық-технологиялық қызметтің геология және геофизика департаментін басқарған. 2007–2009 ж.ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру блогының резервуарлары департаментінің директоры қызметін атқарған, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру блогының геология, геофизика департаментінің директоры болған.

2009–2013 ж.ж. – ҚМГ ҰК-нан «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-де геологиялық барлау бойынша менеджер, геологиялық барлау жұмыстары бойынша техникалық қосалқы комитеттің төрағасы. 2013 жылдың ақпан айынан бастап ҚМГ БӨ геология және өңдеу жөніндегі бас директордың орынбасары болып тағайындалған, геологиялық барлау жұмыстары бойынша техникалық комитеттің төрағасы, «Барлау активтері» ҚМГ БӨ Бақылау кеңесінің төрағасы. ҚМГ БӨ қатысуымен бірлескен кәсіпорындарға жетекшілік еткен: «Урал Ойл энд Газ» БК, «ФИОК» ҚХР компаниясымен, Венгер Республикасының «МОЛ» компаниясымен, «Карповский Северный» бірлескен кәсіпорнымен үлеске кірген.

2013 жылдың қазан айында «Қашаған Б.В.» ЖШЖКФ перспективалық жобалар мен операциялық қызметі бойынша бас директордың орынбасары болып



**ЖАҚСЫБЕКОВ Әнуар  
Еркінұлы**

*Директорлар кеңесінің  
мүшесі, «Ембімұнайгаз» АҚ  
Басқарма Төрағасы*

тағайындалған, Солтүстік Каспий жобасының акционерлерінің консультациялық техникалық комитетінің мүшесі болған.

2015 жылдың қыркүйек айынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ жаңа жобалар және технологиялар жөніндегі бас директордың орынбасары. 2017 жылғы 24 сәуірден бері Директорлар кеңесінің шешімімен «ЕМГ» АҚ Басқарма төрағасы болып сайланған.

КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің құрмет грамотасымен; «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құрмет грамотасымен; «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ құрмет грамотасымен марапатталған, ҚР Энергетика және минералды қорлар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің алғыс хатын алған; ҚР ЭМҚМ «Мақат кен орнына 90 жыл» құрмет белгісімен; ҚР Мұнай және газ министрлігінің «Доссор кен орнына 100 жыл» құрмет белгісімен (2011 жыл); «Прорва кен орнына 50 жыл», ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің «Қазақстан Республикасының құрметті жер қойнауын барлаушы» дипломымен және төс белгісімен (2012 жыл); ҚР Мұнай және газ министрлігінің «Қазақстан Республикасының мұнайгаз саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен (2014 ж.); ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ-на 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 жыл) марапатталған.



## ГАБДУЛЛИН Айболат Гизатұлы

*«Ембімұнайгаз» АҚ Өндіріс жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі*

1978 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кен орындарын өңдеу технологиясы және кешенді механикаландыру» мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 1978 жылы «Прорвамұнай» МГӨМ мұнай дайындап айдаушы оператор болып бастаған, кейін шебер, учаске бастығы, ОИТҚ бастығы, бас инженер, басқарма басшысы болып істеген. «Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс жөніндегі бас директордың орынбасары қызметіне тағайындалғанға дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ «Ембімұнайгаз» ПФ өндіріс жөніндегі директорының орынбасары қызметін атқарған. 2012 жылдың қыркүйек айында «Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс жөніндегі бас директордың орынбасары қызметіне тағайындалған.

Қазақстандық мұнайдың 100-жылдығына арналған «Құрмет» орденімен (1999 жыл); ЭМҚМ құрмет грамотасымен (2003 жыл); «Доссор мұнай кен орнын игерудің 100 жылдығы» естелік белгісімен (2011 жыл); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның ҚР тәуелсіздігіне 20-жылдығына арналған құрмет грамотасымен (2011 жыл); Жылыой ауданының құрметті азаматы (2011 жыл); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2012 жыл); «Прорва кен орнына 50 жыл» төс белгісімен (2013 жыл); «Авиация генерал-майоры Талғат Бигелдинов» медалімен (2015 жыл); «Қазақстан мәслихатына 20 жыл» мерейтойлық медалімен (2015 жыл); ҚР ЭМ-нің «Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен (2015 жыл); «Нұр Отан» партиясының төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен (2016 жыл); «KAZENERGY» медалімен (2016 жыл); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2016 жыл); «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен (2016 жыл); ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ-на 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 жыл) марапатталған.



## ТАСМАГАМБЕТОВА Рысты Нұрғалиқызы

*«Ембімұнайгаз» АҚ экономика және қаржы басқармасы төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі*

Екі жоғары білімі бар – 1986 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогика институтын «Тарих және педагогика» мамандығы бойынша, 2002 жылы – Атырау мұнай және газ университетін «Кәсіпорындағы экономика және менеджмент» мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек еткен жылдары әртүрлі басқарушы қызметтерді атқарған: «ЭИТЭК» (Мәскеу қ.) ғылыми-өндірістік фирмасы өкілдігінің директоры, «Атырау мұнай корпорациясы» ЖШС директоры, «Каспий коммерциялық орталығы ЛТД» ЖШС қаржы директоры, «ҚМГ-Жайық» ЖШС экономика және қаржы жөніндегі бас директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ «Ембімұнайгаз» ПФ экономика және қаржы жөніндегі директорының орынбасары. 2012 жылдың қазан айынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ экономика және қаржы жөніндегі бас директорының орынбасары қызметін атқарады.

«Доссор мұнай кен орнын игерудің 100 жылдығы» естелік белгісімен (2011 жыл); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2012 жыл); «Прорва мұнайына кен 50 жыл» төс белгісімен (2013 жыл); «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның құрмет грамотасымен (2014 жыл); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2014 жыл); «KAZENERGY» құрмет грамотасымен (2015 жыл), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ-на 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 жыл) марапатталған.



## АДИЛБЕКОВ Қайрат Әділбекұлы

*«Ембімұнайгаз» АҚ геология және барлау басқармасы төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі*

И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай химиясы және газ өнеркәсібі институтын «Мұнай және газ кен орындарының геологиясы және барлау» мамандығы бойынша аяқтаған. Институтты аяқтағаннан кейін, еңбек жолын «Оралмұнайгазгеология» ӨГБ Орал мұнай-газ барлау экспедициясында ұңғымаларды сынау жөніндегі оператор қызметінде бастаған.

1985–1993 ж.ж. «Оралмұнайгазгеология» ӨГБ-да аға геолог, жетекші геолог, мұнай және газ қорларын есептеу партиясының бастығы, тәжірибелік-әдістемелік экспедицияның бас геологы, «Оралмұнайгазгеология» ӨГБ-да мұнай өндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы болып істеген. Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орнында (1985 және 1988 жылдары) және Тепловск-Токарев кен орындары тобында (1991 жылы) көмірсутек шикізаты қорларының КСРО қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясында барлау, есептеу және қорғау барысына қатысқан. 1993–2001 ж.ж. коммерциялық және консалтингтік компанияларда әртүрлі басқарушы қызметтерді атқарған. 2001–2005 ж.ж. қорларды қайта есептеу жобасының үйлестірушісі, «Теңізшевройл» ЖШС кен орындарын дамыту бөлімінің бастығы болып жұмыс істеген. Теңіз (2002 жылы) және Королевское (2004 жылы) мұнай кен орындарының қорларын қайта есептеу және технологиялық өңдеу схемаларын әзірлеу бойынша есептерді дайындау, келісімдеу және бекіту жұмыстарының үйлестірушісі болған. 2005–2014 ж.ж. «Қожан» ЖШС-нің мұнай және мұнайсервистік компанияларында (филиал басшысы, дамыту жөніндегі бас директордың орынбасары – бас геолог), «Jupiter Energy Pte. Ltd.» компаниясының қазақстандық филиалында (техникалық директор) және «Азатпетротранс» ЖШС-де (директор) басқарушы қызметтерді атқарған. 2014 жылдың тамыз айынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ геология және геофизика департаментінің директоры. 2015 жылғы қыркүйектен бері «Ембімұнай-



газ» АҚ геологиялық барлау жөніндегі бас директордың орынбасары болып тағайындалған. Қазақстан Республикасы Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясының (ҚР ҚМК) тәуелсіз сарапшысы болып табылады.

«Қазақстан Республикасы жер қойнауын барлау үздігі» белгісімен; «Орал мұнай-газ барлау экспедициясы» құрмет грамотасымен (1986 жыл); Қазақстан КЖЛК ОК құрмет грамотасымен (1987 жыл); «Орал мұнайгаз барлау экспедициясы» Ұлы Октябрьдің 70-жылдығына арналған құрмет грамотасымен (1987 жыл); «Орал мұнайгаз барлау экспедициясы» Геологтар күніне арналған құрмет грамотасымен (1989 жыл); «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 95-жылдығы» ҚР Энергетика министрлігінің мерейтойлық медалімен (2017 жыл) марапатталған.



### **БАЛЖАНОВ Бауыржан Құспанұлы**

***«Ембімұнайгаз» АҚ Бизнесті дамыту басқармасы төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі***

Атырау университетінің Мұнай және газ институтын «Мұнай және газ геологиясы» мамандығы бойынша аяқтаған. 2010 жылы Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) («Менеджмент») дәрежесін алған.

Жоғары оқу орнын аяқтаған соң, еңбек жолын 1996 жылы «Гюрал» БК-да инженер-геолог қызметінде бастаған. 1999–2000 жылдары инженер-технолог, «Қазақойл-Ембі» ААҚ-да Өндірісті жедел басқару департаментінің (ЦИТС) ауысым бастығы болып жұмыс істеген. 2000–2001 ж.ж. – «Қазақойл-Ембі» ААҚ жаңа кен орындарын игеру департаментінің жетекші инженері қызметін атқарған. 2001 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және мұнай өнімдерінің балансы секторының басшысы болып тағайындалған. 2004–2009 ж.ж. – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Қазынашылық департаментінің жедел есеп және бақылау бөлімінің бастығы. 2009–2012 ж.ж. – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Қазынашылық департаменті директорының орынбасары. 2012 жылы – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мұнай және мұнай өнімдерін экспорттау департаменті директорының орынбасары. 2012–2013 ж.ж. – «The Rompetrol Group Corporate Center SRL» логистика бойынша топтарының директоры. 2013–2015 ж.ж. – KMG – Kashagan B.V. коммерциялық директоры. 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ коммерция жөніндегі бас директорының орынбасары.

«Мақат мұнай кен орнына 90 жыл» естелік белгісімен (2005 жыл); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2009 жыл); «Доссор мұнай кен орнына 100 жыл» естелік белгісімен (2011 жыл); ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ-на 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 жыл) марапатталған.



### **МАҚАШЕВ Руслан Бексұлтанұлы**

***«Ембімұнайгаз» АҚ Заң департаментінің директоры, Басқарма мүшесі***

Қазақ мемлекеттік академиясын аяқтаған (2000 жылы). Еңбек жолын жол жөндеу-құрылыс басқармасында заңгер болып бастаған. «Қазақойл-Ембі» ААҚ-да заң кеңесшісі болып жұмыс істеген. Әртүрлі жылдары «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-да аға заңгер, департаменттер директорының орынбасары қызметін атқарған. «Қаражанбасмұнай» АҚ заң департаментінің директоры, вице-президенті қызметінде жұмыс істеген. 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ заң департаментінің директоры қызметін атқарады.

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2009 жыл); «Доссор мұнай кен орнына 100 жыл» естелік белгісімен (2011 жыл); «Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен (2011 жыл); «Қаражанбасмұнай» АҚ алғыс хатымен (2017 жыл); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ алғыс хатымен (2017 жыл) марапатталған.

## Басқарманың жұмысы туралы есеп

Компанияның Басқарма төрағасының өкілеттіктері Компания Жарғысының 13-тарауымен белгіленеді.

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымдағы операциялық қызметін басқарады. 2017 жылы тұрақты негізде және қажетінше Басқарманың 26 мәжілісі өткізілді.

2017 жылы Басқарма Компанияның операциялық қызметіне қатысты төмендегі мәселелерді қарастырды:

- ▶ Компания жасауға мүдделі болған мәмілелерді жасасу;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік бағдарламасын бекіту;
- ▶ Студенттерді (қазақстандық мамандарды) оқытуға қаражат бөлу туралы;
- ▶ Қосарлы оқытуды ұйымдастыру туралы;
- ▶ Бірінші кезектегі ТЖҚ сатып алулардың 2018 жылға арналған тізімін бекіту туралы;
- ▶ Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына әлеуметтік, қайырымдылық көмек көрсету туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ басқару аппаратының қызметкерлеріне (Басқарма мүшелері мен корпоративтік хатшыдан басқа) 2017 жылға арналған тоқсандық сыйақы төлеу туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің штаттық кестелерін бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ басқару аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және өндірістік құрылымдық бөлімшелері басшыларының ПӘК-ін бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ зейнеткерлеріне материалдық көмек төлеу туралы;
- ▶ Есептен шығарылуы тиіс өтімсіз ТМҚ тізімін бекіту туралы.







# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компанияның тәуекелдерді басқару саласындағы стратегиясы тәуекелдерді дер кезінде сәйкестендіру, бағалау және Компанияның тәуекел-тілегін ескере отырып, оларды проактивті басқару арқылы қол жеткізілетін бизнестің стратегиялық және оперативті тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесі өзара байланысқан, бірыңғай үдеріске біріктірілген элементтер жинағы болып табылады, оның аясында Директорлар кеңесі, басшылық және қызметкерлер, әрқайсысы өз деңгейінде Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды анықтауға, сондай-ақ қолайлы тәуекел/ тәуекел-тілек деңгейі шегінде осы оқиғаларды басқаруға қатысады. Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша рөлдер мен жауапкершіліктің үлестірілуі (Директорлар кеңесі, басшылық, қызметкерлер) Компанияның тәуекелдерді басқару саясатында бекітіледі.

Тәуекелдерді басқару Компанияның басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісі мен операциялық қызметті қолдайтын құрал ретінде қолданылады.

Тәуекелдерді басқару үдерісі стратегиялық жоспарлау, өндірістік және бюджеттік жоспарлау үдерістерімен, инвестициялық қызметпен және уәждеу жүйесімен өзара тікелей байланысқан және ықпалдастырылған.

Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі мұнай-газ өндіретін басқармалардың (МГӨБ) және «Ембімұнайгаз» АҚ өзге қосалқы басқармаларының тәуекелдер портфелін ескере отырып жұмыс істейді және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ тәуекелдерін басқару жүйесімен ықпалдасады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамында қойылған міндеттердің орындалуын бақылау жүйесі, өткізілетін шаралардың тиімділігін бағалау үдерісі, тәуекелдер портфелінің талдауы ескерілген шешім қабылдау жүйесі қамтылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің міндеттері төмендегідей:

- ▶ стратегиялық және операциялық мақсаттарға жетуге қауіп төндіретін тәуекелдердің пайда болуының алдын алу;
- ▶ осындай тәуекелдер пайда болған жағдайда, олардың әсерін қолайлы деңгейге дейін азайту;
- ▶ күтпеген жағдайларға тиімді жауап қайтару және оларды басқару;
- ▶ корпоративтік басқару және тиімді бақылаушы ішкі ортаны қамтамасыз ету жалпы үдерісінің бір бөлігі болып табылатын тәуекелдерді жүйелі басқару үдерісін қолдау.

Компанияда тәуекелдерді басқару үдерісі тұрақты, циклдік (үздіксіз) және жан-жақты болып бөлінеді.

Тәуекелдерді басқару үдерісі төмендегідей құрамдас бөліктерден құралады:

- ▶ мақсат қою;
- ▶ тәуекелдерді сәйкестендіру;
- ▶ тәуекелдерді бағалау;
- ▶ тәуекелдерді бақылау және басқару;
- ▶ мониторинг;
- ▶ есептілік.







# ТҰРАҚТЫ ДАМУ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ  
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

95 жыл




ЕмбіМұнайГаз

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ







### 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қызметкерлер құрылымы




### Қызметкерлердің тұрақтамауы, %



### Компаниядағы қызметкерлердің еңбек сіңірген жылдары, адам



### Қызметкерлердің жас бойынша топтары, адам



## Кадрлық саясат

Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаменті еңбекті ұйымдастыру, еңбекақы төлеу үлгілері мен жүйелері, Компания мен оның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде материалдық және моральдық ын-таландыруды дамыту бойынша тұрақты жұмыс атқаруда. Еңбек бойынша салааралық және салалық нормативтерді қолданудың негізінде еңбекті нормаларуды жетілдіру шараларын жүзеге асырады. Еңбек өнімділігін арттыру, соның ішінде оңтайлы штат санын ұстап тұру арқылы өнімділікті арттыру бойынша жұмыс атқарылуда.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің штаттық саны 5 439 адамды құрады. Қызметкерлердің нақты саны – 5 275 адам, соның ішінде 4 166 ер адам және 1 109 әйел. 2017 жылы қызметкерлердің тұрақтамауы 3,34%, ал бұл көрсеткіштің мақсатты мәні 6% дейін болды.

Мұнайдың дүниежүзілік бағасының төмендеуіне және шығынды оңтайландыру қажеттілігіне байланысты қазіргі уақытта бейінді емес маманданбаған штаттық жұмыс орындары қысқартылып, аутсорсингке шығарылып жатыр. «Ембімұнайгаз» АҚ-да 2014 ж. бастап 2017 ж. дейінгі уақытта 164 жұмыс орны аутсорсингке шығарылды.

Компанияда жұмыс өтілінің басым бөлігін мұнай саласының ызбарлы жағдайларында еңбек еткен және денсаулығы сыр берген қызметкерлер үшін зейнетке 58 жастан бастап мерзімінен бұрын шығу бағдарламасы жүзеге асырылады. 2014 жылы бағдарлама жүзеге асыра бастаған кезден 31.12.2017 жылға дейінгі уақытта 162 қызметкер зейнетке мерзімінен бұрын шықты.

Компания тұрақтылығының негізі – еңбек әулеттері. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» 20 аса әулеттің өкілдері еңбек етеді. Олардың үшінші және одан көп буын ұрпақтары әке-аталарының ізін басып, мұнайшы кәсібін таңдады. Кейбір әулеттердің жалпы жұмыс өтілі 200 жылдан асады.

## Қызметкерлерді оқыту және дамыту

«Ембімұнайгаз» қызметкерлерін оқыту және дамыту шаралары Компанияның стратегиялық даму талаптары мен әлеуетін ескере отырып, қызметкерлердің біліктілігін қалыптастыру және оның қажетті деңгейін сақтап тұру мақсатында жүзеге асырылады.

Компанияда мынадай оқу түрлері өтеді:

- 1) техникалық пәндерді оқыту;
- 2) қаржы-экономикалық пәндерді оқыту;
- 3) тіл оқыту;
- 4) жалпы сипаттағы пәндерді оқыту;
- 5) магистрлік, мамандырылған, модульдық бағдарламалар бойынша оқыту;
- 6) жұмыс орнында қолданылатын техникалық әдіс-тәсілдер мен машықтарды үйрету;
- 7) қауіпсіздік техникасын, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды үйрету;
- 8) комплаенс бойынша міндетті оқыту.

Негізінен мынадай оқу әдістері қолданылады:

- 1) қысқа мерзімді курстарда оқу, соның ішінде корпоративтік оқу;

- 2) жұмыс орнында оқу;
- 3) Компанияның басқа құрылымдық бөлімшелерінде немесе басқа компанияларда тағылымдамадан өту;
- 4) Ғаламтор және/немесе басқа да байланыс түрлерінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып қашықтан оқу;
- 5) конференциялар, дөңгелек үстелдер, форумдар, симпозиумдар, конгрестер, көрмелерге қатысу. Олар тәжірибе жинақтау және ой-өрісті кеңейтіп қана қоймай, соңғы жетістіктер мен технологиялар, жаңа әдіс-тәсілдер мен идеялар, басқа компаниялардың жемісті тәжірибесімен және әзірлемелерімен танысуға, сондай-ақ Компания үшін пайдалы әріптестік қарым-қатынас орнатуға жағдай жасайды.

Компанияның орта буын басқарушыларын оқытып-дамыту мақсатында модульдық оқу жүргізіледі. 2015–2017 жж. осындай әдістеме бойынша 247 қызметкер оқудан өтті. Мынадай бағдарламалар енгізілді:

- ▶ аға техникалық қызметкерлерге (цех/учаске бастықтары) арналған модульдық оқу бағдарламасы;
- ▶ орта техникалық қызметкерлерге (цех/учаске шеберлері) арналған модульдық оқу бағдарламасы;
- ▶ геологтарға арналған модульдық оқу бағдарламасы;
- ▶ энергетиктерге арналған модульдық оқу бағдарламасы;
- ▶ еңбекті нормалау және еңбекақы төлеу бойынша модульдық оқу бағдарламасы;
- ▶ кадрлық қызметкерлерге арналған модульдық оқу бағдарламасы;
- ▶ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша мамандарға арналған модульдық оқу бағдарламасы (2017 жылдан бастап енгізілген).

2017 жылы қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті курстардан 4 981 қызметкер, жұмыс мамандықтары бойынша оқудан 974 қызметкер, біліктілігін арттыру, семинарлар, тренингтерден 478 қызметкер өтті.

## Шетелде оқу

### *РМУ магистратурасында оқу*

2016 жылғы қыркүйектен бастап Компанияның қаражаты есебінен үш қызметкер И.М. Губкин атындағы Ресей мұнай-газ мемлекеттік университетінің (ұлттық зерттеу университеті) магистратурасында «Мұнай-газ ісі» бағыты бойынша «Көмірсутекті жүйелерді үлгілеу технологиялары» бағдарламасын оқып жатыр.

Компания сонымен бірге «Бейінді шетел тілі» қосымша пәні бойынша оқу ақысын, РМУ жатақханасында тұру ақысын, ұшақпен ұшу ақысын төлейді, ай сайын шәкіртақы төлейді.

### *РФ-да ГҚДҚ қызметкерлерін оқыту және тәжірибе алмасу*

2017 жылғы 10–25 мамыр аралығында «ЦПК-Татнефть» ҚКББ ЖББМ Мактаминский филиалында (РФ, Альметьевск қ.) жобалық қуаты жылына 150 млн текше метр Прорва кен орындар тобының ілеспе мұнай газын кәдеге жарату үшін тағайындалған жаңа газды кешенді дайындау қондырғысына (ГҚДҚ) күтім жасайтын «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның газ дайындау және күкірт алу цехының жаңадан қабылданған 55 қызметкері оқудан өтті. Оқу теориялық оқуды және мұнай-газ саласының мамандықтары бойынша практикалық оқуды қамтитын бекітіліп қойған бағдарламаларға сәйкес өткізілді. Оқушыларға газ өңдеу барысын және технологиялық жабдықты, сорғыларды, компрессорларды, БӨҚЖА аспаптарын жан-жақты танып білу, оқу полигонында ТНГПБ қызметкерлері арасында кәсіби шеберлік байқауына дайындалып-қатысуға мүмкіндік берілді.

2017 жылғы 16–26 қазан аралығында «ЦПК-Татнефть» ҚКББ ЖББМ Мактаминский филиалында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның газ дайындау және күкірт алу цехының жаңадан қабылданған 17 қызметкері жұмыс мамандықтары бойынша сәйкес оқудан өтті.

ГҚДҚ инженерлік-техникалық қызметкерлері (ИТҚ) үшін Мәскеу, Санкт-Петербург, Уфа қалаларының оқу орталықтарында біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды:

- ▶ SIEMENS (SIMATIC S7: ST-7PRO1, ST-7PRO2, TIA-SYUP1200-1500, S7-TECHN, S7-WinCC) контроллерлерінің негізіндегі жүйелерді жобалау, бағдарламалау және енгізу бойынша бес курс, «СИМАТИК» ОКО, Мәскеу қ.;
- ▶ «Сорғылар және компрессорлар – қолдану мәселелері», «Прогресс-Центр» ЖШҚ, Санкт-Петербург қ.;
- ▶ «Магистральдық құбырлардың электр химиялық қорғанысы. Мұнай-газ және мұнай химиясы кешенінің кәсіпорындарында электр қондырғыларды пайдалану, диагностика жүргізу және жөндеу», УММТУ ҚКОИ, Уфа қ.

### ***ҚХР-да тәжірибе алмасу***

2017 жылғы 17–24 мамыр аралығында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның газ дайындау және күкірт алу цехының 7 қызметкері (ИТҚ) ҚХР Тяньцзинь қаласына LO-CAT технологиясы бойынша тікелей тотықтыру жолымен күкірт алу қондырғыларының қолданыстағы объектілерінде тәжірибе алмасуға жіберілді.

## **Кадрлық қорды қалыптастыру және дамыту**

Құрылымдық бөлімше басқарушыларының орнын басу үшін кадрлық қор қалыптастыру «Ембімұнайгаз» үшін өзекті мәселе болып табылады.





### Кадрлық қорды қалыптастырудың мақсаттары

- ▶ басқарушы лауазымдарға тағайындауға кандидаттардың бар болуы есебінен, сондай-ақ басқаруда сабақтастықты қамтамасыз ету арқылы Компанияның ұзақ мерзімді кадрлық тұрғыдан қорғалуын қамтамасыз ету;
- ▶ әлеуетті қызметкерлерді тауып, олардың әлеуетін Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге барынша қолдану үшін қызметкерлерді оқытып дамыту;
- ▶ Компания қызметкерлерінің мотивациясын арттырып, мансабын дамытуға мүмкіндіктер беру;
- ▶ Қызметкерлердің мансабын дамытуға мүмкіндік беру арқылы Компанияның әлеуеті жоғары қызметкерлерді тартып, жұмыс орнында ұстай алатын жұмыс беруші ретінде ұтымды бедел-бейнесін қалыптастыру.

2014 жылдың наурыз айында Кадрлық қорды дамыту қағидалары бекітілді, ал 2014 жылғы тамыз-қазан аралығында Компанияның кадрлық қорын қалыптастыру бойынша жоба жүзеге асырылды. Жоспарлы кадрлық қорға енгізілу үшін кешенді бағалауға 252 үміткер, әлеуетті кадрлық қорға 52 үміткер, барлығы 304 үміткер қатысты. Кешенді бағалау қорытындылары бойынша кадрлық қорға 87 қызметкер, соның ішінде 62 қызметкер жоспарлы кадрлық қорға, 25 қызметкер әлеуетті кадрлық қорға енгізілді.

Кадрлық қордағы қызметкерлердің тұлға ретінде дамуы, кәсіби өсуі мақсатында Қызметкерлерді басқару және дамыту департаменті (ҚБЖД) жеке даму жоспарларын (ЖДЖ) әзірлеп дайындады. Оларға сәйкес қызметкерлерді теориялық және практикалық даярлау бойынша шаралар өткізіледі.

### 2015–2017 жж. қызметкерлерді басқарушы лауазымдарға тағайындау:

- ▶ жоспарлы кадрлық қор – 24 қызметкер;
- ▶ әлеуетті кадрлық қор – 6 қызметкер.

### Бірыңғай кадрлық қор (БКҚ)

2016 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бірыңғай кадрлық қорына Компанияның басқару аппараты департаменттерінің директорлары, директорларының орынбасарлары және өндірістік құрылымдық бөлімшелердің бастықтары, бас инженерлері қатарынан тоғыз қызметкер іріктеліп алынды.

2017 жылғы тамызда БКҚ-ның үш кадрлық қор қызметкері Қазақстан-Британ техникалық университетінің (ҚБТУ) «Мұнай-газ саласында тиімді басқару» MBA магистратурасына оқуға түсті. БКҚ-ның кадрлық қор қызметкерлерінің оқу ақысын «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қаражаты есебінен төлейді.

## Қызметкерлерді ынталандыру

### «Үздік маман – 2017» байқауын ұйымдастыру және өткізу

Байқаудың бірінші айналымы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның әр өндірісік құрылымдық бөлімшесінде 13 негізгі жұмыс мамандығы бойынша өткізілді, екінші айналым «Жайықмұнайгаз» МГӨБ негізінде бірінші айналымның жеңімпаздары арасында өткізілді, үшінші айналым «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының жеңімпаздары арасында өткізілді, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері 10 жұмыс мамандығы бойынша қатысты.

Үшінші айналымның қорытындылары бойынша «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның қаттық қысымды ұстаушы (ҚҚҰ) операторы Әбділғазиев Әлібек Аманжанұлы үшінші орын алды, ұжымдық шартқа сәйкес оған 10% көлемінде үстеме ақы белгіленді.

### **«Ембімұнайгаз» АҚ-ның негізінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ жас мамандарының V мерейтой форумын ұйымдастыру және өткізу**

Жас мамандар форумының аясында «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының бастама-сымен ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференцияға Компанияның бес қызметкері жүзеге асырылған жобалардың презентацияларымен қатысты, жеті қызметкер «Мұнайгаз кен орындарын игеру», «Геология», «Мұнай және газ өндірудің техникасы мен технологиясы» бағыттары бойынша жаңа жобаларын таныстырды.

### **Қызметкерлерді марапаттау және ынталандыру**

2017 жылы сіңірген еңбегі үшін 406 қызметкер, соның ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Басқарма Төрағасы Жақсыбеков Әнуар Еркінұлы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша «Құрмет» орденімен марапатталды.

### **Әлеуметтік жобалар**

Компания келісімшарттық міндеттемелердің аясында қазақтандық мамандарды даярлау бойынша әлеуметтік жобаларға елеулі қаражат бөледі. 2015 жылдан бастап Компанияда қосарлы білім беру және шәкіртақы бағдарламасы жүзеге асырылады.

Қосарлы білім беру жобасының аясында соңғы үш жылдың ішінде Атырау мұнай және газ университетінің және АРЕС Petrotechnic жоғары колледжінің 69 студенті өз оқуларымен қатар Компанияның өндірістік бөлімшелерінде тәжірибеден өтті. Дипломдармен бірге еңбек қызметі жазылған еңбек кітапшаларын да алды.

Қосарлы білім беру аясында оқу қорытындылары бойынша:

- ▶ 69 тағылымгерге «Ұңғымаларды зерттеуші оператор» мамандығы берілді;
- ▶ 19 тағылымгер «Сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы» екінші мамандығын алды;
- ▶ АМГУ төртінші курсының 20 тағылымгері «Мұнай және газ өндіруші оператор» мамандығы бойынша оқуын жалғастырып жатыр;
- ▶ 16 тағылымгер «Ембімұнайгаз» АҚ-ға қызметке орналасқан.

Компания шәкіртақы бағдарламасының аясында АРЕС Petrotechnic жоғары техникалық мектебінің халықтың әлеуметтік осал топтары және «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің балалары қатарынан төрт студенттің оқу ақысын төлеу бойынша міндеттемелерді көтереді, заңнама бойынша тиісті жылға белгіленген минималдық еңбекақы көлемінде ай сайын шәкіртақы төлейді, тәжірибеден өту орнын ұйымдастыру міндетін мойнына алады, сондай-ақ мамандық бойынша бос орындар болған жағдайда қызметке орналастырады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттық міндеттемелердің аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ақшалай қаражаты есебінен 129 студенттің оқу ақысы төленді. Қазақстанның және шетелдің жоғары оқу орындарының және орта мамандырылған оқу орындарының 306 студенті мен оқушысы Компанияның кен орындарында өндірістік тәжірибеден өтті.

### **Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау**


Компанияның әлеуметтік саясат саласындағы қызметі қауіпсіз және ыңғайлы еңбек жағдайларын жасауға, қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің, зейнеткерлердің, сондай-ақ соғыс және еңбек ардагерлерінің әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз етуге бағытталған. «Ембімұнайгаз» АҚ 2017 жылы әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін 3 млрд теңге жұмсады.

Компания өз қызметкерлеріне әлеуметтік қорғаныстың жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді. Ұжымдық шарт кепілдемелер мен жеңілдіктерді, өтемақы мен материалдық көмектің берілуін көздейді. Әр қызметкердің маңызды проблемаларын шешуге көп көңіл бөлінеді: еңбек демалысына қосымша сауығу мақсатындағы қосымша төлемдер, жүктілікке және босануға байланысты төлемдер, бала бір жарым жасқа жеткенге дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған қызметкерлерге ай сайынғы төлемдер, қызметкердің қайтыс болуына байланысты оны жерлеуді ұйымдастыруға бөлінетін бір реттік төлем, өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған қызметкердің отбасына бір реттік төлем, қызметкерлердің балаларының демалысын төлеу, қызметкерлерді шипажайлық-курорттық емдеу ақысы, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақылар, қызметкерлердің мәдени-көпшілік және спорттық шараларды ұйымдастыру, қызметкерлерді тамақтандыру қызметін ұйымдастыру және басқасы.

Компания сонымен бірге ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру бойынша әлеуметтік кепілдемелер береді. Емдеуге жұмсалатын шығындар сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асатын жағдайда емдеуге және медициналық операциялардың ақысын төлеу үшін қызметкерлерге ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес материалдық көмек қарастырылған.

2017 жылы ұжымдық шарт талаптарын орындау бойынша әлеуметтік төлемдер 420 млн теңге құрады. Соның ішінде 1 530 адам жалпы сомасы 264 млн теңгеге шипажайлық-курорттық емдеуден өтті, қызметкерлердің 1 136 баласына 224 млн теңге бөлінді. 2017 жылы зейнеткерлерге материалдық көмек төлеу үшін 336 млн теңге бөлінді, соның ішінде Қазақстанның шипажайларында сауығып-демалу үшін Компанияның зейнеткерлері мен ардагерлеріне 117 млн теңге бөлінді.

### 2017 дағы демеушілік және қайырымдылық көмектің құрылымы



## Әлеуметтік саясат

2017 жылы ЕМГ 95-жылдық мерейтойын атап өтті. 1922 жылы «Ембімұнай» тресті құрылған сәттен бастап Компания еліміздің және Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлесін тигізіп жатыр.





«Ембімұнайгаз» АҚ 2012 жылы акционерлік қоғамға ауысқан сәттен бастап 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттар бойынша міндеттемелерінің аясында Атырау облысының инфрақұрылымын дамытуға 2,3 млрд теңге көлемінде қаражат бөлді, республикалық және жергілікті бюджетке салық ретінде 695,6 млрд теңге төледі және демеушілік пен қайырымдылыққа 2,3 млрд теңге бөлді.

Компанияның ақшалай қаражаты есебінен Атырау облысының аудандарында балабақшалар, бюджет саласындағы қызметкерлерге арналған тұрғын үйлер, ДШСК-лар, мәдениет үйлері және әлеуметтік мақсатта қызмет ететін басқа да нысандар салынып жатыр. 2017 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ аймақтық инфрақұрылымды дамытуға 840 млн теңге бөлді.

2016–2017 жж. бөлінген қаражатқа мынадай әлеуметтік нысандардың құрылысы аяқталып, қолданысқа енгізілді: Қызылқоға ауданының Сағыз және Тасшағыл ауылдарындағы 100 орындық балабақша, бес екі пәтерлі үй, Мақат ауданындағы 300 орындық О. Сарғұнанов атындағы орта мектеп, Исатай ауданының Тұщықұдық және Жанбай ауылдарындағы «Құлыншақ» балабақшасына жалғастыра салынған ғимарат және 200 орындық мәдениет үйі. Мынадай әлеуметтік нысандардың құрылысы жалғасуда: Қызылқоға ауданының ауылдарындағы 424 орындық орта мектеп, 290 орындық балабақша, фельдшер-акушерлік пункт және бюджеттік сала қызметкерлеріне арналған 10 үй, Исатай ауданының Аққыстау ауылындағы 160 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені.

«Ембімұнайгаз» АҚ жыл сайын спорттық және қоғамдық ұйымдарға демеушілік көмек, қатты ауру нәтижесінде шұғыл операцияға және оңалтуға мұқтаж балаларға қайырымдылық көмек, халықтың әлеуметтік осал топтарына жәрдем береді. Жалпы 2017 жылы Компания 319 млн теңгеден аса сомаға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетті.

Ембі мұнайшылары халықтың әлеуметтік осал топтарына әркез көңіл бөлетін, және Компанияның мерейтойына орай өткізілетін шаралар легі дәл балаларға арналған акциядан басталды: Атырау облыстық балалар ауруханасының ғимаратында ЕМГ АҚ басшылығынан медициналық мекеме ұжымына медициналық жабдықты табыстау рәсімі өтті. Компания мүмкіндігі шектеулі 350 баланың басын біріктірген «Жан жылуы» қайырымдылық шарасын ұйымдастырды. «Атырау» ДШСК-да алғаш рет «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының 95-жылдық мерейтойына орай «Алтын ұя» отбасылық-спорт мерекесі өтті. Қайырымдылық мақсатында шырша мейрамын өткізу Компанияда дәстүрге айналды. Соңғы үш жылдың ішінде ЕМГ АҚ мейрам күні емдік және мамандырылған мекемелерде жатқан балаларға театрландырылған шырша мейрамдарын өткізеді. Қайырымдылық шыршалар балаларға арналған 8 медициналық және мамандырылған мекемеде өтті.

2017 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-да ҚР еңбек сіңірген мұнайшысы, ҚР Мемлекеттік сыйлық лауреаты Б. Сағынғалиевтің 90-жылдық мерейтойына орайластырылған салтанатты шаралар өтті. Осыдан бұрын Б.С. Сағынғалиев тұрған үйде мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Жалпы 2017 жылы Компания

**319 млн теңгеден**

аса сомаға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетті.

## Қоршаған ортаны қорғау

«Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне аса көп көңіл бөледі. Компания экологиялық құрауыштарға (ауа, су, топырақ және т.б.) мониторинг жүргізу және өндірістің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін тиімді азайту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді.

### Атпалар мен қалдықтар бойынша деректер

Атауы	Өлш.бірл.	2015	2016	2017
<b>Стационалық көздер бойынша (тасталынды),</b>	т	5134,325	5017,922	5120,115
соның ішінде газды жалындатып жағу салдарынан	т	2554,934	2511,26	2991,914
<b>Атпалар бойынша</b>	т	34,188	50,028	35,454
Қалдық көлемі (орналастырылған)	т	7193,785	3308,975	3007,91
Қалдық көлемі (қайта өңделген)	т	7199,71	12216,0914	11995,53
Жинақталған қалдық көлемі үдемелі қорытындымен	т	13742	8243,475	5465,629
Газ жағу көлемі	мың м <sup>3</sup>	85043,3	87188,3	100538,2

2017 жылғы маусымда Компания ірі жоба – қуаты жылына 150 млн текше метр Прорва кен орындар тобының ілеспе газ даярлау қондырғысын іске қосты. Жоба ілеспе газды 100-пайыз кәдеге жарату бағдарламасының аясында жүзеге асырылған.

Компания жоспарлы түрде қоршаған ортаға тигізетін зиянды барынша азайту жолында жұмыс жасап, өндіріс қалдықтарын азайту мәселелеріне көп көңіл бөледі. «Ембімұнайгаз» АҚ тарихи ластанған аумақтарды тазалауға және мазуттанған топырақты қайта өңдеуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруға елеулі қаражат бөледі. Қайта өңдеу жұмысы Kalottikone фин компаниясы өндіретін KASC-30M қондырғысының көмегімен орындалады. Қайта өңделген топырақ кен орындарындағы автожолдардың құрылысы және жөндеуі кезінде қолданылады. Сонымен бірге шеттес ұйымдардың қатысуымен топырақ тиімді әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз биологиялық әдіспен қайта өңделеді. Бұдан басқа қосымша өндіріс қалдықтарын (пайдаланылған шамдар, майлар және т.б.) арнайы мамандырылған кәсіпорындарға табыстау арқылы кәдеге жаратады.

Тұщы суды оңтайлы қолдану аясында Компанияда 2016 жылдан бастап Оңтүстік Ембі бассейні және Қайнар сілемінің аумақтарында жерасты сулардың альб-сеноман түзілімдерін бағалай отырып, жер асты суларды зерттеу және «Ембімұнайгаз» АҚ нысандарының өндірістік қажеттіліктері үшін бұдан әрі пайдалану бойынша жұмыстар басталды. Бағдарламаның жүзеге асырылуы кәсіпорынның Еділ суын өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктер үшін тұтыну тәуелдігін азайтады.

Жағалаудағы және су экожүйелеріне тиетін әсерден қорғау мақсатында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен орнының аумағында қорғаушы бөгетті нығайту жұмысы, сондай-ақ су деңгейі көтерілген және су басқан ұңғымалардың мониторингі жүргізіледі.

Компания қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми-зерттеу, іздеу және басқа жұмыстар жүргізеді. Зиянды өнеркәсіптік заттар мен автокөлік шығарындыларын кәдеге жарату тәсілдері зерттеліп, ластаушы заттардың мониторингі және бақылау жүйелерінің автоматтандырылған өндірісі әзірленіп жатыр. Бұл Компанияның өндірістік нысандарының орасан зор аумақты алып жатқандықтан әсіресе өзекті мәселе болып табылады. Өндіріс қалдықтарын орналастыруды реттеу және нормалау жұмыстары және тағы басқа шаралар өткізіліп жатыр.

Компания сонымен бірге кәсіпорын қызметкерлері және өңірдегі халықтың арасында экология мәселесі бойынша ағартушылық қызметпен айналысады, әрі ҚОҚ саласында мамандардың біліктілігін арттыру жолында көп жұмыс атқарады.

Компания жоспарлы түрде қоршаған ортаға тигізетін зиянды барынша азайту жолында жұмыс жасап, өндіріс қалдықтарын азайту мәселелеріне көп көңіл бөледі. «Ембімұнайгаз» АҚ тарихи ластанған аумақтарды тазалауға және мазуттанған топырақты қайта өңдеуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруға елеулі қаражат бөледі.







## Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

«Ембімұнайгаз» АҚ ұлттық мұнай-газ компаниясы бола отырып, өндірістік қызметінің барлық кезеңдерінде қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастыру және сақтау үшін қызметкерлері мен қоғамның алдындағы жауапкершілігін толық көлемде түсінеді және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау мәселесін өзінің қызметінің негізгі басым бағытына жатқызады.

ЕМГ АҚ көміртектерді барлаудан өндіргенге дейін, оларды тасымалдап, қайта өңдеуден арнайы мамандырылған сервистік қызметтерді көрсеткенге дейін толық өндірістік айналымды жүзеге асыра отырып, өндірістік қауіпсіздіктің аса жоғары стандарттарына сәйкес келуге тырысады, және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін өндірісті басқарудың түйінді элементі ретінде үздіксіз жетілдіріп тұруды көздейді.

### Негізгі мақсаттары:

- ▶ қызметкерлері мен қоршаған адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау;
- ▶ активтердің бүтіндігі мен жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ету;
- ▶ қоршаған ортаға жағымсыз әсер деңгейін төмендету.

### Негізгі қағидаттары:

- ▶ ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚР заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, «ЕМГ» АҚ-ның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- ▶ халықаралық озық деңгейдегі үздік жетістіктердің негізінде ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру;
- ▶ ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ саласында өндірістік жарақаттанушылық, кәсіби ауру, апаттылық және қоршаған ортаға жағымсыз әсер көрсеткіштерін тоқтаусыз төмендетуге бағытталған мақсаттар қою;
- ▶ Қызметкерлердің ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ саласында корпоративтік мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыру;
- ▶ ЕМГ АҚ-ның әр қызметкерінің ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын орындау үшін жеке жауапкершілігі;
- ▶ ЕМГ АҚ-ның барлық деңгейдегі басқарушыларының ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бағдарламаны жүзеге асыруда көшбасшылығы және айнамастығы;
- ▶ ЕМГ АҚ қызметкерлерін ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ бойынша шараларды жүзеге асыруға белсенді қатыстыру;
- ▶ өндірістік қызметті жүзеге асырудың әр кезеңінде ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ саласында тәуекелдерді анықтау және басқару;
- ▶ барлық жазатайым оқиғалар мен кәсіби сырқаттар, апаттар мен оқиғалар жөнінде дереу құлақтандыру, ҚР заңнамасына және корпоративтік құжаттарға сәйкес дереу және объективті тексеру және есепке алу, алдын алу бойынша тиімді шаралар әзірлеу мақсатында себептерді объективті анықтау;
- ▶ қызметкерлердің немесе қоршаған адамдардың өмірі мен денсаулығына негізгі түрде қауіп төндіретін жағдай орын алғанда қызметкерлерге жұмыс атқарудан бас тартудың заңды құқығы жөнінде кепілдемелер беру;
- ▶ қызметкерлерді ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша үздіксіз оқыту және біліктілігін арттыру;
- ▶ қызметкерлердің және өндірістік нысандардың апат және жазатайым оқиғалар кезінде әрекет етуге әрдайым әзір болуын қамтамасыз ету;
- ▶ ластаушы заттар мен жылыжай газдардың эмиссиясын төмендетуге және энергетикалық тиімділікті арттыруға бағытталған қауіпсіз, әрі ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу;

- ▶ ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ бойынша корпоративтік талаптардың орындалуы үшін мердігер ұйымдардың жауапкершілігі;
- ▶ акционерлер, әріптестер, қызметкерлер, мемлекеттік органдар, қоғам және басқа мүдделі тараптардың алдында «ЕМГ» АҚ қызметінің ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ-ға қатысты тұстары жөнінде ақпараттың ашықтығы мен ақиқаттығын, оның мазмұндылығы мен жеделдігін қамтамасыз ету;
- ▶ ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ саясатын ұстанудағы ілгерісті анықтау және саясатты ұстану мақсатында ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ-ны басқару жүйесінің нәтижелілігін жүйелі түрде бағалау және талдау.

ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясаттың әрекеті Компанияның барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ ЕМГ АҚ-ның нысандарында, соның ішінде жасасқан шарттарда көрсетілген талаптармен көлік тасымалы бойынша қызмет көрсететін мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне таралады. ЕМГ АҚ басшылығы ЕҚ, Ө, ӨҚ және ҚОҚ-ны басқарудың қажетті ресурстарымен және шарттарымен қамтамасыз етілу үшін жауапкершілікті міндетіне алады.

Өндірістік қауіпсіздік Компания басшылығы үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары ең алдымен қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту саласында қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды жұмыс атқарылды. шаруашылық-тұрмыстық кешендер, асханалар, әкімшілік-тұрмыстық кешендер, топтық қондырғыларға арналған операторлық ғимараттардың және т.б. құрылысы. Компания басшылығы сатып алынатын арнаулы жұмыс киімінің, арнаулы аяқкиімнің және жеке қорғаныс құралдарының сапасына көп көңіл бөледі.

Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік қызметі жоғары қауіптілікпен байланысты, және ЕМГ АҚ қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпті оқиғалардың орын алу қаупін азайту бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. 2017 жылы Компанияның төрт қызметкері зардап алған үш жазатайым оқиға болды. Бірі – өліммен аяқталды. Әр жазатайым оқиғадан соң Компанияда комиссия құрылып, болған оқиғаның мән-жайын анықтайды, себептерін біледі және мұндай оқиғаларды жою және болашақта болдырмау шараларын әзірлейді.

2017 жылы өндірістік бағдарлама аясында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларына 852 000 мың теңге бөлінді. Шаралар жоспары 100%-ға орындалды.


Өткен жылы ҚМҚББ (Қауіпсіздікті мінез-құлық бойынша бақылау) бағдарламасы енгізілді. Жұмыс жүргізу қауіпсіздігін жақсартуға арналған 4 284 жоспар-карта әзірленді.

Жұмысты қауіпсіз жүргізу бойынша 17 бейнеролик әзірленді, енгізілді және компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінде көрсетіледі.

2017 жылғы жоспарға сәйкес еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан және біліктілігін арттыру шарасынан 8 147 адам өтті.

2017 «Ембімұнайгаз» АҚ үшін 131 ішкі құжат әзірленді және өзектендірілді.

#### Жарақаттанушылық бойынша көрсеткіштер





# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ



95 жыл



ЕмбіМұнайГаз

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

## «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы

### Қаржылық есебі

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған, тәуелсіз аудитордың есебімен қоса

<b>Отчёт независимого аудитора</b>	<b>77</b>
<b>Қаржылық жағдай туралы есеп</b>	<b>80</b>
Қаржылық жағдай туралы есеп	80
Жиынтық табыс туралы есеп	82
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп	83
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	85
Қаржылық есепке ескертпелер	86-111



## **Аудиторский отчет независимого аудитора**

Акционеру и Руководству Акционерное общество «Эмбамунайгаз»

### **Мнение**

Мы провели аудит финансовой отчетности АО «Эмбамунайгаз» (далее - «Организация»), состоящей из отчета о финансовом положении по состоянию на 31 декабря 2017 года, отчета о совокупном доходе, отчета об изменениях в капитале и отчета о движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, а также примечаний к финансовой отчетности, включая краткий обзор основных положений учетной политики.

По нашему мнению, прилагаемая финансовая отчетность отражает достоверно во всех существенных аспектах финансовое положение Организации по состоянию на 31 декабря 2017 года, а также ее финансовые результаты и движение денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности (далее - «МСФО»).

### **Основание для выражения мнения**

Мы провели аудит в соответствии с Международными стандартами аудита (далее - «МСА»). Наши обязанности в соответствии с этими стандартами описаны далее в разделе «Ответственность аудитора за аудит финансовой отчетности» нашего отчета. Мы независимы по отношению к Организации в соответствии с Кодексом этики профессиональных бухгалтеров Совета по международным стандартам этики для бухгалтеров (далее - «Кодекс СМСЭБ»), и нами выполнены прочие этические обязанности в соответствии с Кодексом СМСЭБ.

Мы полагаем, что полученные нами аудиторские доказательства являются достаточными и надлежащими, чтобы служить основанием для выражения нашего мнения.

### **Ответственность руководства и Совета Директоров за финансовую отчетность**

Руководство несет ответственность за подготовку и достоверное представление указанной финансовой отчетности в соответствии с МСФО и за систему внутреннего контроля, которую руководство считает необходимой для подготовки финансовой отчетности, не содержащей существенных искажений вследствие недобросовестных действий или ошибок.

При подготовке финансовой отчетности руководство несет ответственность за оценку способности Организации продолжать непрерывно свою деятельность, за раскрытие в соответствующих случаях сведений, относящихся к непрерывности деятельности, и за составление отчетности на основе допущения о непрерывности деятельности, за исключением случаев, когда руководство намеревается ликвидировать Организацию, прекратить ее деятельность или, когда у него нет реальной альтернативы таким действиям.

Совет Директоров несет ответственность за надзор процесса подготовки финансовой отчетности Организации.



### **Ответственность аудитора за аудит финансовой отчетности**

Наши цели заключаются в получении разумной уверенности в том, что финансовая отчетность в целом не содержит существенных искажений вследствие недобросовестных действий или ошибок, и в выпуске аудиторского отчета, содержащего наше мнение. Разумная уверенность представляет собой высокую степень уверенности, но не является гарантией того, что аудит, проведенный в соответствии с Международными стандартами аудита, всегда выявит существенное искажение при его наличии. Искажения могут быть результатом недобросовестных действий или ошибок и считаются существенными, если можно обоснованно предположить, что по отдельности или в совокупности они могли бы повлиять на экономические решения пользователей, принимаемые на основе этой финансовой отчетности.

В рамках аудита, проводимого в соответствии с Международными стандартами аудита, мы применяем профессиональное суждение и сохраняем профессиональный скептицизм на протяжении всего аудита. Кроме того, мы выполняем следующее:

- ▶ выявляем и оцениваем риски существенного искажения финансовой отчетности вследствие недобросовестных действий или ошибок; разрабатываем и проводим аудиторские процедуры в ответ на эти риски; получаем аудиторские доказательства, являющиеся достаточными и надлежащими, чтобы служить основанием для выражения нашего мнения. Риск необнаружения существенного искажения в результате недобросовестных действий выше, чем риск необнаружения существенного искажения в результате ошибок, так как недобросовестные действия могут включать сговор, подлог, умышленный пропуск, искаженное представление информации или действия в обход системы внутреннего контроля;
- ▶ получаем понимание системы внутреннего контроля, имеющей значение для аудита, с целью разработки аудиторских процедур, соответствующих обстоятельствам, но не с целью выражения мнения об эффективности системы внутреннего контроля Организации;
- ▶ оцениваем надлежащий характер применяемой учетной политики и обоснованность определенных руководством бухгалтерских оценок и раскрытия соответствующей информации;
- ▶ делаем вывод о правомерности применения руководством допущения о непрерывности деятельности, и, на основании полученных аудиторских доказательств, вывод о том, имеется ли существенная неопределенность в связи с событиями или условиями, которые могут вызвать значительные сомнения в способности Организации продолжать непрерывно свою деятельность. Если мы приходим к выводу о наличии существенной неопределенности, мы должны привлечь внимание в нашем аудиторском отчете к соответствующему раскрытию информации в финансовой отчетности или, если такое раскрытие информации является ненадлежащим, модифицировать наше мнение. Наши выводы основаны на аудиторских доказательствах, полученных до даты нашего аудиторского отчета. Однако будущие события или условия могут привести к тому, что Организация утратит способность продолжать непрерывно свою деятельность;
- ▶ проводим оценку представления финансовой отчетности в целом, ее структуры и содержания, включая раскрытие информации, а также того, представляет ли финансовая отчетность лежащие в ее основе операции и события так, чтобы было обеспечено их достоверное представление.





Мы осуществляем информационное взаимодействие с Советом Директоров, доводя до их сведения, помимо прочего, информацию о запланированном объеме и сроках аудита, а также о существенных замечаниях по результатам аудита, в том числе о значительных недостатках системы внутреннего контроля, если мы выявляем таковые в процессе аудита.

ТОО «Эрнст энд Янг»

  
Джим Дакер  
Партнер по аудиту

  
Адиль Сыздыков  
Аудитор



Квалификационное свидетельство аудитора  
№ МФ – 0000172 от 23 декабря 2013 года

050060, Республика Казахстан, г. Алматы  
пр. Аль-Фараби, 77/7, здание «Есентай Тауэр»

28 февраля 2018 года

  
Гульмира Турмагамбетова  
Генеральный директор  
ТОО «Эрнст энд Янг»



Государственная лицензия на занятие  
аудиторской деятельностью в Республике  
Казахстан: серия МФЮ-2, № 0000003,  
выданная Министерством финансов  
Республики Казахстан 15 июля 2005 года



## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

		31 желтоқсанда	
	Ескертпе	2017 жылғы	2016 жылғы
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі қаражат	4	173.028.945	164.010.870
Материалдық емес активтер	5	15.045.692	8.463.858
Өзге қаржы активтер	6	32.258.446	33.599.222
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	14	10.415.904	6.875.616
Ұзақ мерзімді активтер үшін алдын ала төлем		1.670.720	421.477
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		232.419.707	213.371.043
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	7	7.272.093	6.464.322
Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу		772.876	11.635.163
Салықтар бойынша және өтеуге ҚҚС бойынша алдын ала төлеу		12.244.843	5.262.305
Төленген алдын ала төлем және келешектегі мерзімдердің шығындары		2.819.251	5.615.360
Сауда және өзге дебиторлық берешек	6	35.948.751	33.336.070
Өзге қаржы активтер	6	31.884.021	57.239.302
Ақшалай қаражат және оның баламалары	6	73.423.065	51.900.431
Ағымдағы активтер жиыны		164.364.900	171.452.953
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		396.784.607	384.823.996
КАПИТАЛ			
Жарғы капиталы	8	162.399.820	162.399.820
Таратылмаған пайда		157.246.242	162.758.744
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		319.646.062	325.158.564
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Тарихи міндеттемелер	9	1.807.468	3.844.378
Резервтер	10	23.530.091	16.971.537
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		25.337.559	20.815.915

		31 желтоқсанда	
	Ескертпе	2017 жылғы	2016 жылғы
Ағымдағы міндеттемелер			
Тарихи міндеттемелер	9	2.623.489	2.428.817
Резервтер	10	8.413.484	6.846.074
Төлемге пайдалы қазбаларға салынатын салық және рента салығы		17.947.342	8.570.501
Сауда және өзге кредиторлық берешек		22.816.671	21.004.125
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		51.800.986	38.849.517
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		77.138.545	59.665.432
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		396.784.607	384.823.996

Басқарма төрағасы




Жаксыбеков А.Е.

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



Тасмагамбетова Р.Н.

Бас бухгалтер



Махамбетов Н.Ж.



# ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2017 жылғы	2016 жылғы
Табыс	11	309.746.803	243.517.132
Өзіндік құн	12	(121.289.769)	(95.771.814)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>188.457.034</b>	<b>147.745.318</b>
Сатылым бойынша шығындар, жалпы және әкімшілік шығындар	13	(114.131.677)	(77.730.381)
Барлау шығындары		(1.274.476)	(453.179)
Өтеуге ҚҚС бойынша резервті қалпына келтіру, таза	18	2.518.795	7.875.557
Негізгі қаражаттың шығуынан болған залал		(1.463.005)	(379.464)
Қаржылық табыс		2.239.174	2.726.955
Қаржы шығындары		(1.778.313)	(2.414.836)
Оң/(теріс) бағамдық айырмашылық, таза		980.842	(206.343)
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>		<b>75.548.374</b>	<b>77.163.627</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	14	(19.425.344)	(15.803.401)
<b>Бір жылдық пайда</b>		<b>56.123.030</b>	<b>61.360.226</b>
<b>Кейінгі мерзімдерде пайда немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге жиынтық шығын</b>			
Актuariйлік шығын, салықтарды шегергеннен кейін		(280.880)	(223.439)
<b>Бір жылдық жиынтық табыс жиыны, салықтарды шегергеннен кейін</b>		<b>55.842.150</b>	<b>61.136.787</b>

Басқарма төрағасы



Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер

Жаксыбеков А.Е.

Тасмагамбетова Р.Н.

Махамбетов Н.Ж.



# АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2017 жылғы	2016 жылғы
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағыны</b>		
Салық салуға дейінгі пайда	75.548.374	77.163.627
<b>Сенімсіз баптарды қосу/(алып тастау) үшін түзетулер</b>		
Тозу, таусылу және амортизация	20.034.822	17.918.469
Негізгі қаражаттың шығуынан болған залал	1.463.005	379.464
Бағамдық айырмашылықтан болған шығын/(табыс)	(1.501.616)	4.352.824
Өзге сенімсіз табыстар және шығындар	2.937.922	154.165
Өтеуге ҚҚС бойынша резервті қалпына келтіру, таза	18	(7.875.557)
Резервтегі өзгерістер	6.727.970	(6.705.163)
Плюс Қаржы шығындары	1.778.313	2.414.836
Минус Қаржы табысы	(2.239.174)	(2.726.955)
<b>Айналымдық капиталдың түзетулері</b>		
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер	(932.617)	975.553
Өтеуге салықтар және ҚҚС бойынша алдын ала төлемді өзгерту	(4.463.743)	6.370.825
Келешектегі мерзімдердің төленген алдын ала төлемдеріндегі және шығындарындағы өзгерістер	2.796.111	2.997.177
Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер	(5.589.160)	(6.718.843)
Сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер	1.296.039	3.538.446
Төленетін пайдалы қазбаларға салынатын салықтағы және рента салығындағы өзгерістер	12.876.841	3.259.472
Төленген табыс салығы	(15.278.611)	(17.636.277)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны</b>	<b>92.935.681</b>	<b>77.862.063</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(27.158.204)	(44.204.480)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(8.721.672)	–
Шұғыл депозиттерді алу / (орналастыру)	23.840.345	(60.992.550)
Алынған сыйақы	2.195.633	440.397
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>	<b>(9.843.898)</b>	<b>(104.756.633)</b>

## АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен

		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	Ескертпе	2017 жылғы	2016 жылғы
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағыны</b>			
Компания акционеріне төленген дивидендтер	8	(61.354.652)	(20.007.658)
Тарихи міндеттемелер бойынша төлемдер		(2.371.325)	(2.127.977)
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(63.725.977)</b>	(22.135.635)
Ақшалай қаражат және оның баламаларының таза өзгерісі		<b>19.365.806</b>	(49.030.205)
Ақшалай қаражат және оның баламалары жылдың басында		<b>51.900.431</b>	101.296.508
Ақшалай қаражат және оның баламалары бойынша таза бағамдық айырма		<b>2.156.828</b>	(365.872)
<b>Ақшалай қаражат және оның баламалары жылдың соңында</b>	6	<b>73.423.065</b>	51.900.431

## АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР

Келесі ақшалай емес операциялар ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептен алынды:

*Рента салығы бар үстеме пайдаға салынатын өзара есепке алу*

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойы Компания үстеме пайдаға салықты алдын ала төлеумен 3.500 мың теңге мөлшеріндегі рента салығы бойынша салық міндеттемелерінің өзара есепке алуын орындады.

Басқарма төрағасы



Басқарма төрағасының экономика және қаржы бойынша орынбасары

Бас бухгалтер

Жаксыбеков А.Е.

Тасмағамбетова Р.Н.

Махамбетов Н.Ж.

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен, егер өзге айтылмаса

	Жарғылық капитал	Жиналған пайда	Капитал жиыны
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанда</b>	162.399.820	121.699.270	284.099.090
Жылдық пайда	–	61.360.226	61.360.226
Өзге жиынтық табыс	–	(223.439)	(223.439)
<b>Жиынтық табыс жиыны</b>	–	61.136.787	61.136.787
Акционермен жасалған операциялар	–	(69.655)	(69.655)
Дивидендтер (8-ескертпе)	–	(20.007.658)	(20.007.658)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсанда</b>	162.399.820	162.758.744	325.158.564
Жылдық пайда	–	<b>56.123.030</b>	<b>56.123.030</b>
Өзге жиынтық табыс	–	<b>(280.880)</b>	<b>(280.880)</b>
<b>Жиынтық табыс жиыны</b>	–	<b>55.842.150</b>	<b>55.842.150</b>
Дивидендтер (8-ескертпе)	–	<b>(61.354.652)</b>	<b>(61.354.652)</b>
<b>2017 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>162.399.820</b>	<b>157.246.242</b>	<b>319.646.062</b>

Басқарма төрағасы



Жаксыбеков А.Е.

Басқарма төрағасының экономика және қаржы бойынша орынбасары



Тасмағамбетова Р.Н.

Бас бухгалтер



Махамбетов Н.Ж.





## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

*Мың теңгемен, егер өзге айтылмаса*

### 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «БӨ ҚМГ» немесе «Бас компания») Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен 2012 жылғы 27 ақпанда құрылды.

Компания көмірсутегі шикізатын барлаумен, өндірумен, өңдеумен, қайта өңдеумен және экспортпен айналысады. Компанияның мұнай-газ қызметі Батыс Қазақстанның Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде орындалады. Компания жер қойнауын пайдалану бойынша келесі келісімшарттар бойынша мұнай кен орындарын өндіруді орындайды: № 37 келісімшарт (Кеңбай кен орны), № 61 келісімшарт (Новобогатинск Оңтүстік Шығыс кен орны), № 211 келісімшарт (23 кен орны), № 413 келісімшарт (15 кен орны); № 327 келісімшарт (Тайсоған блогы бойынша кен орны); № 992 келісімшарт (Новобогатинск Батыс кен орны); № 406 келісімшарт (Лиман кен орны); № 3577 келісімшарт (Қаратон-Сарықамыс кен орны). 2015 жылғы 25 ақпанда «Ембімұнайгаз» АҚ және Энергетика министрлігі арасында келесі № келісімшарттарды ұзарту үшін қосымша келісімдерге қол қойылды: № 37 келісімшарт 2041 жылға дейін, № 61 келісімшарт 2048 жылға дейін, № 211 келісімшарт 2037 жылға дейін, № 413 келісімшарт 2043 жылға дейін.

Компанияның жалғыз тікелей акционері «ҚМГ» БӨ» болып табылады. «ҚМГ» БӨ» негізгі тікелей акционері Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінде мемлекеттік мүддесін қорғайтын «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ («ҚМГ ҰК») болып табылады. «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самрұқ-Қазына ҰӘҚ») ҚМГ ҰК 90% мөлшеріне ие. «Самрұқ-Қазына ҰӘҚ» өз кезегінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – «Үкімет») толығымен тиесілі.

Осы Қаржылық есепке Компанияның атынан Басқарма төрағасы, Экономика және қаржы бойынша басқарма төрағасының Орынбасары және Бас бухгалтер 2018 жылғы 28 ақпанда қол қойды.

### 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Осы қаржылық есепті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Осы есеп саясаты рет ретімен барлық ұсынылған мерзім үшін қолданылды, егер басқа айтылмаса.

#### 2.1 Дайындау негізі

Осы қаржылық есеп Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына («ХҚЕС» сәйкес дайындалды). Қаржылық есеп қаржылық құралдардан басқа бастапқы құн бойынша есепке алу қағидасына қарап дайындалды. Осы қаржылық есеп теңгемен ұсынылды, және барлық мәндер мыңға дейін дөңгелектенді, егер басқа айтылмаса.

Қаржылық есепті ХҚЕС сәйкес дайындау маңызды есеп бағаларын пайдалануды талап етеді, сонымен қатар басшылықтан есеп саясатын пайдалану барысында жорамалдар бойынша пікір айтуды талап етеді. Күрделілік деңгейі жоғары немесе жорамалды пайдаланудан, сонымен қатар бағалар мен болжамдарды пайдалану қаржылық есеп үшін маңызды болып табылатын салада пайдалану өрісі *3-ескертпеде* айқындалған.

#### **Валюта бағамы**

Қазақстандық теңгенің АҚШ долларына 2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда ресми бағамы 332,33 және 333,29 теңгені сәйкесінше құрады. Сомаларды теңгеге, АҚШ долларына немесе өзге тұрақты валютаға кез келген қайта есептеу осындай сомалар теңгеге конверсияланған, келешекте аталған айырбастау бағамы немесе басқа айырбастау бағамы бойынша тұрақты валютаға айырбасталуы мүмкін немесе айырбасталады деген растау ретінде талқыланбауы тиіс.

## **Бухгалтерлік есеп және талдаудың қабылданған стандарттары**

Жыл бойы Компания Компанияның қаржылық нәтижелеріне немесе қаржы жағдайына маңызды әсерін тигізбеген төмендегі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қабылдады:

- ▶ ХБЕС 12 «Орындалмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерді тану» (Түзетулер);
- ▶ ХБЕС 7 «Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп» (Түзетулер).

## **Шығарылған, бірақ күшіне әлі енбеген стандарттар**

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның қаржылық есебін шығару күнінен әлі күшіне енбеген, және Компанияның пікірі бойынша пайдаланудан кейін қызметті ашуға, қаржылық жағдайына немесе нәтижелеріне әсер ететін стандарттар мен талдаулар келтірілген. Компания осы стандарттар мен талдауларды олар күшіне енген күннен бастап (келесі күннен басталатын жылдық мерзімдер үшін күшіне енетін) қажет болса қолдануға ниетті:

- ▶ ХҚЕС 9 «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау» (2018 жылғы 1 қаңтар);
- ▶ ХҚЕС 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» (2018 жылғы 1 қаңтар);
- ▶ ХҚЕС 16 «Жалгерлік» (2019 жылғы 1 қаңтар);
- ▶ ХҚЕС 2 «Үлестік құралдар негізінде төлемдерді жіктеу және бағалау (түзетулер)» (2018 жылғы 1 қаңтар);
- ▶ Талдау IFRIC 22 «Шетелдік валютадағы операциялар және алдын ала төлем» (2018 жылғы 1 қаңтар);
- ▶ Талдау IFRIC 23 «Табыс салығын есептеу ережелеріне қатысты тұрақсыздық» (2019 жылғы 1 қаңтар);
- ▶ 2014–2016 жылдардағы мерзім үшін ХҚЕС жетілдіру (2018 жылғы 1 қаңтар).

ХҚЕС 9 қаржылық құрал есебінің барлық үш аспектісін біріктіреді: жіктеу және бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу. Компания күшіне енуінің талап етілген күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр және салыстырмалы ақпаратты қайта есептемейді. Есеп күнінің жағдайы бойынша Компания ХҚЕС 9 барлық үш аспектілерінің толық әсерін бағалауды аяқтамады, бірақ Компания осы бағалауды 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін қаржылық есепті шығаруға дейін аяқтайды. Осы баға Компанияға 2018 жылы қолжетімді болатын қосымша негізделген және бекітілетін ақпаратты алу салдарынан өзгеруі мүмкін.

Компания ХҚЕС15 жүргізген талдауға негізделіп № келісімшарттар бойынша түсімді тану әдісі жаңа стандартты қолдануға байланысты өзгермейтін болады, және табыстар нақты шоттарға сәйкес ай сайынғы негізде көрсетіле береді.

## **2.2 Шетелдік валютаны қайта есептеу**

Қаржылық есеп Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») ұсынылған. Шетелдік валютадағы операциялар бастапқы кезде операция жасалған күндегі бағам бойынша функционалдық валютамен есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген ақшалай активтер және міндеттемелер есеп күніндегі қолданыстағы функционалдық валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар пайда және шығынға кіреді. Шетелдік валютамен әділ құн бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды анықтау күнінде әрекет еткен бағам бойынша қайта есептеледі.

## **2.3 Мұнай-газ кен орындарын барлау және өндіру бойынша шығындар**

### **Барлауға лицензия сатып алу бойынша шығындар**

Барлауға лицензия алу бойынша шығындар Материалдық емес активтерге капиталданады және барлаудың болжамды мерзімі бойы тік сызықты әдіс бойынша амортизацияланады. Әр нысан жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын растауға қаралады. Егер нысан бойынша келешекте жұмыстар жоспарланбаған болса, лицензияны сатып алу шығындарының қалған сальдосы шығысқа шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде амортизация тоқталады, және қалған шығындар өзге материалдық емес активтер құрамында қорларды растауға дейін кен орнының кескінінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Әзірленімді ішкі растау кезінде және барлық лицензиялар мен рұқсаттарды сәйкес бақылау органдарынан алған кезде сәйкес шығындар Негізгі қаражатқа (мұнай-газ активтері) ауыстырылады.

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ *(жалғасы)*

### **Барлау шығындары**

Геологиялық және геофизикалық шығындар осындай шығындар болған кезде шығысқа шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындар материалдық емес активтердің (барлау және бағалау бойынша активтер) құрамына ұңғыманы бұрғылау аяқталғанға дейін және осындай бұрғылау нәтижелері бағаланғанға дейін капиталданады. Осындай шығындар еңбекақыдан, материалдардан, жанармайдан және электр энергиясынан, бұрғылау станоктарының құнынан және мердігерлер төлемдерінен тұрады. Егер көмірсутегі анықталмаса, онда барлау шығындары құрғақ ұңғыма бойынша шығындарға шығарылады. Егер басқа ұңғымаларды бұрғылаудан (барлау немесе құрылымдық-ізвестіру ұңғымалары) тұратын, бағалауға жататын, коммерциялық игеру жеткілікті ықтималды көмірсутегі анықталған кезде осындай шығындар актив ретінде есептеле береді. Осы сияқты шығындар кем дегенде жылына бір рет анықтаудан игеруді жалғастыру немесе пайда алудың қандай да бір басқа әдісі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеріске жатады. Егер осының барлығы орындалмаса, шығындар шығысқа шығарылады.

Мұнай және газ қорлары дәлелденгенде және өндіруді жалғастыру туралы шешім қабылданғанда, онда сәйкес шығындар негізгі қаражат (мұнай-газ активтер) құрамына ауыстырылады.

### **Игеру шығындары**

Платформалар, құбыр өткізгіштер және игерілген ұңғымаларды бұрғылау сияқты инфрақұрылым нысандарының құрылысы, орнату және аяқтау шығындары мерзім шығындарында құрғақ ұңғымалар ретінде шығысқа шығарылатын көмірсутегінің жеткілікті коммерциялық мөлшері анықталмаған игерілген немесе шеңберленген ұңғымаларға жататын шығындардан басқа негізгі қаражат құрамына капиталданады.

## 2.4 Негізгі құрал

Негізгі құрал жиналған амортизация, таусылу және құнсыздануды шегергеннен кейін бастапқы құн бойынша көрсетіледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу бағасынан немесе құрылыс бағасынан, активті жұмыс күйге келтіруге тікелей қатысты кез келген шығындардан және қажет болғанда активті жою бойынша шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Сатып алу немесе құрылыс бағасы активті ұсыну үшін ұсынылған сыйақының кез келген түрінің әділ құны және жиынтық төленген құн болып табылады.

Мұнай-газ активтері дәлелденген өңделген қорлар бойынша өндірістік әдісті қолданумен амортизацияланады. Пайдалы қызмет мерзімі кен орнының қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ активтері тік сызықты әдіспен 4 бастап 15 жылға дейінгі пайдалы қызмет мерзімінде амортизацияланады.

Өзге негізгі құралдар негізінен 24 жылда және сәйкесінше 7 жылда орташа пайдалы қызмет мерзімінде сызықты әдісті қолданумен амортизацияланатын ғимараттар, көлік және жабдық болып табылады.

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет мерзімі жыл сайынғы негізде қаралып отырады және, қажет болса, мерзімдердегі өзгерістер кейінгі мерзімдерде түзетіледі.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ағымдағы құн өтелмейтін болып табылатындығын көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайдағы өзгерістер болғанда құнсыздануға қайта қаралады.

Негізгі құралдардың нысандары, соның ішінде коммерциялық көмірсутегі көлемін өндіруді тоқтатқан және жойылуға жоспарланған немесе активті қолданудан келешек экономикалық пайда алу күтілмеген кезде өндіру ұңғымалары шыққан кезде актив ретінде есепке алынбайды. Активті тануды тоқтатудан туындаған кез келген табыс немесе шығын (нысанды сату және ағымдағы құннан түскен таза түсімдер арасындағы айырма ретінде есептелетін) осындай оқиға орын алған мерзімдегі жиынтық табыс туралы есепке кіреді.



## 2.5 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания активтерді немесе активтер тобын жағдайлардағы оқиғалар немесе өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейді деп көрсеткен жағдайларда құнсыздануға бағалайды.

Жеке активтер бағалау мақсатында активтердің басқа топтарымен өндірілетін ақшалай ағындардан негізінен тәуелсіз салыстырмалы ақша ағындары бар ең төменгі деңгейде топталады. Құнсызданудың осындай көрсеткіштері бар болған жағдайда немесе активтер тобын жыл сайын құнсыздануға тестілеу талап етілген жағдайда Компания активтің өтелетін құнына бағалау жасайды. Активтер тобының өтелетін құны оны сату және оны қолдану құнын шегеруден кейінгі ең үлкен әділ құн болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асқан жағдайда активтер тобы құнсыздануға жатады және өтелетін құнға дейін шығысқа шығару орындалады. Қолдану құнын бағалау кезінде күтілетін ақшалай ағындар активтер тобына тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін қолданумен дисконтталады.

Әр есептік күнге бұрын танылған құнсыздану шығындары енді жоқ немесе азайғандығын көрсететін қандай да бір индикаторлар бар екендігіне қатысты бағалау орындалады. Егер осындай индикаторлар бар болса онда өтелетін құн бағаланады. Бұрын құнсыздану бойынша танылған шығын құнсыздануға соңғы шығынды тану кезінен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін қолданылған бағаларда өзгеріс болған жағдайда түзетпе жасалады. Мұндай жағдайда активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнына дейін артады. Артқан құн алдыңғы мерзімдерде құнсыздану бойынша шығын танылмаған жағдайда тозу немесе амортизацияны шегеруден кейін анықталған ағымдағы құннан аса алмайды. Мұндай түзетпе жиынтық табыс туралы есепте танылады. Түзетпе жасаудан кейін амортизация бойынша шығындар кейінгі мерзімдерде пайдалы қызметтің қалған мерзімінде жүйелі түрде қалдық құнды шегеруден кейін қайта қаралған ағымдағы активтің құнын тарату үшін түзетіледі.

## 2.6 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жиналған амортизацияны және құнсызданудан жиналған шығындарды шегеруден кейін құн бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтер барлау мен бағалаудың капиталдандырылған шығындарынан және негізінен компьютерлік бағдарламалық жасақтамадан тұратын өзге материалдық емес активтерден тұрады. Бизнестен жеке алынған материалдық емес активтер бастапқы кезде сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құн – бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін ұсынылған кез келген сыйақының әділ құны. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалық қызмет мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды және осы мерзім ішінде сызықты негізде амортизацияланады.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны жағдайлардағы оқиғалар немесе өзгерістер ағымдағы құн өтелмейтінін көрсеткен жағдайда құнсыздануға талданады.

## 2.7 Қаржылық активтер

ХБЕС 39 аясындағы қаржылық активтер өтеуге дейін ұсталып қалатын пайда немесе шығындар, активтер, сатылым үшін бар қаржылық активтер, қарыздар және тағайындалуына қарай сауда және өзге дебиторлық берешек арқылы әділ құн бойынша қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Қаржылық активтерді бастапқы тану кезінде олар әділ құн бойынша бағаланады. Инвестициялар пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қаржылық активтер ретінде жіктелмесе, онда есептілікте көрсеткен кезде олардың әділ құнынан онымен тікелей байланысты келісім бойынша шығындар қосылады.

Компания бастапқы тану кезінде өзінің қаржылық активтерінің жіктелімін анықтайды, және, рұқсат етілген және мақсатты жерде осы жіктелімді әр қаржылық жылдың соңында қайта қарайды.

### Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар

Туынды емес бекітілген немесе анықталған төлемдері және бекітілген өтеу мерзімдері бар қаржылық активтер өтеуге дейін ұсталатындар ретінде жіктеледі, егер Компания оларды өтеу мерзіміне дейін ұстап қалуға ниетті болса және қабілетті болса. Бастапқы танудан кейін өтеуге дейін ұсталып қалатын инвестициялар тиімді пайыздық мөлшерлемесі әдісін қолданумен амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

### 2.7 Қаржылық активтер (ЖАЛҒАСЫ)

#### **Сауда және өзге дебиторлық берешек**

Сауда және өзге дебиторлық берешек белсенді нарықта бағасы белгіленетін бекітілген немесе анықталған төлемдері бар туынды емес қаржы активтер болып табылады. Бастапқы бағалаудан кейін сауда және өзге дебиторлық берешек құнсыздануға кез келген резервті шегеруден кейін сыйақының тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

#### **Сатылым үшін бар қаржылық инвестициялар**

Сатылым үшін бар қаржылық активтер – бұл осы санатқа арнайы жататын немесе басқа санаттың біреуіне де жатпаған туынды емес қаржылық активтер. Бастапқы танудан кейін сату үшін бар қаржылық активтерді танудан кейін әділ құн бойынша бағаланады, ал іске асырылмаған пайда немесе шығын инвестицияны тануды тоқтатқанға дейін немесе құнсыздануды анықтағанға дейін жиынтық табыс немесе шығында тікелей танылады. Бұл кезде жиналған резерв пайда немесе шығында танылады.

#### **Әділ құнды бағалау**

Әділ құн активті сатқаннан алынған немесе бағалау күні нарық қатысушылары арасында әдеттегі тәртіпте жасалатын келісім аясында міндеттемені табыстағаны үшін төленген баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені табыстау бойынша келісім:

- ▶ осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- ▶ немесе осы актив немесе міндеттеме үшін жағымды нарықта негізгі нарық болмаған жағдайда жасалады деп болжайды.

Компанияда негізгі немесе жағымды нарыққа рұқсаты болуы тиіс. Актив немесе міндеттеменің әділ құны актив немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде қатысушылар арасында қолданылатын жорамалдарды қолданумен бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең жақсы мүддесінде әрекет етеді деп шамаланады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушының экономикалық пайда өндіруге немесе активті қолдану арқылы ең жақсы және ең тиімді, немесе осы активті ең жақсы және ең тиімді түрде қолданатын нарықтың басқа қатысушысына сату арқылы пайда алатын мүмкіндігін ескереді.

Компания орын алған жағдайларда тиімді болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті мәліметтері бар бағалаудың осындай әдістемелерін қолданады, бұл ретте бақыланатын бастапқы мәліметтерді барынша көп қолданады және бақыланатын шығыс мәліметтерді барынша аз қолданады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды жалпы бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы мәліметтер негізінде әділ құн көзінің төменде сипатталған иерархиясы аясында жіктеледі:

- ▶ 1-деңгей – біріңғай активтер мен міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетусіз) белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық бағалау;
- ▶ 2-деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы мәліметтер нарықта тікелей немесе жанама түрде бағаланатын бағалау әдістері;
- ▶ 3-деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы мәліметтер нарықта бақыланбайтын бағалау әдістері.

Қаржылық есептілікте мерзім сайынғы негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әр есептік мерзім соңында жіктелімді қайталап талдай отырып (әділ құнды жалпы бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы мәліметтер негізінде), иерархия көздерінің деңгейлері арасында оларды ауыстыру қажеттілігін анықтайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Компания активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдер, сонымен қатар жоғарыда айтылғандай әділ құн көздері иерархиясының қолданылатын деңгейі негізінде жіктейді.

### **Қаржылық активтердің құнсыздануы**

Әр есептік күнге Компания қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануы болғанын не болмағанын анықтайды.

#### **Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін активтер**

Егер амортизацияланған құн бойынша ескерілетін активтер бойынша құнсызданудан шығынның пайда болуы туралы объективті куәлік бар болса шығын сомасы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесі бойынша (яғни, бастапқы тану кезінде есептелген сыйақының тиімді мөлшерлемесі бойынша) дисконтталатын күтілетін келешектегі ақшалай ағындардың ағымдағы құны мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде (әлі пайда болмаған кредиттік шығындардан басқа) бағаланады. Активтің ағымдағы құны резервті қолданумен төмендетілуі тиіс. Шығынның сомасы жиынтық табыс туралы есепте танылады.

Егер келесі мерзімде құнсызданудан шығынның сомасы азайса және осындай азаю құнсыздану танылғаннан кейін орын алған оқиғамен объективті байланысты болса, құнсызданудан бұрын танылған шығын активтің ағымдағы құны оның қалпына келу күнінде оның амортизациялау құнынан аспайтындай мөлшерде түзетпе жасалады. Құнсыздану шығынына келесі түзетпе жасау жиынтық табыс туралы есепте танылады.

Сауда дебиторлық берешек бойынша құнсыздану резерві жасалады, егер Компания оған шот-фактураның бастапқы шарттарына сәйкес (мысалы, дебитордың төлеуге қабілетсіздік ықтималдығы немесе басқа маңызды қаржылық қиындықтары) тиесілі барлық сомаларды алады деген объективті куәлік болса. Дебиторлық берешектің ағымдағы құны резерв шотын қолдану арқылы азайтылады. Құнсызданған берешек сенімсіз деп танылған жағдайда танылуын тоқтатады.

#### **Сату үшін бар қаржылық инвестициялар**

Егер сату үшін бар активтің құнсыздануы орын алса, оны сатып алу шығындары (негізгі сомалар мен амортизация төлемдерін шегеруден кейін) мен ағымдағы әділ құны арасындағы, бұрын жиынтық табыс туралы есепте танылған құнсыздану шығынын шегеруден кейінгі айырма капиталдан пайда және шығынға ауыстырылады. Сату үшін арналған деп жіктелген үлестік құралдар бойынша құнсызданған бұрын танылған шығынды түзету жиынтық табыс туралы есепте танылмайды. Қарыздық құралдар бойынша құнсыздану шығындарын түзету пайда немесе шығын арқылы орындалады, егер құралдың әділ құнын арттыру жиынтық табыс туралы есепте құнсыздану шығынын танудан кейін орын алған оқиғамен объективті байланысты болса.

### **Қаржылық активтерді тануды тоқтату**

Қаржылық актив (немесе, қолданылатын жерде – қаржылық активтің бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігі) келесі жағдайда танылуын тоқтатады:

- ▶ Активтен ақшалай ағынды алу құқығының мерзімі өтіп кетсе;
- ▶ Компания активтер ақшалай ағынды алу құқығын өзіне сақтайды, бірақ қайта тарату туралы келісімге сәйкес үшінші тарапқа айтарлықтай кешіктіріусіз оларды толық табыстау міндеттемесін алса;
- ▶ Компания активтен ақшалай ағындарды алу құқығын табыстаса немесе (а) активтен барлық маңызды тәуекелдер мен сыйақыларды табыстаса; немесе (б) активтен барлық маңызды тәуекелдер мен сыйақыларды табыстаса, және өзіне де сақтамаса, бірақ осы активті бақылауды табыстаса.



## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

### 2.8 Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең азымен ескеріледі: әр қойма және сатудың таза құны бойынша жеке ФИФО әдісі бойынша өзіндік құн. Құн әдеттегі қызметте әр затты орнына жеткізуге және оны ағымдағы күйіне келтіруге байланысты жұмсалған барлық шығындардан тұрады. Шикі мұнайдың құны өндірудің құны, соның ішінде тозу шығындарының сәйкес бөлігі, таусылуы және амортизация және өндірістің орташа көлемі негізінде жүкқұжатар болып табылады. Мұнайды сатудың таза құны болжамды бағаға, осындай сатуға байланысты шығындарды шегеруден кейінгі сатуға негізделеді. Материалдар мен қорлар әдеттегі қызмет барысында өтелетін күтілетін сомадан аспайтын құн бойынша есепке алынады.

### 2.9 Қосымша құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары сату және сатып алу бойынша ҚҚС таза негізде есепке алуды жасауға мүмкіндік береді. Өтеуге ҚҚС ішкі нарықтағы сатылымдар бойынша ҚҚС шегеруден кейінгі ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС болып табылады. Экспортқа салық сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады. Алайда ҚҚС есепке алу өтеуге ҚҚС растау үшін салық органдарымен жүргізілген салық тексеріс нәтижелері негізінде ғана жасалады.

Егер ақшаның уақытша құн әсері маңызды болып табылса, ұзақ мерзімді өтеу ҚҚС сәйкес жағдайларда осы активке тән тәуекелдерді көрсететін тәуекелсіз мөлшерлеме көмегімен дисконтталады.

### 2.10 Ақшалай қаражат және оның баламалары

Ақшалай қаражат және оның баламалары банктік салымдардағы қаражаттан, кассадағы қолма қол ақшадан, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын өзге қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялардан тұрады.

### 2.11 Жарғы капиталы

#### *Жарғы капиталы*

Қарапайым акциялар және дивидендтер эмитенттің қарауымен төленетін өтелмейтін артықшылыққа ие болған акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тарапқа қызмет үшін төленетін төлем шығындары осы эмиссия нәтижесінде алынған капиталды азайту ретінде көрсетіледі.

#### *Дивидендтер*

Дивидендтер міндеттемелер ретінде қаралады және капитал сомасынан тек, егер олар есеп беру күнін қоса есептеген күнге дейін жарияланған жағдайда ғана шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат егер олар есеп беру күніне дейін ұсынылса, сондай-ақ есеп беру күнінен кейін, бірақ қаржылық есеппен шығаруға бекітілген күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған жағдайда ашылады.

### 2.12 Сауда кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқы кезде әділ құн бойынша көрсетіледі және кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

### 2.13 Резервтер

Резервтер Компанияда өткен оқиға нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттеме (заңды немесе тәжірибеден туындайтын), осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайда кері ағыны ықтималды болса, және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасы болса танылады. Егер Компания резервтің барлығын немесе бір ғана бөлігін өтеуді алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде танылады, бірақ

өтеуді алу күмәнді болмаған жағдайда. Резервке жататын шығын өтеуді шегеруден кейін жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі. Егер ақшаның уақытша құнының әсері маңызды болса, резервтер салық салуға дейін ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, осылайша қолданылған жағдайда, тәуекелдер нақты міндеттемелерге тән болады. Егер дисконттау қолданылса, онда уақыт өткен соң резервті арттыру қаржыландыру шығындары ретінде танылады.

## 2.14 Қарыздар

Қарыздар бастапқы кезде келісім бойынша шығындарды шегеруден кейін әділ құн бойынша танылады. Кейінгі мерзімдерде қарыздар амортизациялау құны бойынша көрсетіледі; алынған қаражаттың әділ құны (келісім бойынша шығындарды шегеруден кейін) және өтеу сомасы арасындағы айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен қарыз берілген мерзімде жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі. Қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі, егер Компания есептік күннен кейін кем дегенде 12 айға төлемді кейінге қалдырудың шартсыз құқығына ие болмаса. Сараланатын активтің сатып алуға, құрылысқа немесе өндіріске тікелей жататын қарыздары бойынша шығындар капиталданады.

## 2.15 Қызметкерлерге берілетін сыйақы

Компания қызметкерлердің есептелген еңбекақысынан 10% сәйкес зейнетақы қорларына зейнетақы жарналары ретінде ұстап қалады. Зейнетақы жарналарының мөлшері 2017 жылы айына 183.433 теңге сомасымен шектелген (2016: айына 171.442 теңге). Қолданыстағы қазақстандық заңнамаға сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнетақымен қамтылуы үшін өздері жауапкершілік артады. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Компания сол сияқты өз қызметкерлерінің көпшілік табысынан олардың зейнетақы жарналарына 5% мөлшерінде міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын аударуға міндетті.

### *Қызметкерлерге берілетін ұзақ мерзімді сыйақылар*

Компания қызметкерлері мен Компания арасында жасалған Ұжымдық шарттарға және өзге құжаттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін және шыққаннан кейін ұзақ мерзімді сыйақылар ұсынады. Ұжымдық шарт және өзге құжаттар, атап айтқанда, зейнетке шығу, зейнетке мерзімінен бұрын шығу, қызметкерге еңбекке қабілетсіз болған жағдайда материалдық көмек көрсету, мерейтой және қаза жағдайында төленетін бір жолғы жәрдемақы төлеуді қарастырады. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкер зейнетке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттілігімен негізделеді.

Бір жолғы жәрдемақы және зейнетке мерзімінен бұрын шығу бойынша жәрдемақы бойынша күтілетін шығындарды есептеу еңбек қызметі аяқталысымен белгіленген төлемдерімен бірге зейнеттік жоспарлар есебінде қолданылатын әдістеме бойынша қызметкердің еңбек қызметі кезінде орындалады. Жыл бойы туындайтын актуарийлік пайда мен шығындар өзге жиынтық табыс құрамында көрсетіледі. Бұл мақсатта актуарийлік пайда және шығындар актуарийлік ұсыныстардағы өзгерістердің әсері ретінде, сол сияқты актуарийлік ұсыныстар мен нақты мәліметтер арасындағы айырмашылықтарға байланысты өткен тәжірибенің әсерінен тұрады. Өзге өзгерістер ағымдағы мерзімде танылады, соның ішінде ағымдағы қызметтердің құны, өткен қызметтердің құны және кадрлық қысқарту немесе жасалған есептердің әсері.

Зейнетақы міндеттемелерінің есебінде қолданылған ең маңызды болжамдар, – бұл дисконт және өлім-жітім болжамының мөлшерлемесі. Дисконт мөлшерлемесі келешектегі міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жыл сайын осындай міндеттемелер бойынша дисконттың амортизациясы жиынтық табыс туралы есепте қаржыландыру шығындары ретінде көрсетіледі. Өлім-жітім туралы болжам міндеттемелердің келтірілген таза құнын алу үшін дисконтталатын сыйақы төлемдерінің келешектегі төлемдерін болжау үшін қолданылады.

Қызметкерлерге төленетін, бір жолғы демалыс жәрдемақылардан басқа сыйақылар қызметкерлерге төленетін өзге сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтілетін шығындарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі кезінде белгіленген төлемдермен зейнетақы жоспарын есептеген кезде қолданылатын әдістеме бойынша орындалады.

Осындай міндеттемелер жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлермен бағаланады.

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

### 2.16 Түсімді тану

Компания фрахт құнына, сақтандыру және сапа үстемелеріне түзетілген Platt's баға беруі бойынша қысқа мерзімді шарттар, бағалар бойынша шикі мұнайды сатады. Меншік құқығының ауысуы орындалады, және кіріс әдетте шикі мұнай физикалық кеме бортына тиелгенде немесе кемеден түсірілген кезде, құбыр өткізгішке түскенде немесе келісімшартта келісілген ережелерге байланысты жеткізудің бастапқы механизміне түскен кезде танылады.

Компанияның келісімшарттарында шикі мұнайды сатуға белгілі уақыт мерзімінде жеткізілуі тиіс шикі мұнайдың максималды мөлшері көрсетіледі. Түсірілген, бірақ сатып алушыға әлі жетпеген шикі мұнай қаржылық жағдай туралы есепте тауар-материалдық қорлар ретінде есепке алынады.

### 2.17 Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар ағымдағы табыс салығынан, үстеме пайдаға салынатын салықтан және кейінге қалдырылған табыс салығынан тұрады.

Ағымдағы және алдыңғы мерзім үшін пайдаға салынатын ағымдағы салық бойынша активтер және міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарынан төлеуге болжанған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемесі және салық заңнамасы, бұл Компания өз қызметін орындайтын және салық салынатын кіріс алатын елдерде есептік күнде қабылданған немесе қабылданатын мөлшерлемелер және заңнама.

Үстеме пайдаға салынатын салық («ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығындардың бір бөлігін құрайды. 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Компания жылдық жиынтық табысқа жер қойнауын пайдалануға әр жеке келісімшарт бойынша бір жылғы шегерімге қатысы негізінде айнымалы мөлшерлемелер бойынша жер қойнауын пайдалануға әр жеке № келісімшартқа қатысты ҮПС есептейді және төлейді. Жылдық жиынтық табыстың ҮПС қолдануды бастайтын әр салық жылындағы шегерімдерге қатысты 1,25:1 құрайды. ҮПС мөлшерлемелері әр № келісімшартқа қатысты жер қойнауын пайдалануға жасалған әр № келісімшарттың 25% шегерісінен жоғары салық салынатын табыстың бөлігіне қолданылады (Корпоративтік Табыс 1,25 Салығын шегергеннен кейін және рұқсат етілген түзетулерден кейінгі салық салынатын табыс салығы).

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер барлық уақытша айырмашылықтарға қатысты міндеттемелердің баланстық әдісін қолданумен есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар компаниялардың бірлестігі болып табылмайтын және оны жасау кезінде бухгалтерлік табысқа немесе салық табысына және шығынына әсер етпейтін келісім бойынша гудвиллді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде кейінге қалдырылған табыс салығынан басқа қаржылық есептілікте активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы және олардың баланстық сомасы арасындағы барлық уақытша айырмашылықтар бойынша анықталады.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер шегерілетін уақытша айырмалар сомасына азайтылатын, салық салынатын пайданы алудың айтарлықтай ықтималдығы болатын деңгейде танылады. Кейінге қалдырылған салық активтер және міндеттемелер есептік күнде қолданысқа енгізілген немесе нақты заңдастырылған салық мөлшерлемесі негізінде активті сату немесе міндеттемені өтеу мерзімінде қолданылуы күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі.



### 3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП БАҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАМАЛАР

ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан қаржылық есептілікті дайындау күнінде есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге және шартты активтер мен міндеттемелерге әсер ететін, сонымен қатар есептік мерзім үшін есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге, табысқа, шығынға және шартты активтер мен міндеттемелерге әсер ететін бағалар мен болжамдарды қолдануды талап етеді. Маңызды бағалар төменде келтірілген:

#### Мұнай және газ қоры

Мұнай және газ қорлары Компанияның есептерінде тозу, таусылу және амортизация бойынша маңызды фактор болып табылады. Компания өзінің мұнай және газ қорын Қоғамдағы мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес бағалайды. Қоғамдағы мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес қорларды бағалау кезінде аналитиктердің болжамды бағалары қолданылады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды қолдану жылдың соңында спот бағаларын қолдануға тән тұрақсыздықтың әсерін жояды.

Басшылық сол сияқты басшылықпен өнімді шығаруды және сатуды жоспарлау және инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін қолданылатын ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша болжамдар өндіру бойынша қызметтің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай және газ қорларын бағалау үшін қолайлы негіз болып табылады.

Қорлардың барлық бағалары тұрлаусыздықтың кейбір деңгейін шамалайды. Тұрлаусыздық негізінен осындай мәліметтерді бағалау және салыстыру кезінде қолжетімді болған сенімді геологиялық және инженерлік мәліметтер көлеміне байланысты.

Тұрлаусыздықтың салыстырмалы деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне жатқызу арқылы айқындалуы мүмкін: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорлар. Дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда дәлелденген қорларды шығаруда үлкен айқындық бар және дәлелденген қорлар бұдан әрі оларды шығарып алы мүмкіндігіне қатысты прогрессивті өсетін тұрлаусыздықты белгілеу үшін өңделген және өңделмеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалар талданады және түзетіледі. Түзетулер қолдағы геологиялық мәліметтерді, кәсіптік параметрлерді немесе өндіру туралы мәліметтерді бағалау немесе қайта бағалау, жаңа мәліметтердің болуынан; немесе бағалар бойынша болжамдағы өзгерістер салдарынан туындайды. Қорлардың бағасы сол сияқты пласт өндірісіндегі өзгерістерді немесе өндіру бағдарламасындағы өзгерістерді, беруді арттыру үшін жобалардың әрекеттері салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген өндірілген қорлар тозуды, таусылу және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне пропорционал амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін қолданылады.

Компания дәлелденген қорларға бекітілген лицензиялық мерзім ішінде шығарылады деп күтілетін көлемдерді ғана қосты. Бұл ұзарту бойынша процедура нәтижесіне қатысты тұрлаусыздықпен туындаған, өйткені лицензияларды ұзарту ақырында Үкіметтің қарауымен орындалады. Компанияның лицензиялық мерзімдерін арттыру және көрсетілген қорлар мөлшеріндегі сәйкес арттыру әдетте тозу, таусылу және амортизация бойынша төменгі шығынға келтіреді және табысқа маңызды әсер етуі мүмкін және құнсыздандуды қалпына келтіру индикаторы болуы мүмкін. Дәлелденген өңделген қорлардағы төмендеу тозу, таусылу және амортизацияға (өндірудің тұрақты деңгейі кезінде) жарналарын арттыруға, табыстың төмендеуіне, сонымен қатар мүліктің баланстық құнының тікелей төмендеуіне келтіруі мүмкін. Пайдаланылатын кен орындарының салыстырмалы аз мөлшерінде алдыңғы жылмен салыстырғанда қорларды бағалаудағы кез келген өзгерістер тозу, таусылу және амортизация жарналарына маңызды әсерін тигізуі мүмкін.

#### Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

№ келісімшартта анықталған ережелер бойынша, заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Компания әр кен орнындағы негізгі құралдарды бөлшектеу және жою және жер телімдерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелерді артады. Атап айтқанда, Компанияның міндеттемелеріне барлық өндірілмейтін ұңғымаларды біртіндеп жабу және қызметі тоқтатқаннан кейінгі, № келісімшартты аймақтағы құбыр өткізгіштердің, ғимараттардың бөлшектеуін және топырақ құнарлығын қалпына келтіру сияқты әрекеттер жатады. Лицензияның әрекет ету мерзімі Компанияның қалауымен ұзартылуы мүмкін, ақырғы жабу бойынша міндеттемелерді өтеудің есептік мерзімі әр лицензиялық мерзім аяқталған күн болып табылады деп шамаланады.

### 3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП БАҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАМАЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

#### Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер (ЖАЛҒАСЫ)

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орнын пайдалануды экономикалық негізбен аяқтау өткеннен кейін өтелуі тиіс болса, онда көрсетілген міндеттеме жабылған кезде ұңғымаларды жою бойынша барлық шығындарды және ақырғы шығындарды қосу салдарынан өсер еді. Компанияның ұңғымаларды жою және ақырғы жабу бойынша шығындарын қаржыландыру міндеттемелерінің көлемі тиісті келісімшарттар талаптары мен қолданыстағы заңнамаға байланысты болады.

Келісімшарт та, заңнама да лицензиялық мерзім соңында ақырғы жою және ақырғы жабу бойынша осындай шығындарды қаржыландыру бойынша белгілі міндеттемені болжамаған жағдайда міндеттемелер мақұлданбайды. Осындай шешімді қабылдау қандай да бір тұрлаусыздыққа және маңызды пайымдауларға сүйене отырып орындалады. Басшылықтың осындай міндеттемелердің болуы не болмауына қатысты бағалары Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибесіндегі өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін. Компания активтердің әр жеке № келісімшарт бойынша шығу міндеттемелерін есептейді.

Міндеттеменің сомасы қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген, экономикасы ауыспалы елдерге мемлекеттік қарыз бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелерді қолданумен дисконтталған және күтілетін инфляция деңгейіне түзетілген міндеттемелерді өтеу үшін қажет болады деп күтілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Компания № келісімшарттық аумақта әр есептік күні қалпына келтіру бойынша міндеттемені қайта қарайды және «Негізгі құралдардың нысанын қолданыстан шығару бойынша, олар тұрған жер теліміндегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелердегі және ұқсас өзге міндеттемелердегі өзгерістер» Түсіндіруге 1 сәйкес ең жақсы бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Жабуға келешектегі шығындарды бағалау кезінде басшылық жасаған маңызды бағалар мен пайымдаулар қолданылды. Осындай міндеттемелердің басым бөлігі алдағы болашақтың еншісінде және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Компанияның бағаларына активтерді жою технологиясындағы шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Шамамен 28,65% және 25,97% қор, 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда ақырғы жабу бойынша шығындарға жатады. Компания ағымдағы жылдың бағаларын және инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейінің орташа мәнін қолданып, ұңғымаларды келешекте жою құнын бағалайды. 2017 жылғы 31 желтоқсанда міндеттеменің баланстық құнын анықтау үшін қолданылған ұзақ мерзімді инфляция және дисконттау мөлшерлемелері сәйкесінше 5,0% және 10% құрады (2016: 5,0% және 10%). Активтердің шығуы бойынша міндеттемелердегі өзгерістер 10-ескертпеде көрсетілген.

#### Экологиялық оңалту

Компания сол сияқты экологиялық оңалтуға резервтерді қалыптастыру бойынша бағалар жасайды және пайымдаулар шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар олардың келешектегі экономикалық тиімділігіне байланысты шығындарға жатады. Өткен қызметтен туындаған қазіргі күйге жататын шығыстар, және келешекте экономикалық пайдасы жоқтары шығындарға жатады.

Міндеттемелер оңалту бойынша шығындар және күтілетін жоспарлар туралы ағымдағы ақпарат негізінде анықталады және қажетті процедуралар мерзімдеріне қатысты басшылықтың болжамына қарай дисконтты негізде ескеріледі. Компанияның экологиялық оңалту резерві Компания қолданыстағы қазақстандық нормативтік базаның талаптарын сақтау үшін қажетті күтілетін шығындардың тәуелсіз бағаларына негізделген басшылықтың ең жақсы бағалары болып табылады.

Экологиялық оңалтуға қатысты қосымша тұрлаусыздықтар 18-ескертпеде көрсетілген. Экологиялық оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 10-ескертпеде көрсетілген.

## Салық салу

Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығына («КТС») қатысты, сол сияқты үстеме табыс салығына («ҮТС») қатысты кейінге қалдырылған салық ретінде есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС және ҮТС күтілетін мөлшерлемелер бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған № келісімшарттарға байланған активтер мен міндеттемелердің уақытша айырмаларына есептеледі.

Кейінге қалдырылған КТС және ҮТС *14-ескертпеде* көрсетілген салық кодексімен қабылданған салық заңнамасының ережелері бойынша есептеледі. Салық салумен байланысты кейінгі тұрақсыздықтар *14-ескертпеде* көрсетілген.

## Қызметкерлерге төленетін сыйақылар

Зейнетке шығуға дейін және шыққаннан кейін қызметкерлерге төленетін ұзақ мерзімді сыйақылардың құны және келтірілген міндеттемелердің құны актуарийлік әдісті қолданумен белгіленеді. Актуарийлік әдіс келешектегі нақты нәтижелерден ерекшеленетін түрлі болжамдарды қолдануды болжайды. Актуарийлік әдіс дисконттау мөлшерлемелері туралы болжамдардан, келешектегі еңбекақы өсуінен, өлім-жітім деңгейінен және келешектегі қызметкерлердің сыйақыларын өсіруден тұрады.

Негізгі болжамдарды бағалау күрделілігіне және қызметкерлерге еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленетін сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді сипаттағы міндеттемелерге қарай ұқсас міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерісіне өте сезімтал. Барлық болжамдар әр есептік күнде қайта қаралады.

Өлім-жітім деңгейі ашық рұқсаттағы өлім-жітім кестелеріне негізделеді. Еңбекақыны келешекте арттыру күтілетін келешектегі инфляция қарқындарына негізделеді.

Қызметкерлерге 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелерді бағалау үшін қолданылған негізгі актуарийлік болжамдар келесі түрде көрсетілген:

<i>Пайыздық көрінісі</i>	<b>2017 жыл</b>	<b>2016 жыл</b>
Дисконттау мөлшерлемесі	<b>10,00%</b>	10,00%
Инфляция мөлшерлемесі	<b>5,00%</b>	5,00%
Ұзақ мерзімді жыл сайынғы төлемдердің келешектегі артуы	<b>7,00%</b>	7,00%
Еңбекақының келешектегі артуы	<b>7,00%</b>	7,00%

Еңбек қызметі аяқталған кезде қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттеменің орташа ұзақтығы 2017 және 2016 жылдарда 31 желтоқсанда сәйкесінше 7,5 жыл және 7,6 жылды құрады.

Еңбек қызметі аяқталған кезде қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің 2017 жылғы 31 желтоқсанда жағдай бойынша маңызды болжамдардың өзгерісіне сезімталдығын талдау келесі түрде келтірілген:

	<b>Азаюы</b>	<b>Артуы</b>
Дисконттау мөлшерлемесі	-0,5%	+0,5%
	298.499	(279.024)
Сыйақыны арттыру мөлшерлемесі	-0,5%	+0,5%
	(279.057)	296.225



**4. НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТ**

	Мұнай-газ активтері	Өзге активтер	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Жиыны
<b>2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құн</b>	112.778.006	12.129.301	11.087.130	135.994.437
Түсімдер	162.328	162.232	45.815.035	46.139.595
Актив шыққан кезде міндеттемені бағалаудағы өзгерістер	(183.451)	–	–	(183.451)
шығарылуы	(305.367)	(112.213)	(461.658)	(879.238)
Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауыстыру	16.811.895	885.868	(17.697.763)	–
Ішкі ауыстыру	(215.680)	215.680	–	–
Тозу	(15.531.558)	(1.528.915)	–	(17.060.473)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құн</b>	113.516.173	11.751.953	38.742.744	164.010.870
Түсімдер	115.965	153.230	27.396.457	27.665.652
шығарылуы	(933.927)	(22.373)	(515.417)	(1.471.717)
Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауыстырулар	17.501.973	2.868.460	(20.370.433)	–
Ішкі ауыстыру	85.364	(145.914)	60.550	–
Тозу	(15.583.064)	(1.592.796)	–	(17.175.860)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құн</b>	114.702.484	13.012.560	45.313.901	173.028.945
<b>2017 жылғы 31 желтоқсанда</b>				
Бастапқы құны	213.877.249	19.755.851	46.180.681	279.813.781
Жиналған тозу	(99.061.852)	(6.701.312)	–	(105.763.164)
Жиналған құнсыздану	(112.913)	(41.979)	(866.780)	(1.021.672)
<b>Қалдық құн</b>	114.702.484	13.012.560	45.313.901	173.028.945
<b>2016 жылғы 31 желтоқсанда</b>				
Бастапқы құны	198.332.096	17.222.363	39.141.968	254.696.427
Жиналған тозу	(84.708.943)	(5.428.431)	–	(90.137.374)
Жиналған құнсыздану	(106.980)	(41.979)	(399.224)	(548.183)
<b>Қалдық құн</b>	113.516.173	11.751.953	38.742.744	164.010.870

## 5. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

	Барлау және бағалау бойын- ша активтер	Өзге матери- алдық емес активтер	Жиыны
<b>2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құн</b>	6.610.540	526.196	7.136.736
Түсімдер	1.763.646	421.470	2.185.116
Амортизациялық жарналар	(678.358)	(179.636)	(857.994)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құн</b>	7.695.828	768.030	8.463.858
Түсімдер	<b>9.759.167</b>	<b>701.394</b>	<b>10.460.561</b>
Шығару	<b>(426.775)</b>	<b>(202)</b>	<b>(426.977)</b>
Амортизациялық жарналар	<b>(2.573.406)</b>	<b>(285.557)</b>	<b>(2.858.963)</b>
Құнсыздану	<b>(592.787)</b>	–	<b>(592.787)</b>
<b>2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құн</b>	<b>13.862.027</b>	<b>1.183.665</b>	<b>15.045.692</b>
<b>2017 жылғы 31 желтоқсанда</b>			
Бастапқы құны	<b>28.024.241</b>	<b>2.271.572</b>	<b>30.295.813</b>
Жиналған амортизация	<b>(13.569.427)</b>	<b>(1.087.907)</b>	<b>(14.657.334)</b>
Жиналған құнсыздану	<b>(592.787)</b>	–	<b>(592.787)</b>
<b>Қалдық құн</b>	<b>13.862.027</b>	<b>1.183.665</b>	<b>15.045.692</b>
<b>2016 жылғы 31 желтоқсанда</b>			
Бастапқы құны	18.688.801	1.587.104	20.275.905
Жиналған амортизация	(10.992.973)	(819.074)	(11.812.047)
<b>Қалдық құн</b>	7.695.828	768.030	8.463.858

## 6. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

### Сауда және өзге дебиторлық берешек

	2017 жыл	2016 жыл
Сауда дебиторлық берешек	<b>35.927.951</b>	33.265.044
Өзге	<b>20.800</b>	156.042
Құмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв	–	(85.016)
	<b>35.948.751</b>	33.336.070

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның сауда дебиторлық берешегі «ҚМГ» ҰК» еншілес ұйымы болып табылатын KazMunayGas Trading AG («KMG Trading») шикі мұнайды сатудан түскен 31.400.070 мың теңге (2016: 33.093.192 мың теңге) сомасындағы берешектен тұрады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның сауда дебиторлық берешегі 85% мөлшерге АҚШ долларымен көрсетілген (2016: 100%).

## 6. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Өтеу мерзімдері бойынша 31 желтоқсандағы сауда және өзге дебиторлық берешек талдауы төмендегіше көрсетілген:

	2017 жыл	2016 жыл
Ағымдағы бөлік	35.927.079	33.182.317
0 күннен 30 күнге дейін кешіктіру	6.596	35.697
30 күннен 90 күнге дейін кешіктіру	2.011	–
90 және одан артық күнге дейін кешіктіру	13.065	118.056
	35.948.751	33.336.070

### Ақшалай қаражат және оның баламалары

	2017 жыл	2016 жыл
АҚШ долларында көрсетілген банктегі шұғыл салымдар	70.705.170	16.683.386
Теңгемен көрсетілген банктегі шұғыл салымдар	2.231.401	600.149
АҚШ долларында көрсетілген банктегі қаражат және кассадағы қолма қол ақша	437.796	34.445.961
Теңгемен көрсетілген банктегі қаражат және кассадағы қолма қол ақша	48.500	170.935
Еуромен көрсетілген банктегі қаражат және кассадағы қолма қол ақша	198	–
	73.423.065	51.900.431

Банктерде ақшалай қаражат бойынша депозиттер бойынша күнделікті банктік мөлшерлемелерге байланысты сый-ақы мөлшерлемесі белгіленген. Банктік депозиттер Компанияның жойылатын активтерге қажеттілігіне байланысты түрлі мерзімдерге (бір айдан бастап үш айға дейін) орналастырылады. Осындай депозиттерге сәйкес мөлшерлеме бойынша сыйақы есептеледі.

2017 жылғы 31 желтоқсанда өлшенген орташа мөлшерлеме теңгемен 7,9% құрады (2016: 13,48%). 2017 жылғы 31 желтоқсанда АҚШ долларымен шұғыл салымдар бойынша сыйақының өлшенген орташа мөлшерлемесі 0,1% құрайды (2016: 2,02%).

### Өзге қаржылық активтер

	2017 жыл	2016 жыл
АҚШ долларымен көрсетілген өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді салымдар	32.258.446	33.599.222
<b>Ұзақ мерзімді қаржылық активтердің жиыны</b>	<b>32.258.446</b>	<b>33.599.222</b>
АҚШ долларымен көрсетілген шұғыл салымдар	31.884.021	57.239.302
<b>Ағымдағы қаржылық активтердің жиыны</b>	<b>31.884.021</b>	<b>57.239.302</b>
	<b>64.142.467</b>	<b>90.838.524</b>

Ұзақ мерзімді қаржылық активтер әр № келісімшарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін әр № келісімшарт бойынша жеке жер қойнауын пайдалануға жасалған № келісімшартқа сәйкес ашылған тарату қоры бойынша салымдарды құрайды. 2017 жылғы 31 желтоқсанда осы сыйақылар бойынша орташа өлшенген сыйақы мөлшерлемесі 1,5% құрады (2016: 1,04%).

## 7. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

	2017 жыл	2016 жыл
Шикі мұнай	5.328.344	4.658.734
Материалдар	1.943.749	1.805.588
	7.272.093	6.464.322

2017 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның 112.441 тонна шикі мұнайы қоймаларда және транзитте болды (2016 жылы: 109.835 тонна).

## 8. КАПИТАЛ

### Шығаруға рұқсат етілген акциялар

Шығаруға жарияланған акциялардың жалпы мөлшері 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда толық Бас компанияға тиесілі біреуінің номиналды құны 5 мың теңге 32.479.964 құрады. (2016: 32.479.964 біреуінің номиналды құны 5 мың теңге)

### Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дивидендтер Компанияның капиталы теріс болса немесе дивидендтерді төлеу теріс капиталға келтірсе жарияланбайды. 2017 жылғы Компания дивидендтерді жариялайды және Бас компанияға 61.354.652 мың теңге мөлшерінде немесе бір акция үшін 1.889 теңге мөлшерінде төлейді (2016: 20.007.658 мың теңге немесе бір акция үшін 616 теңге).

## 9. ТАРИХИ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

АҚШ долларымен көрсетілген және Компания белгілі лицензияларды сатып алғанға дейін Үкіметтің жасаған тарихи шығындарын өтеу бойынша міндеттемелер болып табылатын тарихи міндеттемелер: № келісімшарт № 211 – 23 кен орындары, № келісімшарт № 327 – Тайсоған блогы бойынша кен орны, № келісімшарт № 406 – Лиман кен орны. Тарихи міндеттемелер бойынша төлемдер 2027 жылға дейін жасалады, Компания осы міндеттемелерді 10% мөлшер-леме бойынша дисконттады және оларды амортизациялық құн бойынша есепке алады.



## 10. РЕЗЕРВТЕР

	Экологиялық міндеттеме	Салықтар бойынша резервтер	Активтің шығуы бойынша міндеттеме	Қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттеме	Жиыны
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанда</b>	259.688	7.829.207	13.576.499	7.137.791	28.803.185
Қосымша резервтер	–	530.504	160.839	293.588	984.931
Дисконттың амортизациясы	20.593	–	1.076.617	532.037	1.629.247
Бағалардағы өзгерістер	–	(1.834.656)	(3.914.635)	131.251	(5.618.040)
жыл бойы қолдану	–	(831.690)	(292.748)	(857.274)	(1.981.712)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсанда</b>	280.281	5.693.365	10.606.572	7.237.393	23.817.611
Қосымша резервтер	<b>6.270.054</b>	–	<b>1.655.103</b>	<b>277.046</b>	<b>8.202.203</b>
Дисконттың амортизациясы	<b>142.738</b>	–	<b>1.099.223</b>	<b>683.369</b>	<b>1.925.330</b>
Бағалардағы өзгерістер	–	–	<b>(1.254.723)</b>	<b>296.012</b>	<b>(958.711)</b>
жыл бойы қолдану	–	–	<b>(235.434)</b>	<b>(807.424)</b>	<b>(1.042.858)</b>
<b>2017 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>6.693.073</b>	<b>5.693.365</b>	<b>11.870.741</b>	<b>7.686.396</b>	<b>31.943.575</b>
Ағымдағы бөлік	<b>1.289.015</b>	<b>5.693.365</b>	<b>585.265</b>	<b>845.839</b>	<b>8.413.484</b>
Ұзақ мерзімді бөлік	<b>5.404.058</b>	–	<b>11.285.476</b>	<b>6.840.557</b>	<b>23.530.091</b>
<b>2017 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>6.693.073</b>	<b>5.693.365</b>	<b>11.870.741</b>	<b>7.686.396</b>	<b>31.943.575</b>
Ағымдағы бөлік	–	5.693.365	453.078	699.631	6.846.074
Ұзақ мерзімді бөлік	280.281	–	10.153.494	6.537.762	16.971.537
<b>2016 жылғы 31 желтоқсанда</b>	280.281	5.693.365	10.606.572	7.237.393	23.817.611

### Экологиялық міндеттеме

2017 жылы Компания 6.270.054 мың теңге сомладағы мұнай кен орындарындағы тарихи ластануларға жататын қосымша экологиялық міндеттемені таныды. Резервтің сомасы 10% дисконттау мөлшерлемесімен және 2023 жылға дейінгі мерзіммен 9.067.122 мың теңге мөлшеріндегі болжамды келешек шығындардың келтірілген құнымен ұсынылған.

### Қызметкерлерге төленетін сыйақылар

Компания қызметкерлерге әлеуметтік төлемдер жасауға ұжымдық шарт жасасты. Қызметкерлерге төлемдер қызметкерлерге төленетін өзге ұзақ мерзімді төлемдер ретінде қаралады. Аталған төлемдерді алу құқығы әдетте қызметтің минималды мерзімі аяқталуына байланысты. Аталған төлемдердің күтілетін құны белгіленген төлемдері бар жоспар үшін қолданылатынға ұқсас есептік әдістемені қолданумен қызмет ету мерзімінде есептеледі. Осы сыйақылар қамтылмаған.

Белгіленген төлемдері бар жәрдемақыларды 2017 және 2016 жылдар бойы төлем бойынша міндеттемелердегі өзгерістер төмендегідей етіп көрсетілген:

	2017 жыл	2016 жыл
<b>Жылдың басындағы белгіленген төлемдері бар жәрдемақыларды төлеу бойынша міндеттемелердің ағымдағы құны</b>	7.237.393	7.137.791
Ағымдағы қызметтердің құны	277.046	293.588
Пайыздарды өтеу шығындары	683.369	532.037
Актuariйлік шығындар /(кіріс) – табыс және шығындарға танылған	15.132	(36.488)
Актuariйлік шығындар – өзге жиынтық табыста танылған	280.880	223.439
Төленген сыйақылар	(807.424)	(857.274)
Бұрынғы қызметтердің құны	–	(55.700)
<b>Жылдың соңындағы сыйақы бойынша белгілі міндеттемелердің келтірілген құны</b>	7.686.396	7.237.393
Минус: сыйақы бойынша белгілі міндеттемелердің келтірілген құнының ұзақ мерзімді бөлігі	(845.839)	(699.631)
<b>Белгіленген төлемдері бар жәрдемақыларды төлеу бойынша міндеттемелердің келтірілген құнының ұзақ мерзімді бөлігі</b>	6.840.557	6.537.762

Бухгалтерлік баланста және жиынтық табыс туралы есепте танылған сомалар төмендегідей көрсетілген:

	2017 жыл	2016 жыл
Жылдың соңындағы белгіленген төлемдері бар жәрдемақыларды төлеу бойынша міндеттемелердің келтірілген құны	<b>7.686.396</b>	7.237.393
<b>Таза міндеттемелер</b>	<b>7.686.396</b>	<b>7.237.393</b>
Ағымдағы қызметтердің құны	277.046	293.588
Пайыздарды өтеу шығындары	683.369	532.037
Актuariйлік шығындар/(табыстар)	15.132	(36.488)
Бұрынғы қызметтердің құны	–	(55.700)
<b>Ағымдағы жылда танылған шығындар</b>	<b>975.547</b>	<b>733.437</b>

Өткен жылдардағы қызметтердің және ағымдағы қызметтердің құны өндірістік шығындар, жалпы және әкімшілік шығындар құрамындағы жиынтық табыс туарлы есепке кіреді.

## 11. КІРІСТЕР

	2017 жыл	2016 жыл
<b>Экспорт</b>		
Шикі мұнай	<b>289.233.248</b>	219.776.850
<b>Ішкі нарық</b>		
Шикі мұнай	<b>18.190.852</b>	22.289.796
Газды қайта өңдеу өнімдері	<b>16.374</b>	10.348
Өзге сатылымдар мен қызметтер	<b>2.306.329</b>	1.440.138
	<b>309.746.803</b>	243.517.132

## 12. ӨЗІНДІК ҚҰН

	Ескертпе	2017 жыл	2016 жыл
Қызметкерлерге төленетін сыйақылар		45.473.564	42.572.102
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық		27.544.373	18.871.367
Тозу, таусылу және амортизация		16.987.216	16.879.332
Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер		10.622.288	9.140.260
Экологиялық міндеттеме бойынша резервтегі өзгеріс	10	6.270.054	–
Материалдар және қор		3.392.720	3.150.189
Электр энергиясы		2.705.124	2.705.363
Көліктік шығындар		1.809.989	1.391.699
Мүлік салығы		1.470.853	1.484.436
Коммерциялық анықтау бонусы		(49.152)	(945.153)
Капиталданған активтің сомасынан артатын активтің шығуы бойынша міндеттемелерді азайту		(777.583)	(3.732.722)
Басқа шығындар		6.509.932	3.661.628
		121.959.378	95.178.501
Мұнай қалдықтарының өзгеруі		(669.609)	593.313
		121.289.769	95.771.814

Ілеспе газды қайта өңдеу бойынша өндірістік шығындар 2017 жылы 2.023.563 мың теңгені құрайды (2016: 932.571 мың теңге).

## 13. САТЫЛЫМ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР, ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

	2017 жыл	2016 жыл
Экспорттық кедендік баж салығы	36.585.787	27.573.408
көлік шығындары	33.907.051	33.438.139
Рента салығы	32.583.583	9.396.034
Қызметкерлерге төленетін сыйақылар	4.017.880	3.857.963
Тозу, таусылу және амортизация	3.047.606	1.016.168
Жөндеу және қызмет көрсету бойынша шығындар	432.007	363.975
Демеушілік	323.896	288.333
Сатылым бойынша агенттік комиссия	214.419	231.606
Кеңес беру және аудиторлық қызметтер	105.677	61.280
Айыппұл және өсімақылар	47.203	(164.730)
Мүлік салығы	39.384	40.384
Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервке түзетпе жасау/есептеу	(144.342)	573.138
Басқа шығындар	2.971.526	1.054.683
	114.131.677	77.730.381

## 14. ТАБЫС САЛЫҒЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша шығындар төмендегідей етіп көрсетілген:

	2017 жыл	2016 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы	19.754.619	13.424.856
Үстеме табысқа салынатын ағымдағы салық	3.211.013	610.530
<b>Ағымдағы табыс салығы</b>	<b>22.965.632</b>	<b>14.035.386</b>
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша (пайда)/ шығын	(2.266.373)	1.938.799
Кейінге қалдырылған үстеме салық бойынша пайда	(1.273.915)	(170.784)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы</b>	<b>(3.540.288)</b>	<b>1.768.015</b>
<b>Табыс салығы бойынша шығын</b>	<b>19.425.344</b>	<b>15.803.401</b>

Келесі кестеде Қазақстандағы Компанияның салық салуға дейінгі пайдасына тиімді салық мөлшерлемесімен табыс салығының мөлшерлемесін тексеру келтірілген.

	2017 жыл	2016 жыл
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>	<b>75.548.374</b>	<b>77.163.627</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	19.425.344	15.803.401
<b>Тиімді салық мөлшерлемесі</b>	<b>26%</b>	<b>21%</b>

Заңнамамен белгіленген табыс салығының мөлшерлемесі	20%	20%
---	-----	-----

<b>Келесінің нәтижесінде арттыру/(азайту)</b>		
Үстеме табысқа салынатын салық	4%	1%
Алдыңғы жылдар үшін корпоративтік табыс салығы	1%	0%
Өтеуге ҚҚС құнсыздануы	(1)%	(2)%
<b>Шегеруге жатпайтын шығындар</b>	<b>2%</b>	<b>2%</b>
Тиімді салық мөлшерлемесі	26%	21%

КТС және УТС жататын кейінге қалдырылған салық бойынша активтердегі өзгерістер келесі түрде келтірілген:

	Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	Резервтер	Салықтар	Басқасы	Жиыны
2015 жылғы 31 желтоқсанда	526.670	5.195.460	1.220.686	1.700.815	8.643.631
Пайда және шығын құрамында танылған	(1.253.731)	(212.477)	547.911	(849.718)	(1.768.015)
2016 жылғы 31 желтоқсанда	(727.061)	4.982.983	1.768.597	851.097	6.875.616
Пайда және шығын құрамында танылған	(1.440.642)	1.904.444	2.267.774	808.712	3.540.288
<b>2017 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>(2.167.703)</b>	<b>6.887.427</b>	<b>4.036.371</b>	<b>1.659.809</b>	<b>10.415.904</b>



## 15. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН КЕЛІСІМДЕР

«Жалпы бақылаудағы ұйымдар» санаты Бас компанияның және «ҚМГ» ҰК» бақылаушы ұйымдардан тұрады. «Басқа байланысты тараптар» санаты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақыланатын ұйымдардан тұрады. Байланысқан тараптармен 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айдағы сатылымдар және сатып алынған заттар және 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда байланысқан тараптармен жасалған келісімдер бойынша сальдо келесі түрде көрсетілген:

	2017 жыл	2016 жыл
<b>Тауарлар мен қызметтерді сату</b>		
Жалпы бақылаудағы ұйымдар	294.852.127	237.825.274
Бас Компания	18.184.466	15.199.292
Сатылған мұнай сапасының банкі бойынша шығындары (Бас компания)	(5.475.637)	(7.221.025)
Өзге байланысқан тараптар	13.163	–
<b>Тауарлар мен қызметтерді сатып алу</b>		
Жалпы бақылаудағы ұйымдар	19.161.798	17.124.677
Бас Компания	16.323.595	18.980.008
Өзге байланысқан тараптар	1.174.485	509.599
<b>Сауда және өзге дебиторлық берешек</b>		
Жалпы бақылаудағы ұйымдар	34.670.288	34.888.800
Бас Компания	4.495.609	249.592
Өзге байланысқан тараптар	8.096	13.152
<b>Сауда кредиторлық берешек</b>		
Жалпы бақылаудағы ұйымдар	2.911.805	1.958.996
Бас Компания	2.053.981	3.197.013
Өзге байланысқан тараптар	245.728	41.593

### Сатылымдар және дебиторлық берешек

Байланысқан тараптарға сатылымдар негізінен «ҚМГ» ҰК» тобының кәсіпорындарына негізінен шикі мұнайды экспорттық және ішкі сатылымдар болып табылады. Байланысқан тараптарға экспорттық сату 2017 жылғы 2.318.046 тонна шикі мұнайды құрады (2016: 2.085.264 тонна). Фрахт, трейдер айырмасы және сапа айырмасына үстемелер құнына түзетілген Platt's сілтеме жасаумен анықталған шикі мұнайды сату бағалары. Осындай экспортқа сату бойынша бір тоннаның орташа бағасы шамамен 2017 жылы 127.095 теңгені құрады (2016: 108.858 теңге).

Сонымен қатар Компания шикі мұнайды ішкі нарыққа «МГ ҰК», «ҚМГ БӨ» АҚ еншілес кәсіпорны арқылы ҚМГ ҰК ақырғы бақылаушы акционері болып табылатын Қазақстан Үкіметінің қаулысына сәйкес жеткізеді. Осындай ішкі нарыққа жеткізілімдер 2017 жылғы өндірілген шикі мұнайдан 479.064 тоннаны құрады (2016: 726.202 тонна). Ішкі нарықта сату бағалары «ҚМГ БӨ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген келісіммен (18-ескертпе) анықталады. 2017 жылы Компания «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ шарты бойынша ішкі нарыққа мұнай жеткізбеді (2016: ішкі нарыққа жеткізілімді Компания орташа есеппен 30.693 теңге алатын) және «ҚМГ БӨ» АҚ шарты бойынша Компания орташа есеппен 37.972 теңге алатын (2016: ішкі нарыққа жеткізілімді Компания орташа есеппен бір тонна үшін 31.895 теңге алатын).

### Сатып алу және кредиторлық берешек

Шикі мұнайды сату үшін агенттік сыйақы 214.419 мың теңгені құрады (2016: 231.606 мың теңге). Каспий Құбыр өткізгіш Консорциуммен ұсынылған тасымалдау бойынша қызметтер Бас Компанияға 9.758.677 мың теңге мөлшерінде өтелді (2016: 11.162.524 мың теңге).

## 16. МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Компания қарыздар, сауда және өзге кредиторлық берешек сияқты түрлі қаржылық міндеттемелерге ие. Компания дебиторлық берешек, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер және ақшалай қаражат және оның баламалары сияқты түрлі қаржылық активтерге ие.

### Валюталық тәуекел

Компанияның шетелдік валютаның айырбастау бағамының өзгеріс тәуекеліне ұшырағыштығы ең алдымен Компанияның барлық шығындар теңгемен деноминацияланғанда, АҚШ долларында деноминацияланған сатылымның негізгі бөлігі ретінде операциялық қызметке, сонымен қатар шетелдік валютада деноминацияланған инвестицияларға жатады.

Төмендегі кестеде Компанияның салық салуға дейінгі пайдасының сезімталдығы (ақшалай активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы өзгерістер салдарынан) ықтималдығы барлық өзге параметрлердің өзгеріссіздік шартымен негізді болжауға болатын АҚШ долларының айырбастау бағамындағы жеткілікті мүмкін өзгерістерге (монетарлық активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы өзгерістер салдарынан) талдап көрсетілген.

	Теңгенің АҚШ долларына бағамының артуы/азайуы	Салық салуға дейінгі пайдаға әсері
<b>2017 жыл</b>		
АҚШ доллары	+10,00 %	16.599.170
АҚШ доллары	-10,00 %	(16.599.170)
<b>2016 жыл</b>		
АҚШ доллары	+13,00 %	22.653.227
АҚШ доллары	-13,00 %	(22.653.227)

### Кредиттік тәуекел

Компания оның дебиторлық берешегіне байланысты кредиттік тәуекелге ұшыраған. Сатылымдардың басым бөлігін Компания Бас Компанияның үлестес кәсіпорнына жасайды, және Компания оған қатысты дебиторлық берешек бойынша маңызды тәуекел шоғырланымына ие (6, 15 ескертпе). Дебиторлық берешектің қосымша шағын үлесі біртектес топтарға бөлінген және жиынтық түрінде құнсыздану құралы ретінде тұрақты бағаланып отырады, соның нәтижесінде Компанияның үмітсіз берешегі бойынша тәуекелі мардымсыз болып қалады.

Компания сол сияқты өзінің инвестициялық қызметін орындау нәтижесінде кредиттік тәуекелге ұшырағыш. Компания, негізінен, салымдарды қазақстандық банктерде орналастырады. Қаржылық мекемелердегі шоттарда жатқан қалдықтарға байланысты кредиттік тәуекел Компанияның қазынашылық департаментімен Бас компанияның ақшалай қаражатын басқару саясатына сәйкес бақыланады. Компанияның қаржылық мекемелердегі дефолттан туындайтын кредиттік тәуекелге максималды сезімталдық мөлшері осы қаржылық активтердің баланстық құнына тең.

## 16. МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

### Кредиттік тәуекел (ЖАЛҒАСЫ)

Келесі кестеде, басқа көрсетілмесе, Standard and Poor's» кредиттік рейтинг белгілері қолданылатын есептік күндегі банктердегі қаржылық активтер сальдосы көрсетілген.

Рейтинг <sup>1</sup>					
Банктер	Кен орны	31 желтоқсан 2017 жылғы	31 желтоқсан 2016 жылғы	2017 жыл	2016 жыл
«Халық банкі» АҚ	Қазақстан	BB (негативті)	BB (негативті)	103.369.357	94.718.804
«Qazkom» АҚ	Қазақстан	B+ (позитивті)	B- (негативті)	33.503.349	45.690.772
«АТФ Банк» (Fitch) АҚ	Қазақстан	B (негативті)	B (негативті)	369.616	353.655
«Банк РБК» АҚ	Қазақстан	қолданылмайды	B- (позитивті)	–	1.869.123
«Астана Финанс» АҚ	Қазақстан	қолданылмайды	рейтингсіз	–	106.601
				137.242.322	142.738.955

### Тарату тәуекелі

Компания ағымдағы таратушылық құралын қолдана отырып таратушылық тәуекелін бақылайды. Осы құралдың көмегімен қаржылық инвестициялармен және қаржылық активтермен байланысты төлемдердің мерзімдері, сонымен қатар болжамды операциялық қызметтен түскен ақша ағыны талданады (мысалы, дебиторлық берешек, басқа қаржылық активтер).

Компанияның мақсатына жергілікті банктерде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді салымдарды қолдану арқылы қаржыландыру үздіксіздігі мен икемділігі арасындағы балансты қолдау болып табылады.

Келесі кестеде Компанияның 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдер негізінде қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша ақпарат ұсынылған:

2017 жылғы 31 желтоқсанда	талап ет- кенге дейін	3 айдан кем	3–12 ай	1 жыл – 5 жыл	5 жылдан артық	Жиыны
Тарихи міндеттемелер	–	638.576	1.915.728	1.809.939	1.008.339	5.372.582
Сауда және өзге кредиторлық берешек	22.816.671	–	–	–	–	22.816.671
	22.816.671	638.576	1.915.728	1.809.939	1.008.339	28.189.253
2016 жылғы 31 желтоқсанда	талап еткенге дейін	3 айдан кем	3–12 ай	1 жыл – 5 жыл	5 жылдан артық	Жиыны
Тарихи міндеттемелер	–	659.243	1.769.574	4.174.600	1.162.940	7.766.357
Сауда және өзге кредиторлық берешек	21.004.125	–	–	–	–	21.004.125
	21.004.125	659.243	1.769.574	4.174.600	1.162.940	28.770.482

<sup>1</sup> Дереккөз: банктердің және рейтингтік агенттіктердің сәйкес жылдағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ресми сайттары.

## Шикізат тауарларына бағалардың өзгеру тәуекелі

Компания халықаралық нарықта АҚШ долларымен түзетілетін шикі мұнай бағасындағы өзгерістер тәуекеліне ұшырағыш. Компания келешекте шикі мұнайға бағалардың түрлі деңгейлеріне қатысты сезімталдықты талдаумен қоса жыл сайынғы бюджеттер мен мерзімдік болжамдарды дайындайды.

## Капиталды басқару

Компания Бас Компанияның капиталды басқару мақсаттарын, саясатын және процедураларын орындайды. Капиталды сақтау және құрылымын өзгерту мақсатында Компания дивидендтер төлемдерінің мөлшерін реттей алады, акционерлерге капиталды қайтара алады, жаңа акциялар шығара алады немесе Бас компаниядан қаржыландыру ала алады.

## 17. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

Қысқа мерзімді сауда дебиторлық берешек, сауда кредиторлық берешек, тарихи міндеттемелер сияқты қаржылық құралдардың әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең.

## 18. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Саяси және экономикалық жағдайлар

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономика талаптарына сәйкес келетін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасып жатыр. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сонымен қатар үкіметтің экономика, қаржылық және ақшалай-кредиттік саясат саласындағы қабылданатын шаралардың тиімділігіне байланысты.

### Ішкі нарыққа жеткізу бойынша міндеттемелер

Қазақстандық үкімет мұнай өндіретін компанияларды өндірілген шикі мұнайдың бір бөлігін жергілікті энергетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ішкі нарыққа жеткізуді міндеттейді. Шикі мұнайдың осы жеткізілімдері бойынша баға 2016 жылғы 1 сәуірге дейін Бас компаниямен келісілгендіктен, ол дүниежүзілік бағалардан әлдеқайда төмен болуы мүмкін. Үкімет Компаниямен осы кезде жеткізілетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуді міндеттесе, онда осындай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдер алдында артықшылыққа ие болады, және экспортқа шикі мұнайды сатудан түскен табыстан әлдеқайда төмен табысты өндіреді, бұл өз кезегінде Компанияның қызметіне, келешегіне, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне маңызды және кері әсерін тигізуі мүмкін.

2016 жылғы 1 сәуірден бастап Компания ҚМГ ӨМ шикі мұнайды сатуды тоқтатты және Бас компанияға сата бастады.

### Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы және нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге тап болады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарын арасындағы пікірлерде өзгешілік жағдайлары жиі кездеседі. Қазақстандық салық заңнамасының анықталған және расталған бұзушылықтар үшін қолданыстағы айыппұлдар және өсім ақылар режимі қатаңдықпен ерекшеленеді. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән тұрлаусыздыққа орай салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімақылардың әлеуетті сомасы, егер ондайлар бар болса осы уақытқа дейін және 2017 жылғы 31 желтоқсанда есептелген шығындарға жататын сомадан асуы мүмкін.

Компанияның басшылығы оның салық заңнамасының талдауы орынды болып табылады және Компания салық ұстанымына қатысты рұқсат етілген негіздерге ие деп санайды.



## 18. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Өтелетін ҚҚС

2017 жылғы мамырда Компаниямен 2012 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі мерзімде, 4.032.944 мың теңге мөлшеріндегі соманы өтеуге ҚҚС өтеу құқығын растаған салық тексерістерінің актілері алынды.

2017 жылғы қарашада Компаниямен 2016 жыл үшін, 4.228.241 мың теңге мөлшеріндегі соманы өтеуге ҚҚС өтеу құқығын растаған салық тексерістерінің актілері алынды.

Осы Қаржылық есептілікте Компания ҚҚС бойынша бұрын есептелген қордың 3.730.616 мың теңгеге түзетпе жасады және 1.211.821 мың теңге мөлшерінде қосымша резерв есептеді. ҚҚС бойынша резервтің қалдығы 2017 жылғы 31 желтоқсанда 5.038.963 мың теңгені құрады.

### Экологиялық міндеттемелер

Қоршаған ортаны қорғау бойынша Қазақстандағы заңнама даму үстінде және үнемі өзгерістерге тап болып отырады. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылық үшін айыппұлдары маңызды болуы мүмкін. 10-ескертпеде ашылған сомалардан басқа басшылық Компанияның қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне және ақшалай қаражаттың қозғалысына айтарлықтай және негативті әсер етуі мүмкін ықтималды экологиялық міндеттемелер жоқ деп есептейді.

### Мұнай кен орындарына берілетін лицензиялар

Компания мемлекеттік органдар тарапынан лицензиялар мен жер қойнауын пайдалануға жасалған № келісімшарттарды орындауға қатысты мерзімдік тексерістер нысаны болып табылады. Басшылық осындай тексерістер барысында анықталған мәселелерді шешу үшін қажетті түзету шараларын келісу бойынша мемлекеттік органдармен бірге жұмыс істейді. Лицензияда аталған ережелерді орындамау айыппұлға, өсімақыға, шектеуге, лицензияны тоқтатуға немесе шақыртуға апаруы мүмкін.

Компания басшылығы № келісімшарттар немесе лицензиялар ережелерін сақтамауға қатысты кез келген мәселелер келіссөздер арқылы немесе түзету шаралары арқылы шешіледі және Компанияның қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне және ақшалай қаражаттың қозғалысына айтарлықтай әсер етпейді деп есептейді.

Компанияның Атырау облыстық әкімшілікке тиесілі мұнай және газ кен орындары жерде орналасқан. Лицензиялар Қазақстан Республикасының Мұнай және Газ министрлігімен берілген, және Компания пайдалы қазбалары өндіруге салынатын салықты және осы кен орындарындағы мұнай және газды барлау және өндірісті орындау үшін үстеме табысқа салынатын салық төлейді.

Компанияның негізгі лицензиялары және олардың әрекет ету мерзімдерінің тоқтау күндері төмендегі кестеде келтірілген:

Кен орны	Келісімшарт	Әрекет ету мерзімінің аяқталуы
Кенбай	№ 37	2041
Оңтүстік Шығыс Новобогатинск	№ 61	2048
23 кен орны	№ 211	2037
15 кен орны	№ 413	2043
Тайсойған	№ 327	2034
Батыс Новобогатинск	№ 992	2027
Лиман	№ 406	2025
Қаратон-Сарықамыс	№ 3577	2023

## Мұнай кен орындарына берілген лицензиялар бойынша шарттық міндеттемелер

Жыл	Капиталдық шығындар	Операциялық шығындар
2018	36.658.000	2.993.607
2019	489.490	2.386.133
2020	65.449	2.388.353
2021–2048	–	2.344.661
	<b>37.219.938</b>	<b>10.112.754</b>

## Байланыс деректері

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 060002, Атырау қ., Уәлиханов к-сі, 1.

### Корпоративтік хатшы

Тел.: +7 (7122) 993 240

### Унаев Дастан

E-mail: D.Unaev@emg.kmgep.kz

### Қоғаммен байланыс қызметі

Тел.: +7 (7122) 99-34-77, 99-34-21, 35-50-56, 99-32-09

E-mail: L.Suleimenova@emg.kmgep.kz.

### Құжаттамамен қамтамасыз ету тобы

Тел.: +7 (7122) 99-31-35, 99-32-93

Факс: +7 (7122) 35-41-27

E-mail: info@emg.kmgep.kz.

### Сатып алулар және жергілікті құрам департаменті

Тел: +7 (7122) 99-34-42

### Материалдық-техникалық жабдықтау департаменті

Тел.: +7 (7122) 76-47-78

### Әлеуметтік саясат департаменті

Тел.: +7 (7122) 35-49-04





